

Редакция жетістігі: 12 жылдық тарих, 100 мыңнан аса публикация

# ТАҒЫЛЫМ

2011 жылдың наурызынан бастап шығады

IV бөлім

№05 (112)

Мамыр  
2023 жыл



*«Educational Sciences Index» Қазақстан педагогтарының ғылыми-әдістемелік мақалаларының базасында индекстеу жүргізіліп, «Edunews.kz» ақпараттық агенттігі арқылы республиканың педагог қауымына таратылады*



Басылым Қазақстан Республикасы  
Байланыс және ақпарат министрлігінде есепке  
қойылып, 2011 жылдың 26 қаңтарында №11349-ж  
тіркеу куәлігі берілген



## МАЗМҰНЫ

<b>Наменова Минара Серикгалиевна,.....</b>	<b>3</b>
<i>Табысты басқару – жетістікке.....</i>	<i>3</i>
<b>Исабекова Алмагуль Шайкуловна,.....</b>	<b>4</b>
<i>Биология сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.....</i>	<i>4</i>
<b>Калиева Кулаш Избергеновна,.....</b>	<b>7</b>
<i>Азулы заманды ақылмен басқарған басшы.....</i>	<i>7</i>
<b>Ермаханова Жанат Токмырзақызы,.....</b>	<b>8</b>
<i>Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктері.....</i>	<i>8</i>
<b>Мейірманова Аида Мейірманқызы,.....</b>	<b>10</b>
<i>Математика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары.....</i>	<i>10</i>
<b>Кенжебаева Земфира Жандаулетовна,.....</b>	<b>12</b>
<i>Ақпараттық технологияның информатика сабағында оқушылардың өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға тигізетін әсері.....</i>	<i>12</i>
<b>Елдесова Дамегуль Оразгалиевна,.....</b>	<b>14</b>
<i>Жеке тұлғаны қалыптастырудағы ағылшын тілін үйретудің және сабақтағы интерактивтік тәсілді қолданудың ерекшеліктері.....</i>	<i>14</i>
<b>Жумагалиева Шолпан Искандеровна,.....</b>	<b>16</b>
<i>Көркем еңбек пәні бойынша инновациялық технологияларды тиімді қолдану.....</i>	<i>16</i>
<b>Омарпатшаева Айгүл Жаңабергенқызы,.....</b>	<b>17</b>
<i>Дүниетану пәнін оқытудағы белсенді әдіс - тәсілдер.....</i>	<i>17</i>
<b>Оспанова Алмагуль Сериковна,.....</b>	<b>20</b>
<i>Бастауыш сыныбындағы жаңа талаптар.....</i>	<i>20</i>
<b>Шамуратова Бибигул Ивановна,.....</b>	<b>22</b>
<i>Жаңартылған білім беру бағдарламасы-бастауыш сыныптарда.....</i>	<i>22</i>
<b>Жайманова Гүлмира Төлепбергенқызы,.....</b>	<b>23</b>
<i>Мен – бастауыш сынып мұғалімімін.....</i>	<i>23</i>
<b>Исмагулова Айнура Бакитжановна,.....</b>	<b>24</b>
<i>Бастауыш сыныпта математика пәнін қиықтықтан оқытуда акт-ны пайдалану.....</i>	<i>24</i>
<b>Жанисов Арман Бисенбиевич,.....</b>	<b>26</b>
<i>Дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық шеберлігі.....</i>	<i>26</i>
<b>Мұхамеди Құндызай Аманжолқызы,.....</b>	<b>27</b>
<i>Бастауыш сыныпта ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану.....</i>	<i>27</i>
<b>Қоқымбаева Салтанат Дәуренбекқызы,.....</b>	<b>30</b>
<i>Мектепалды даярлықтың баланы мектепке дайындауда маңызы зор.....</i>	<i>30</i>
<b>Тұяқова Әлия Шынтасқызы,.....</b>	<b>31</b>
<i>Білім берудегі робототехника.....</i>	<i>31</i>
<b>Абубакирова Узилдик Жолановна,.....</b>	<b>33</b>
<i>Музыка сабағында сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың тиімділігі.....</i>	<i>33</i>
<b>Кадирова Тарбия Назаргалиевна,.....</b>	<b>34</b>
<i>Бабалардан қалған сара жол.....</i>	<i>34</i>
<b>Кемалова Орнай Глеуқызы,.....</b>	<b>40</b>
<i>Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда отбасы мен мектептің бірлігі.....</i>	<i>40</i>
<b>Турумова Айсауле Нуруллаевна,.....</b>	<b>42</b>
<i>Ел мен елді теңестіретін - білім.....</i>	<i>42</i>
<b>Суханова Анара Өтетілеуқызы,.....</b>	<b>44</b>
<i>География сабақтарында жаңа технологияларды тиімді пайдалану.....</i>	<i>44</i>



**НАМЕНОВА МИНАРА СЕРИКГАЛИЕВНА,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Мектеп директоры, музыка пәнінің мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## ТАБЫСТЫ БАСҚАРУ – ЖЕТІСТІККЕ

*«Мұғалімі қандай болса –  
мектебі де сондай болмақ»  
А. Байтұрсынов*

Жаһандану заманында өз тілін, салт-дәстүрін жоғалтып алмай, жаңа ғасыр бәсекесіне түсе алатын, «өзгермелі өмірге икемді» бала оқытып, тәрбиелеу жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі идеясы. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», -деген екен. Мемлекет болашағының кепілі – жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Әр бала – жеке тұлға. Біріне-бірі ұқсамайды, жаңалықты асыға күтетін талант иесі. Сол талантты бала жүрегіндегі ізгілік пен шынайылық, білімділік пен дарындылық мектеп қабырғасынан танылады.

Басқару ісі ерекше еңбекті қажет етеді. Қызметтестеріңмен тығыз қатынаста болу, олардың күшті немесе әлсіз жақтарын білу, болып жатқан жағдайды түсіну қатаң басқару стилінен арылтады. Байсалдылық пен өзіңе деген сенімділік басшыны тартымды етеді. Айналасындағы адамдардың қалыпты еңбек етуіне жағдай жасайды. Қандай жағдай болмасын, істің жалғыз дұрыс шешімін табуға жұмсаған еңбегіңді ешкім білмегені абзал. Себебі, мәселені шешу барысында өз ой-өрісінді дамытасың, шыдамдылыққа үйренесің. Мектептегі өзгерістерді басқарып, жетекшілік ету үшін мектеп директорына негізі үш талап қойыла-ды. Алғашқысы өз ұжымында ортақ ұстаным мен құндылықтарды қалыптастыру, келесісі мектеп көш-басшылығы мен оны басқару туралы мықты білім мен түсінік қалыптастыру және тиісті жеке қасиеттердің, әлеуметтік дағдылардың болуы мен адамдармен қарым-қатынас жасау өнерін игеру.

Қазақтың талантты ақыны Мағжан Жұмабаев «Адам жаңашыл: жаңа үстіне жаңа тілейді, жаңадан жаңаға құмар келеді. Адам әсемшіл: әсемнен әсем, сұлудан сұлу таңдайды», дейді. Бұл құнды ой арқылы

жаһандану заманында адамзат ескі сұрлеумен жүре бермей ілгерілеуге, өзгеруге ұмтылуы қажеттігін айтқан. Мектепте оқушылардың сыни тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруда, олардың әрқайсысының ерекшелігін ескере және ынтымақтастық ортада білім алуын қамтамасыз ете отырып, озық елдердің қатарына енуіміз керек. Яғни жаңартылған білім беру жағдайында заманауи мектеп басшысы жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін ынтымақтастық ортада бірлескен жұмыс істейтін табысты көшбасшы болуы керек.

Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – басшы. Басшы басқару үдерістерінің табиғатын түсінуі, басқару тиімділігін арттыру тәсілдерін, персоналдарды басқаруға қажетті ақпараттық технологиялар мен құралдарды білуі тиіс, ол үшін басшы еңбек ұжымының қызмет етуінің, әртүрлі жағдайлар мен ортада басқарушылық шешімдерді қабылдаудың, адамдармен жұмыс істеудің психологиялық ерекшеліктерін ескеруі қажет. Демек, басшылардың психологиялық басқарушылық мәдениетін қалыптастыру мен дамытуға, қызметкер тұлғасының ерекшеліктері, тұлғааралық қарым қатынастар мен еңбек ұжымының қызмет ету заңдылықтарын теоретикалық түсіну мен басқаруда қолдануға қажетті негіздерді құруға бағытталған ғылым мен іс-тәжірибе ретінде басқару психологиясы көмек көрсете алады.

Білім беретін мекеменің заманауи басшысы – ерекше шешім таба алатын, ақылымен, мәдениеттілігімен, кәсіби біліктілігімен, тіпті келбетімен де өзіне тартатын тұлға. Ол халықтың мұқтажын өзінікіндей көреді, адамға қолдау көрсетіп, керек жерде ескертіп, қатаң сұрау сала алады, сонымен қатар мақтау, мадақтау лайық жерде одан да қалыспайды. Заманауи басшы – бұл, ең алдымен,

басқару психологиясын меңгерген өз ісінің маманы. Әрбір ұжымда даулы жағдайлар тууы мүмкін. Мұндай кезде жетекші ата-анаға да, тәлімгерлерге де тиімді, қызықты әрі бірегей шешім табуы тиіс. Мектеп өмірінің жартысына, сүйікті үйіңе айналады, жұмыс уақыты мөлшермен реттелмейді. Ал басшының ең басты жетістігі деп педагогикалық ұжымның жоғарғы кәсіби біліктілігін атауға болады.

Табысты басшы – өз әріптестерін жетістіктерге, инновацияларға жетелейтін, балалардың дүниетанымын арттыратын, ата-аналарды ортақ шығармашылыққа шақыратын адам. «Табиғат ана әр адамға әуестігіне қарап қабілет береді. Әуестігі болмаса, күші де болмайды. Өз мүмкіншіліктеріңді көру үшін көрегендік қажет». Оған қосарым – көрегендік басқалардың да мүмкіншілігін бағалауға, олармен ортақ жетістіктерге жетуге септігін тигізеді. Менің ойымша, білім беру мекемесінің басшысы қазіргі өмірдің қойған талаптарын ескере отырып, өзіндік педагог моделін құруы тиіс. Сондағы алдыңғы шарттардың бірі болып педагогика мәселелері шығады.

Сондай-ақ шығыстың бір ғұламасы: “Ғалым болу оңай, адам болу қиын”, – деген екен. Өсіп келе жатқан ұрпақ – адамзаттың болашағы, жалғасы. Сондықтан өскелең ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды сіңірген адам болып тәрбиеленуі, мектеп басшысының табысты болуының қайнар көзі. «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» дейді дана халқымыз. Жаңартылған білім беру жағдайында табысты басшысы жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін ынтымақтастық ортада бірлескен жұмыс

істейтін табысты көшбасшы болуы керек. **Инновациялық басқарудың нәтижесінде ғана біз болашақтың тізгінін ұстайтын функционалдық сауатты жиырма бірінші ғасырдың жаңа буын өкілін тәрбиелей аламыз.**

Табысты көшбасшы алдына мақсат қоя білу керек. Ол болған жағдайды тек ақылға сүйеніп емес, ішкі түйсігімен сезінуі керек. Ішкі түйсігі басшыны алдамайды, себебі ол жылдар бойғы тәжірибесінен жинақталады. Дегенмен, ішкі түйсігінен басқа, басшы мектептің қалыпты жұмыс істеуі үшін, көбіне қаржы мен шаруашылық қызметке көңіл аударуы тиіс. Бұл да — басшы қызметінің маңызды құрамдас бөлігі. Биік көрсеткіштерге жету үшін, басшының оқушыларға, қызметкерлерге қолайлы тұрмыстық жағдай жасауы қажет. Мектеп ұжымын басқару деген – бұл қырлары көп, қиын, сонымен қатар қызықты әрі шығармашылыққа толы жол.

«Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» тақырыбындағы бағдарламалық мақаласында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: “XXI – ғасыр білімен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіпті игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелестік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғарғы еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс”, – деп атап көрсеткендей білім беру мекемесінің басшысы табысты болып, тиімді басқару үшін үздіксіз ізденіп, бәсекеге қабілетті болуға міндетті.



**ИСАБЕКОВА АЛМАГУЛЬ ШАЙКУЛОВНА,**

«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, Биология пәні мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## **БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ**

Келешек елдің тұтқасын ұстайтын бүгінгі жас ұрпаққа білім мен тәлім-тәрбие беру ұстаз алдындағы ең ауыр міндеттің бірі. Бүгінгі жаңа ғасырдың жаңашыл шәкірттерін тәрбиелеуде, мұғалім үздіксіз ізденіп, кез-келген тосын сұраққа жауап бере алатын, кез-келген жағдаяттан шыға алатын, білімді болу қажет. «Мұғалім

өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді, еңбектенуді тоқтатса оның мұғалімділігі де жойылады» деген қағидасын ұлы педагог К. Д. Ушинский айтқан болатын. Мұғалімнің негізгі мақсаты- сабақ барысында оқушыларға терең теориялық және тәжірибелік білім беру.

**Функционалдық сауаттылығы дегеніміз** – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар: белсенділік; шығармашылық тұрғыда ойлау; шешім қабылдай алу; өз кәсібін дұрыс таңдай алу; өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылықты түсінудің басқа да жолдары бар: адамның жақсылық пен тілектестік рухында тәрбиеленуі үшін қарым-қатынас мәдениетін, жеке кәсіби дайындығын, кәсіби технологиялық дайындығын қамтамасыз етеді. Функционалдық сауаттылық – ұғымы мектептегі берілетін жалпы орта білімнің оқушылардың күнделікті өмірде және болашақтағы көп қырлы қызметінде кездесетін тұрмыстық, қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық т. б жағдаяттарды шешуде табысты қолдана алуын қамтамасыз ету ретінде түсіндіріледі. [3]

Жеке тұлғаның басты функционалдық сапасы белсенділік, шығармашылық пен ойлауға қабілеттілік және стандартты емес шешімдер қабылдай алуы, өзін-өзі дамытуға, өздігінен оқуға, өз білгенін іске асыру болып табылады.

Осы тұрғыда оқушылардың функционалдық сауаттылығы өмірден алатын білім, білік және дағдыларды адам жұмысының әртүрлі саласындағы алуан түрлі тапсырмаларды шешудің, еңбек өнімділігі мен әлеуметтік-экономикалық дамудың тұтас алғандағы әлеуметтік қатынастардың оқушының меңгеретін білім мазмұнымен байланысы арқылы қалыптасады.

Қазіргі уақытта, ақпараттық технология қарқынды дамып келеді, олар педагогикалық кеңістікте терең еніп, білім беруде кеңінен қолданылады. Видео сабақтар – қазіргі заманғы педагогикалық әдістердің заманауи түрі. Бұл әдістің оқушылардың да, ұстаздардың да білім алу жолында алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерінің арқасында мұғалімдер арасында онлайн-сабақ, бейне-конференция, жаңашыл сабақтар қолданысқа ие болып тұр. Бүгінде интернет желісіне қосылу үшін көп уақытымызды алмайтын жағдайға жеттік. Интернет желісіне жылдам қосылып, уақытын тиімді қолданып, белсенді жұмыс істеп жүрген заманауи мұғалімдеріміз бар екені белгілі. Қазіргі таңда оқушы тек білім тұтынушы емес, білімді өз бетімен оқып, меңгере алатындай жаңа инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдануы қажет.

Осы қажеттілікті толықтыру мақсатында «Төңкерілген сабақ» әдісін биология пәнінде қолдануға болады. Бұл білім алушының үйде мұғалімнің алдын-ала жасалған видеосы арқылы жаңа материалды өз бетімен оқып-үйреніп, қашықтан мұғалімнің көмегімен биология пәні бойынша зерттеу

жұмыстарын, тапсырмаларын ұйымдастыру процесін жасауға болады. Яғни, үйде – білу түсіну, қашықтан – білімді қолдану көрсету. Мұғалім бұл әдісінде балаларға теориялық материалдан тұратын бейне материалдарды жасайды және оларды электрондық пошта, әлеуметтік желілер, **Google Classrom** арқылы оқушыға жібереді. Көбінесе **Microsoft Power Piont** таныстырылымдарын қолданып сабақ жасаған қолайлы.

Оқушылардың үй тапсырмасы – бейнежазбаны көріп, жаңа материалмен таныс болу, ұғыну. Шәкірттер сабаққа келгенде, олар теориялық материалмен танысып, практикалық тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен шешуге дайын болады. «Төңкерілген сабақ» әдісін қолдану арқылы мұғалім оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландырумен қатар, әрқашан да оқып-білім алуға ұмтылуға бағыт-бағдар беріп отырады. «Төңкерілген сабақ» әдісі сабақты өткізудің және білім алушыларды қызықтырудың басқа жаңашыл қыры немесе бағыты екенін әдісті қолданғаннан кейін көрдім. Бір сарынды дәстүрлі сабақтарды өткізе бергеннен, арасында осындай видео үзінділерді қолдануды ұсынамын. Әрине, әрбір сабақ қызықты өту үшін шәкірттердің дамытатындай жоспарлар құруға тырысамыз. Видео сабақтардың оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратынына сауалнама арқылы көз жеткіздік.

Күрделі материал оқушыларға есте сақтауға қиындық туғызады. Осындай жағдайда мұғалімнің де, баланың да осы тақырыпқа қосымша уақыт бөлуіне тура келеді. Видео сабақтың білім алушыға тигізер көмегі – тақырыпты меңгере алмай қалғандығы жайлы мұғалімге айтып отырмай-ақ өз бетімен жұмыс істеп, өзіне ыңғайлы уақытта видео сабақты қосып көре алады. Ал, мұғалім – осы видео сабақты бір рет қана дайындап қойып, қайта-қайта түсіндіріп отыруға кететін уақытын үнемдейді. «Төңкерілген сабақ» әдісінің ерекшеліктері: қашықтан оқушыларға, өткен материалды ноутбук немесе ұялы телефон арқылы жетік меңгеруге септігін тигізеді; қабылдау қабілеті баяу оқушыларға осы бейнежазбаны бірнеше рет қарап, қайталап, өз білімін керекті деңгейге жеткізіп алуға көп әсерін тигізеді; қашықтан сабақ өту үрдісінде материалды толық түсінбей қалған жағдайда үйде, көлікте, жалпы интернет желісіне қосылу мүмкіндігі бар жердің барлығында өз қалауынша қосып көре алады. Сонымен қатар сабақта оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақты бекіту, қайталау кезінде **Kahoot, Quizizz** ойындарын ойнатып отырамын.

Қазіргі өзекті проблемаларды шешуде жалпы биология пәнінің алатын орны ерекше. Биология сабағында оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, алған білімдері маңызды практикалық мәселерді шешуге қажет екендігін түсіндіру қажет. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады. Сыни ойлауды дамытатын оқу шарттарын, яғни оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру, әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау, оқушылардың оқу үрдісіндегі белсенділіктерін оқушыларға еркін атмосферада жұмыс істейтіндіктеріне кепілдік беру, сыни ойлау

тәжірибесі үшін уақыт пен мүмкіндіктер қамтамасыз ету, кез-келген оқушының сыни шешімді қабылдай алатын қабілетіне сенімділік білдіру, сыни ойлауды бағалау, оқыту үрдісіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға мүмкіндік беру. Сыни тұрғыдан ойлауда ең басты - сұрақтың дұрыс қойылуы. Сыни ойлауда - оқушылар қай нәрсеге болса да терең оймен қарайды, салыстыра отырып талдау жасайды, өз көзқарасын білдіреді, өзіндік мәнін қалыптастырады, өз ойын тұжырымды жеткізе алады. Сын тұрғысынан ойлауды дамытуда сұрақтардың маңызы ерекше. Сыныпта қойылған әртүрлі сипаттағы сұрақтарға жан – жақты жауап беруге үйретіп қана қоймай, дағдыландырып, нақты ортаны жасау керек. Сабақ барысында функционалдық сауаттылықты сұрақтар қою арқылы пайдалануға болады.

8 сыныптағы «Сезім мүшелері және оның маңызы» тақырыбында мынадай сұрақтар қоюға болады.

1. Терезеге қарап, күннің жарқырап атқанын көрдім. Қандай ақпарат аласың?
2. Біз таудағы су ағынының дыбысын естідік. Біз қандай ақпарат алдық?
3. Ас үйде қайнап жатқан сүт тасып кетті, сен оны қалай байқадың?
4. Егер біз қолымызды отқа жақындатсақ, онда қандай ақпарат аламыз?
5. Мерекелік торт пісірілді. Оның дәмінің тәтті екендігін қалай байқайды?

Сыни сұрақтар:

Сіздің жай көзбен салыстырғанда денешынықтыру жаттығуларын жасау барысында әдеттегіден тыс жиі тыныс алуыңыздың себебі неде?

Қандай себептерге байланысты балалар мен егде адамдарға тұмауға қарсы егу жасауға кеңес береді. Себебін түсіндіріңіз.

Тест тапсырмаларын беру арқылы да оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға болады.

Мысалы:

Егер, адамдар немесе жануарлар бактериялар арқылы берілетін жұқпалы аурулармен ауырған болса, әдетте жазылғаннан кейін ауруды туғызатын бактериялар бұл аурудың ағзада жүруін болдырмайды.

Бұл құбылыстың себебі неде?

- А) Ағза ауруға себеп болатын барлық бактерияларды жояды.
- В) Ағза бактериялардың көбеюін болдырмайтын антидене өндіреді.
- С) Қанның қызыл түйіршіктері сол аурудың себебі болатын бактерияларды жояды.
- Д) Қанның қызыл түйіршіктері бактерияларды жойып, ағзадан шығарады.

«Қан және оның құрамы» тақырыбында менің денемдегі қанның мөлшері қанша? (биологиялық есеп) 47 кг салмақтағы адамның денесінде қанша литр қан бар? Қан адамның дене салмағының 7% -ын құрайтыны бізге белгілі. Жауабы: 47 кг салмақтағы адамның денесінде 3 литр, 29 мл қан бар?

Еркін жазу – оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын қағазға түсіруді талап ететін тәсіл. Бұл әдісті 6 сыныптағы «Мәдени және жабайы, біржылдық және

көп жылдық, дәрілік және әсемдік өсімдіктер» тақырыбындағы сыни сұрақтар беру арқылы қолдандым.

1. Мектеп ауласымен үлескесінде өсетін өсімдіктерді білесің бе?
2. Қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер? Олардың қайсысын қандай жағдайда қолданып көрдіңдер?
3. Өз ауламызда қандай арамшөптер көп кездеседі?

Оқушылар сан түрлі ойларын жеткізді. Итмұрын, алоэ, орамжапырақтың, қызылшаның, сәбіз, картоптың, т. б. басқа да мәдени өсімдіктердің адам денсаулығына пайдасы айтылып, талқыланды.

«Мұғалім және тілші» тақырыбында рольдік ойын арқылы осы конференцияға қатысып отырған ұстаздармен пікір алмасу.

Оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынадай тұжырымдарды ұсынуға болады:

1. Оқушылар алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйренеді.
2. Әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушы ақпараттық технологияларды қолданып, проблемалардың шешімін таба алады.
3. Оқушылар өзгермелі өмірге бейімделуін үйренеді.
4. Оқушылардың жеке бас қабілеттері дамиды.
5. Оқушылардың әлеуметтік – мәдени дағдылары дамиды.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Біздің еліміздің негізгі тірегі – зияткерлік ұлт мүмкіндігі. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық — әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі.

Функционалдық сауаттылықтың белсенді стратегиялар арқылы оқытудың тиімділігі:

Мұғалім үшін: Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.

Оқушы үшін: Өз білімін жете түсіну, өмірде қолдану, өз жұмысын бағалай білуі.

Ата-ана үшін: Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).
2. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. -Астана, 2010.
3. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.





**КАЛИЕВА КУЛАШ ИЗБЕРГЕНОВНА,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары  
Тарих пәні мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## АЗУЛЫ ЗАМАНДЫ АҚЫЛМЕН БАСҚАРҒАН БАСШЫ

*"Қонаев – ұлттың Ары мен Намысы!  
Қонаев – ұлттың рухы мен Иманы!  
Қонаев – қазақтың Қанағат мектебі,  
Адалдықтың өлшемі!"*  
*Темірше Сарыбайұлы, ақын*

Әр халықтың ұлттық мақтанышына айналған тұлғалары болады. Ал қазақ халқы үшін Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев сондай азамат еді. Қазақстанның қатерлі де, ауыр тарихында осынау едәуір бір ұзақтау дерлік мерзімді «Қонаев заманы» деуімізге әбден лайықты.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – барлық қайшылықтарымен, кемшілік және жетістіктерімен, өрлеуімен және тұйыққа тірелуімен елді басқара білген дарынды басшы.

Білімді басшы болған талантты тұлғаның ешқандай, ешкімнің жарылқауынсыз-ақ республиканың дүниежүзілік нарыққа белсене сауда жасап отырғаны, өзінің меншікті алтын және валюта қорын құрғаны Қазақстанда зор өнеркәсіп мүмкіндігінің жасалғандығының арқасы емес пе?

Өзіміздің ішкі қажеттілігімізді артығымен қамтамасыз етіп қоймай, жақын және алыс шетелдіктермен саудасаттық жасауға мүмкіндігіміздің барлығы да Қазақстанның экономикалық «берік» қамалы астығы емес пе?

Өзіміздің ғылымымыз бар, өз технологиямыз бар, ал бастысы – көзі ашық, білімді халқымыз бар. Республика халқының білім деңгейі – Азиядағы ең биік деңгейдің бірі. Ал болашақ үшін бұл өте маңызды жағдай.

Өткен уақыт қаншалықты күрделі де, қарама-қайшылықты болғанымен, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылымды, ұлттық мәдениетті дамыту ісінде Қазақстанның көп ұлтты халқының алдында сіңірген еңбегі талассыз.

«Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев шынайы интернационалист еді. Ол үшін халықтар достығын

нығайту, адамның рухани өмірі, республикада тұратын барлық ұлттардың мәдениеті мен дәстүрлерін сақтап, байыта түсу мәселелері бірінші кезектегі маңызды іс болатын. Қазақстанның Ресеймен, Орта Азияның туысқан мемлекеттерімен, басқа да Кеңес республикаларымен достық байланыстарын нығайту үшін көп жұмыстар жасаған тұлға»

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев тағылымы терең, ой-өрісі кең білімдар жан бола тұрғанымен қатар, халық дәстүрлерін жақсы білген ақылды басшы бола білді. Ол биік мәдениеттілігімен, ізеттілігімен, иманжүзділігімен ерекшеленді. Зейнеткерлік демалысқа шығып, мемлекеттік істен қол үзгенімен, ол шынайы кемеңгерлік танытып, өткен жүйенің кемшіліктерін көп ретте сезіне отырып, реформа бағытын, қоғамды демократияландыру қажеттігін қолдады. Өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті, оның мұраттарына адалдығын сақтай отырып, сонымен бірге атақұмарлықтан және қара бастың қамын күйттеуден аулақ болатын. Сол үшін міне, осы сөзім-ақ, бүгінгі күннің нағыз үлгі аларлық ақылды басшысының іргесін қалаған тұлға болып қалғандығының дәлелі.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бір қасиеті – бәрін білгісі келіп отыратыны және адамды өзіне тарта білетіндігі екен.

Оның алдында Қазақстанның ішкі: ұлтаралық, діни және басқа да тепе-теңдігін сақтау мәселесі тұрған емес. Ол өзінің бірінші мақсаты етіп, халқы үшін экономикалық мұра жасауды алға қойған еді, сол мақсатына жетті де. Бүгінде саяси және рухани қайраткерлер сол тұрақтылық пен тыныштықтың өркендеуге жол ашуы үшін әрекеттенуде.

Ақылды басшының тағы бір керемет бойдағы қасиеттерінің бірі – ол қол көтеру үшін отырар жанды қуыршаққа айналмады. Жеңіліске ұшыраған кездерінде – оны уақытша болар құбылыс деп санағандығында. Табысқа жеткенінде – даңдайсымаған. Ең бастысы – бәске Қазақстанның тағдыры түскен кезінде – ешбір бедел атаулының бет-жүзіне қарамай, ашық күреске шыққандығында. Бұл айтылған сөздеріме Асанбай Асқаров мырзаның сөздері дәлел бола түседі:

«Қонаев басшылығы туралы сөз қозғағанда, менің есіме қазақ халқының: мұхиттың қасында құдық қазуға болмайды»-дейтін мәтелі түседі. Қонаев біз үшін мұхит еді және солай болып қалады да. Табиғат – ана қазақ халқына ешуақытта ХХ ғасырдағыдай мырзалық жасап, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев сияқты таңғажайып адамды сыйлаған емес. Оның табиғаттың таңғажайып құбылыс екенін өз басым өмірімнің соңғы күніне дейін мойындаумен өтемін. Одан да гөрі басымырақ айтсам: егер жер бетінде бір қазақ қалатын болса, (құдай одан сақтасын да!) соның өзі Қонаевтың атын алғыспен еске алатын болады»

Осындай келелі кемелді сөздерден-ақ, азулы заманның ақылды басшысының бейнесі көз алдымызға келеді-ақ. Қазақ өнерін жоғары бағалаған Дінмұхамед Ахметұлы өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Өнер ордалары салынып, мәдениет үйлері өз қызметін бастады. Қазақ жерінің барлық аймақтарында дерлік білім және мәдени ошақтар ашылып, тұрғын үйлер тұрғызылып, әлеуметтік нысандар салынды.

Димаш Ахметұлы саяси басшы ғана емес, ұлтымыздың рухани тәлімгері болған данышпан басшы.

Уақыт әлі бәрін орын-орнына қойып, әр басшыға өзінің тарихи бағасын беретін заманға, міне, келіп жеттік. Бүгінгі бір сәттік саяси оқиғаларға кіріптар көрінетін біздің «болжаусыз» өткеніміз Димаш Қонаев атамыздың атына дақ түсіре алмас. Ол мемлекет қайраткері және қызметінің жемістері қазақ елінің келесі ұрпақтары үшін де игілікті болатыны анық.

Тәуелсіз елдің тарландарын мәңгілік ұмытпау және олардың басқан іздерін құрметтей отыра, өнеге ету – сіз бен біздің ұрпақ алдындағы басты парызымыз. Димаш атаның қалаған діндегі ешқашан сөнбеген, сөнбек емес. Жарқырап жанып, нұрын мәңгі шашпақ!



**ЕРМАХАНОВА ЖАНАТ ТОКМЫРЗАКЫЗЫ,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Бастауыш сынып мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазіргі ғалымдардың кіші мектеп жасы 6-7 ден 9-10 жасқа дейін анықталады. Бұл жаста баланың физикалық дамуы, әлем туралы идеялардың белгілі бір жиынтығы, сөйлеу мен ойлаудың даму деңгейі, әлемді әлеуметтік қабылдау жүйелі оқыту процесін бастауға итермелейді. Бұл жаста мектепке дейінгі жасқа қарағанда өмір салты мен стилі өзгереді: жаңа талаптар, оқушының жаңа әлеуметтік рөлі, іс – әрекетінің түбегейлі жаңа түрі – оқ әрекеті. Мектепте ол жаңа білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен бірге белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болады. Қарым – қатынас жүйесіндегі орнының қабылдауы өзгереді. [3] Баланың мүдделері, құндылықтары, бүкіл өмір салты мейлінше өзгеріс табады. Физиологиялық тұрғыдан алғанда, бұл өте қиын кезең – қарқынды

физикалық өсу бар, соның арқасында физикалық дамуда дисгармония бар (6-да – 7 жасында үлкен бұлшықеттердің жетілуі кішкентайлардың дамуынан озып кетеді, сондықтан балаларға үлкен дәлдікті қажет ететіндерге қарағанда салыстырмалы түрде күшті, сыпырылған қозғалыстарды орындау оңайырақ, сондықтан балалар кішкентай қимылдарды (жазуды) орындау кезінде тез шаршайды, бұл баланың жүйке-психикалық дамуынан озып кетеді, бұл жүйке жүйесінің уақытша әлсіреуіне алып келеді (қажу процестері тежеу процестерінен әлі де басым, бұл жас мектеп оқушыларының өзіне тән ерекшеліктерін анықтайды, бұл, қозғалыстарға қажеттіліктің жоғарылауы) .



Мектеп психологтарының тәжірибесінде 6-8 жастағы балалардың психикалық және интеллектуалдық дамуының келесі проблемалары жиі кездеседі: [2]

1. Сөйлеудің жеткіліксіз дамуы, оның ішінде сөйлеу жады;
2. Толық емес визуальді және кеңістіктік көріністер;
3. Қолдың ұсақ моторикасының дамуын кешіктіру;
4. Жеткіліксіз дамыған назар;
5. Озбырлық;
6. Оқу мотивациясын қалыптастырудың бұзылуы;
7. Эмоционалды және жеке даму мәселелері; (қорқыныш, агрессия) .
8. Мінез – құлық проблемалары (гиперактивті, демонстрациялық) ;
9. Шаршау;

Физикалық дамуы. Ең алдымен, ми мен жүйке жүйесінің қызметі жақсарады. Физиологтардың айтуынша, 7 жасқа қарай ми қыртысы едәуір жетілгендей. Дегенмен, осы жастағы балаларда психикалық белсенділіктің күрделі формаларын бағдарламалауға, реттеуге және бақылауға жауап беретін мидың ең маңызды бөлімдері әлі қалыптаспаған (мидың фронтальды бөлімдерінің дамуы тек 12 жасқа дейін) . Бұл жаста сүт тістерінің белсенді өзгеруі байқалады, жиырмаға жуық сүт тістері құлап кетеді. Аяқ-қолдарының, омыртқаның және жамбас сүйектерінің дамуы мен оссификациясы жоғары қарқындылық сатысында. Қолайсыз жағдайларда бұл процестер үлкен ауытқулармен жүруі мүмкін. Нейропсихикалық белсенділіктің қарқынды дамуы, кіші мектеп оқушыларының жоғары қозғалыстығы, олардың қозғалыстығы және сыртқы әсерлерге өткір реакциясы тез шаршаумен бірге жүреді, бұл олардың психикасына мұқият қарауды, бір қызмет түрінен екіншісіне шебер ауысуды қажет етеді. [1]

Зиянды әсерлер, атап айтқанда, физикалық жүктемелерге әсер етуі мүмкін (мысалы, ұзақ жазу, шаршататын физикалық жұмыс) . Сабақ кезінде үстелге дұрыс отырмау омыртқаның қисаюына, кеуде қуысының пайда болуына және т. б. кіші мектеп жасында әртүрлі балалардағы психофизиологиялық дамудың біркелкі еместігі байқалады. Ұлдар мен қыздардың даму қарқынындағы айырмашылықтар да сақталады: қыздар әлі де ұлдардан озып келеді. Осыған назар аударатын оқырып, кейбір ғалымдар іс жүзінде төменгі сыныптарда "әр түрлі жастағы балалар бірдей партада отырады: орташа алғанда, бір жарым жастағы қыздарға қарағанда жас ұлдар, бірақ бұл айырмашылық күнтізбелік жаста емес" деген қорытындыға келеді.

Танымдық дамуы. Жүйелі оқытуға көшу балалардың ақыл-ой қабілеттеріне жоғары талаптар қояды, олар жас мектеп оқушыларында әлі де тұрақсыз, шаршауға қарсы тұру төмен. Жас кезінде бұл параметрлер жоғарылағанмен, жалпы алғанда, бастауыш сынып оқушыларының өнімділігі мен жұмыс сапасы жоғары сынып оқушыларының тиісті көрсеткіштерінен шамамен жартысына төмен.

Бастауыш мектеп жасындағы жетекші оқу іс-әрекеті болып табылады. Ол осы жас кезеңіндегі балалар психикасының дамуындағы маңызды өзгерістерді анықтайды. Оқу іс-әрекеті аясында жас оқушылардың дамуындағы ең маңызды жетістіктерді сипаттайтын және келесі жас кезеңінде дамуды қамтамасыз ететін негіз болып табылатын психологиялық ісіктер пайда болады.

Кіші мектеп жасы-танымдық процестердің қарқынды дамуы мен сапалы өзгеру кезеңі: олар жанама сипатқа ие бола бастайды және саналы және ерікті болады. Бала біртіндеп өзінің психикалық процестерін игереді, қабылдауды, зейінді, есте сақтауды басқаруды үйренеді. Ол мектепке дейінгі жасқа тән ойлау ерекшеліктерін сақтайды. Бастауыш мектеп жасындағы басым функция ойлау болып табылады. Ойлау процестері қарқынды дамып, қайта құрылады. Ақыл-ойдың дамуы басқа психикалық функциялардың дамуына байланысты. Көрнекі бейнеден ауызша-логикалық ойлауға көшу аяқталады. Балада логикалық тұрғыдан дұрыс ойлау бар. Мектепте оқыту ауызша-логикалық ойлау басым дамуға ие болатындай етіп құрылады. Егер оқудың алғашқы екі жылында балалар көрнекі үлгілермен көп жұмыс жасаса, онда келесі сыныптарда мұндай сабақтың көлемі азаяды. Кейбір жас ерекшеліктері бастауыш сынып оқушыларының назарына тән. Ең бастысы-еріктілік назардың әлсіздігі. Бастауыш мектеп жасындағы басында зейінді ерікті реттеу, басқару мүмкіндіктері шектеулі. Барлық жаңа, күтпеген, жарқын, қызықты нәрсе оқушылардың ешқандай күш-жігерінсіз назарын өзіне аударады. [1]

Эмоционалды дамуы. Баланың эмоционалды жағдайына байланысты мінез-құлықтың тұрақсыздығы мұғаліммен қарым-қатынасты да, сабақтағы балалардың ұжымдық жұмысын да қиындатады. Осы жастағы балалардың эмоционалды өмірінде, ең алдымен, тәжірибенің маңызды жағы өзгереді. Егер мектеп жасына дейінгі бала ойнағанына, ойыншықтарымен бөліскеніне және т. б. бақытты болса, онда кіші оқушы негізінен оқытуға, мектепке, мұғалімге байланысты нәрсеге қызығушылық танытады. Ол мұғалімдер мен ата-аналардың оқудағы жетістіктері үшін мақтағанына қуанышты; егер мұғалім оқушының оқу жұмысынан мүмкіндігінше жиі ләззат алуына назар аударса, онда бұл оқушының оқуға деген оң көзқарасын нығайтады. Қуаныш сезімінен басқа, қорқыныш сезімі кіші оқушының жеке басының дамуында үлкен маңызға ие. Көбінесе балалар жазадан қорқады, өтірік айтады. Бұл қайталанған кезде қорқақтық пен алдау пайда болады. Жалпы, тәжірибесінен кейде өте күшті көрінеді. Бастауыш мектеп жасында моральдық мінез-құлықтың негізі қаланады, моральдық нормалар мен мінез-құлық ережелері игеріледі, адамның әлеуметтік бағыты қалыптаса бастайды. Табиғаты кейбір ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Біріншіден, олар импульсивті – олар дереу импульстардың, импульстардың әсерінен, ойланбастан және кездейсоқ себептермен барлық жағдайларды өлшемей бірден әрекет етеді. Мұның себебі-мінез-құлықты ерікті реттеудің жастық әлсіздігімен белсенді сыртқы разрядтың қажеттілігі.

Қарым – қатынас жасап дамуы. Әдетте, бастауыш сынып балаларының, әсіресе балабақшада тәрбиеленбегендердің қажеттіліктері бастапқыда жеке назарда болады. Мысалы, бірінші сынып оқушысы көршілеріне жиі шағымданады, олар оны тыңдауға немесе жазуға кедергі келтіреді, бұл оның оқытудағы жеке жетістіктері туралы алаңдаушылығын білдіреді. Бірінші сыныпта мұғалімдер арқылы сыныптастармен қарым-қатынас жасау (Мен және менің мұғалімім) . 3-4 сынып-балалар ұжымының қалыптасуы (біз және біздің мұғалім) .

Симпатия мен антипатия бар. Жеке қасиеттерге қойылатын талаптар бар.

Балалар ұжымы пайда болады. Сынып неғұрлым анықтамалық болса, соғұрлым бала құрдастарының оны қалай бағалайтынына байланысты болады. Үшінші немесе төртінші сыныпта ересек адамның мүдделерінен құрдастарының мүдделеріне сәйкес (құпиялар, қызметкерлер, шифрлар және т. б. ) күрт өзгеріс болады.

Бастауыш сынып оқушыларының өмірінде өте маңызды сәт болады - орта мектепке көшу. Бұл ауысу ең маңызды назар аударуға лайық. Бұл оның оқыту шарттарын түбегейлі өзгертуіне байланысты. Жаңа жағдайлар балалардың ойлау, қабылдау, есте сақтау

және зейінін дамытуға, олардың жеке дамуына, сондай-ақ оқушылардың білім алу деңгейіне, оқу іс-әрекеттеріне, озбырлықтың даму деңгейіне жоғары талаптар қояды.

Алайда, оқушылардың едәуір санының даму деңгейі қажетті шегіне әрең жетеді, ал мектеп оқушыларының едәуір үлкен тобында даму деңгейі орташа деңгейге өту үшін жеткіліксіз.

Бастауыш сынып мұғалімі мен ата-ананың міндеті - әр түрлі ойындар, тапсырмалар, жаттығуларды қолдана отырып, балалармен түзету жұмыстарының кешенін жүргізу арқылы бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін білу және ескеру. [4]

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Батуев, А. С. жоғары жүйке қызметі / А. С. Батуев – М. : Жоғары мектеп, 1991. - Б. 18.
2. Давыдов, В. В. бастауыш мектеп жасындағы психикалық даму. // Возрастная и педагогическая психология / Под ред. а. в. Петровского. – М. , 1979. - Б.28.
3. Т. Сабыров. Балаларға ақыл-ой тәрбиесін берудің кейбір мәселелері. — Алматы, 1977.
4. Ө. А. Уманов, В. А. Парфенов. Бала бақыты. — Алматы, 1979.



**МЕЙРМАНОВА АИДА МЕЙРМАНҚЫЗЫ,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
математика пәні мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Оқушыларға функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізгі болып табылады. Қазақстан білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптары мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім деңгейіне жеткізуге бетбұрыс жасауда. Бұл білім жүйесін жетілдіру және оны сапалы деңгейге көтеруді алға тартады.

Математикалық сауаттылық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің ғылыми бейнесін меңгерудегі басты құралы ретінде

екерекше көңіл бөлу қажет. Математикалық сауаттылық оқушылардың математикалық тексті оқуына, жазуына және қайта айтып беруіне, жазылғандар мен айтылғандарды түсіне білуіне ең минимальды талап ретінде қарау қажет.

Математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың ролін анықтау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу қабілеттіліктерін негізделген қабілет.

Математика пәні міндетті пәндердің бірі болғандықтан оқушылардың даярлығы, математикалық ұғымдарды қолдана білу деңгейлері стандарттан төмен болмауы тиіс. Бірақ оқушылардың қабілеттері мен математикалық білімдері, ол білімдерді қолдану деңгейлері әр түрлі болады. Осы орайда математикалық сауаттылық моделін қарастырған жөн. Математикалық сауаттылық моделі шынайы әлем проблемаларын математикалық әлеммен ұштастыруға, тәжірибедегі мәселелерді пайымдай отырып, оның математикалық моделін құруға алғы шарт болып табылады.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа тоқталайық:

а) Математика – ғылым болысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – куре тамыры ретінде қарастырылады.

б) Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шындай түседі.

с) «математикалық сауаттылық» ауызша жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгеру қабілетін шыңдайды.

д) Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.

е) Математика болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылықтың тағы бір ерекшелігі пәнаралық байланыста. Математика сабағының басқа пәндермен байланыс кезінде олардың математикалық сызбаларымен қосындыларын жинақтауда. Педагогика тарихында пәнаралық байланыс ертеден зерттеліп келе жатқан негізгі мәселелерінің бірі болып саналады. Педагогикалық ой-пікірдің дамуында және мектеп тәжірибесінде пәнаралық байланыс проблемасы көптеген прогресшіл педагогтарды толғандырған. Яғни пәндердің өзара байланысы туралы пікір он сегізінші ғасырда пайда болған.

Математика сабағында пәнаралық байланысты негізге ала отырып, сұрақ-жауап, баяндау, проблемалық ситуацияларды туғыза отырып оқушыларды алға қойған мәселені шешуге, шығармашылық жұмыстармен айналысуға, бірін-бірі бағалай алуға, өз ойларын нақты, толық жеткізе білуге көңіл бөлінеді. Осы аралықта 5 сыныпқа арналған «Логикалық математика», 9-11 сыныптарға арналған «Тендеулер мен теңсіздіктерді шешу» курстарның көмегі тиеді. Тәжірибеге сәйкес оқушылардың төмендегідей есептерді шығару барысында функционалдық сауаттылықтары дамып, ақпараттық мәдениеттілігі қалыптасады.

№ 1. Біздің ықшам ауданда 5 үй бар. Әрбір үйде 5 мысық бар. Әрбір мысық 5 тышқан аулайды. Тышқандарды ұстай алмаса, әрбір тышқан 4 уыс ұн

жейді. Егер әрбір уыс ұн 5 граммға жуық болса, мысықтар тышқанды ұстағанда неше кг ұн сақтап қалады? (3,125 кг)

№ 2. Егер 8 адам 8 сағатта бір жұмысты бітіретін болса, адамдардың біреуі осы жұмыстың жартысын неше сағатта бітіре алады? (332 сағ)

№ 3. Делдал 3000 теңгеге тауар сатып алып, 3500 теңгеге оны сатты. Келесі күні осы тауарын 4000 қайта сатып алып, екі күннен кейін 4500 теңгеге сатса, делдал осы саудада қанша пайда не шығын көрді? (1000 тг пайда)

№ 4. Ахметтің анасының 3 баласы бар. Егер олардың үлкенінің аты – Қыркүйек, ортаншысының аты – Қазан болса, кенжесінің аты кім болғаны? (Ахмет)

№ 5. Бір ауылда 80 үй бар. Осы ауылдағы 60 үйде ат, 50 үйде есек болса, ауылдағы ең аз қанша үйде ат та, есек те бар? (30)

№ 6. Бір қатарда Қанаттың артында 36 адам бар. Ал Аслан Қанаттан 23 адамнан кейін тұр. Асланның алдында 51 адам бар болса, онда қатарды неше адам болғаны? (65)

№ 7. Сапар: «осы жерде тұрған үшеуіміз және бәріміз өтірікшіміз» деді. Бірақ Русланға оның сөздері ұнамады: «сен ғана өтірікшісің» деді. Жанна ренжіп: «екеуің өтірікшісіңдер», осы үшеуің танитын бір адам «олардың барлығы сөйледі, олардың барлығы өтірікші немесе барлығы шындықты айтады. Бірақ кім өтірік айтады, кім шындықты айтады мен айта алмаймын». Осы жерде қанша өтірікші адам бар? (2)

Әр түрлі қызықты есептер адам ойының дамуына жетелейтіндігі сөзсіз. Оның ішінде салу есептерінің де маңызы зор [5]. Осының дәлелі ретінде төмендегідей бірнеше есептерді орындап, ойлау қабілеттерін тексеруге болады.

*1-тапсырма.* Сіз қайықпен саяхатқа аттандыңыз. Төменде көрсетілген тендеуді пайдалана отырып, тапсырманың текстің құрыңыз?  $+ \frac{12}{x+3} = 1$

Сонымен, қазіргі уақыт жаңа әдісті, шығармашылық ізденісті талап етеді. Мұғалімнің негізі міндеті – оқушыларға терең де, тиянақты білім беру.

Білім беру маңызы жанартылған сайын, әрбір пәнді оқытудың өзіндік ерекшеліктері туындауда. Бүгінгі таңда білім беру жүйесін жаңалауды іске асырудың қажеттілігі күн санап арта түсуде.

Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда мектептеріміздің білім саласында тұрған басты мәселенің бірі болып табылады. Себебі оқушының кез-келген сабаққа деген қызығушылығы болмаса, онда оның алған білімі тұрақты болмайды. Олай болса, «Математиканың қорғаның тек күштілер мен батырлар ғана бұза алады» деген ұранды ұстана отырып, жалықпай, үлкен төзіммен, алдымызға келген шәкірттерге олардың жеке тұлға болып қалыптасуына, жақсы тәрбие, терең білім беру үшін аянбай еңбек ету керек.



**КЕНЖЕБАЕВА ЗЕМФИРА ЖАНДАУЛЕТОВНА,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Информатика пәні мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## **АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ**

«XXI - компьютер техника ғасыры» - сондықтан қазіргі заман қазіргі заман - ғылыми және ақпараттық технологиялар заманы. Уақыт өткен сайын, ақпараттардың таралуы да арта түсуде. Кейінгі кезде ақпараттар көлемінің артуы мен компьютерлік технологиялардың жылдам дамуына байланысты компьютерлік технологиялармен оқытуды белсенді түрде дамытып келеді.

Ақпараттық - коммуникациялық технологияның келешек ұрпақты жан - жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Осыған орай оқып үйрену құралдарына жататын электронды оқулықтар қазіргі таңда жиі қолданыста.

Ақпараттық технологиялардың даму қарқындылығы соншалықты жылдам, тіпті кез - келген жаңа нәрсе мен жаңалық пайда болып үлгермей, әрбір үйге жетіп жатады.

Білім беру мекемелерін компьютерлік техникалармен жабдықтау мәселесі соңына дейін толық шешілген жоқ, күн тәртібінде қазіргі уақытта басқа мәселе тұр - ол компьютерлік техниканы қалай дұрыс пайдалану керек деген мәселе.

Бүгінгі таңда біздің мемлекетіміз негізгі тұжырымдамасы өркениет дамуының жаңа тарихи фазасынан құрылған негізгі тұжырымдамасы ақпараттық қоғам құру курсына қолға алды. Оның негізі – ақпарат және білім.

Білім беру саласын ақпараттандыру жағдайында кез – келген тұлғаға ақпараттық білім негіздерін игерту, ақпараттық – коммуникациялық технология құралдарын білім алуда қолдану мен оның мүмкіндіктерін пайдалану дағдыларын қалыптастыру қажет.

Компьютер техникасын тиімді пайдаланудың өлшемі болып, оны басқа да пәндерді оқыту кезінде қолданады.

Біріншіден, ғаламторда көптеген материалдарды іздеуге қалыптасқан, онда түрлі пәндерді оқыту бойынша сабақтардың толық кешендері; екіншіден – компьютерлер уақытты үнемдеуге, көрнекілік материалдарды тиімді пайдалануға болады. Соның ішінде бейнефильмдер оқушылардың көру, есту сезімдеріне бірдей әсер етеді. Бұл жөнінде Я. А. Коменский былай деген: «Алтын ереже - бала сезім әсерлерін туғызып білдіргені жөн: көруге болатын нәрсені көрсет, естуге болатын нәрсені құлақ қойып тыңдасын, иісін иіскеп көрсін, дәмін татып көрсін, қолына ұстап нәрсенің қатты - жұмсақтығын байқасын. Кейбір нәрселерді түрлі сезім мүшелері бірдей түсініп қабылдағаны жақсы». Сондай - ақ сабақтарда бейне сабақтар оқушылардың іскерлігін дамыту үшін де қолданылады. Оқушылардың белсенділігін арттырып, өз бетінше жұмыс істеу қабілетін, ойын дамытуда бейнефильмдердің пайдасы зор.

Бүгінгі күні білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің басты мақсаты – заман талабына байланысты ақпараттық қоғамның шарттарына сәйкес оқушыларды тұрмыстық қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық әрі тиімді түрде араластыру болып табылады.

Бірақ ақпараттық технологияларды дамыту мен оларды пайдалану тек алдыңғы қатарлы техникалық деңгейді талап етіп қана қоймай, оны іс жүзінде қолдануға қажет білім мен оны қолдану аясын, яғни қоғамның интеллектуалдық (зерделік) потенциалы болуын керек етеді. Мұндай талап алдымен білім беру жүйесін күшейтуді қажет етіп, оның қоғамдағы рөлін міндетті түрде жоғары дәрежеге көтереді.

Оқыту үрдісіндегі оқушының белсенділігі дидактиканың негізгі талаптарының біріне саналады. Оқушылардың мұндай белсенділігі мақсатты бағытталған басқарушылық педагогикалық іс - әрекеттердің және сабақтарда қолданылатын педагогикалық технологиялардың тікелей салдарынан келіп туындайды. Оқушы оқып үйренетін материалды

жақсы және барынша терең түсінеді және алған білімі неғұрлым ұзақ уақыт жадында қалады. Оқушы, мұғалім және АҚТ сызба түрінде кескіндесек:

Оқушы -АКТ -Мұғалім

Білім қорын жинаушы Ұйымдастырушы, Өз бетімен әрекеттенуші, Саралаушы, Кеңесші, Өңдеуші

Ақпаратты - қатынастық технология көптеген оқу бағдарламаларының тууына, дамуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттары болса, білім беру саласындағы педагогтардың басты міндеттері оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу.

Ал, ақпараттық технологияны қолдану оқушыға не береді?

Оқу материалдарын жиі қайталау мүмкіндігі өсумен қатар шығармашылық шеберлігінің артуына жағдай туғызады Оқуға деген қызығушылығын арттырады

Көрнекті түрде тапсырмаларды орындай алады, Ғылыми - зерттеу жұмыстарымен айналысуға көмектеседі, Уақытты үнемдейді, Қайталау мүмкіндігін кеңейтеді

Орындаған жұмыстарының қателерін бірден көруге мүмкіншілік тудырады

«Мұғалім өз ісіне деген сүйіспеншілікті оқушыға деген сүйіспеншілікпен ұштастыра алғанда ғана шын мәніндегі мұғалім болмақ. .. Егер мұғалім өз ісін ұната білсе, ол жақсы мұғалім болады. »- деген ойдың авторы орыс жазушысы Л. Н. Толстой. шынымен де бүгінгі мұғалім өз ісінің шебері танылуы үшін жан - жақты ізденуі жаңалыққа ұмтылуы қажет.

Менде өз сабағымда үздіксіз ізденіс нәтижесінде Ақпараттық технологияны қолдануда тиімділігін көре білдім. Информатика сабағында ақпараттық коммуникативтік технологиялардың пайдаланудың тиімділігі: оқушы өз бетімен жұмыс жасайды, аз уақытта көп білім алып уақытты үнемдейді. Білім - білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексерді. Оқушылардың теориялық - практикалық сауаттылығы артады. Қашықтықтан білім алу мүмкіндігі болады. Қажетті ақпаратты жылдам жедел түрде алу мүмкіндігі болады.

Мысалға атап айтатын болсақ: сабақ барысында «Paint графиктік редакторы» тақырыбында оқушылар үлгі бойынша сурет сала отырып, өз ойларымен, өз шығармашылығымен суреттер салуға тырысады. Сурет салуға деген қызығушылықтары артып « CorelDraw,

Photoshop» графикалық редакторларымен жұмыс жасауды үйренеді.

Колледждегі оқушыларымыз ақпараттық технологияға деген қызығушылықтары артып әртүрлі графикалық редакторлармен жұмыс істей бастайды. Көптеген программалармен жұмыс жасап өз бетінше жұмыс жасауға дағдыланады. Интернетпен жұмыс жасап керекті материалдарын тез арада тауып уақыттарын үнемдей алады.

Сабақ беру үрдісіндегі менің негізгі ұстанымдарым:

- Оқушылардың теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануды қалыптастыру;

- Оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге үйрету;

- Оқушылардың компьютерлік сауаттылығын арттыру;

- Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту;

«Мектеп – жеткіншек ұрпақтың ойын қалыптастыратын шеберхана, егер болашақты қолдан шығарып алғың келмесе, оны берік ұстау керек», - дейді француз философы Анри Барбюс. Қазіргі педагогтарға қойылатын талап, ол оқушыға сапалы білім, жүйелі тәрбие және де саналы ойлау мен қабілет, түйсігін дамыту. ХХІ ғасырда оқушылардың жанын рухани жағынан азықтандыратын, қызығушылығын арттыратын ақпараттық техникалық құралдар екені бәрімізге мәлім. Қорыта айтқанда, баланы рухани дамытуда айналамен таныстыру, яғни ақпараттық құралдардың жақсы жағын тиімді пайдаланып, күрделі, қыр сыры көп әлеуметтік ортаға оқушыны бейімдеп тәрбиелеу психолог – педагог қауымының еншісінде екенін назарда ұстауымыз керек. Оқушы ақпараттың жақсы жетістіктерін бойына сіңіріп, рухани бай тұлға ретінде қалыптасуы заман талабы.

“Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз” қағидасын ұстанған ұстаз үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Ұстаздың өзі – ізденуші. Сонда ғана өзі қызыққан ұстаз сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады деп ойлаймын. Әрбір сабақта озық технологияларды пайдаланып өткізу әрине жақсы нәтижелер береді. Ұстаз әр кез ізденші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты ете алады.

Қорыта айтқанда, барлық пәндерде электрондық ресурстар оқушылардың сабаққа деген ынталарын, назарларын, қызығушылықтарын арттырып, білім деңгейлерін жоғарылатады. Ал бүгінгі күні жана ғасырдың жастарына жан - жақты білім беру, тәрбиелеу - әрбір ұстаздың басты борышы деп ойлаймын. Ендеше жаңа ғасырымыз бізге ақпараттық технологияларды меңгерудегі ІТ - технологияның алтын ғасырына айналуы керек деп ойлаймын.



**ЕЛДЕСОВА ДАМЕГУЛЬ ОРАЗГАЛИЕВНА,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Ағылшын тілі пәні мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## **ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ЖӘНЕ САБАҚТАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІК ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін оқытудың модульдік, деңгейлеп саралап оқыту, сын тұрғысынан оқу мен жазу, электрондық оқыту, жобалап оқыту оқушыларды дамыта отырып оқытуға негізделген технологиялардың негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғыдан қарау; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; оның өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеуі болып табылады.

Тіл - дүниетанудың негізі. Ол – қарым-қатынас құралы. Тіл игеру арқылы бала айналасындағы дүниені таниды, басқалармен қарым-қатынасқа түсе отырып, оның танымдық қызметі оянады. Тілді үйреткенде, бала сол тілде еркін сөйлей алса болды, дегенді қанағат етпей, тілді баланың бүкіл мүмкіндігін, қабілетін ашатындай дәрежеде оқыту керек.

Еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті, кәсіби жоғары мәдениетті, оқытудың инновациялық, ақпараттық технологияларын жетік меңгерген ұстаздың кәсіби әрекетінің негізгі бағыттары: оқу-тәрбиелік жұмысы, әдістемелік жұмысы, білімін жетілдіру, ғылыми-зерттеу жұмысы болу керек деп есептеймін. Мен ағылшын тілі пәнінің болашақ мұғалімін. Осыған байланысты менің болашақта алға қойған мақсатым: оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру, олардың білім деңгейін тереңдету, оқушыларды еркін де сенімді сөйлеуге үйрету, коммуникативті тәсіл арқылы алған білімін өз ортасында орынды қолдануға дағдыландыру, ойлаған жағдаяттарды негіздей алуға үйрету. Ағылшын тілін үйретудегі негізгі әдістемелік бағыттар:

Біздің пән бойынша оқу процесі оңайдан қиынға қарай дамыта оқытуға бағытталған.

Тілдік материалдар қазіргі өмір шындығынан алынған және оқу процесінде әбден шыңдалып, өңделген тілдік материалдар. Сондықтан бұл материалдардан күнделікті тіршіліктегі жағдаяттарда қолданылатын ағылшын тілін үйренуге болады.

Басты көңіл бөлінетін нәрсе - сөйлеу және оқу. Оқушылар сөйлеу мен оқуды меңгергеннен кейін жазуды үйренеді.

Сөйлеу мен оқу әрекеттері арқылы дұрыс нәтижеге жеткен оқушы өз ортасында ағылшынша еркін сөйлеп, тілді қатынас құралы ретінде пайдалана білу үшін мынадай: ұжымдық жұмыс, жекелей жұмыс, жұптық жұмыс, топпен жұмыс оқыту тәсілдерін қолдануға болады.

Оқушының сөйлеу іскерлігін дамыту үшін мынандай: сұрақ - жауап талқысы, салыстыра отырып әңгімелесу, проблемалық сұрақтарды талдау, мәтін не әңгіме бойынша өз ойын ортаға салу, ой алмасу, шарт кою, диалог түрінде сөйлеудегі ойды көрсете білу, пайымдау, логикалық ой тұжырымын дамыта отырып сөйлеу, түйіндеу, дәлелдеу, жоспарлау арқылы сөйлеу, ситуацияға байланысты сөйлеу, ойындар арқылы сөйлеу, сұраққа жауап беру, қорытындылау, өз пікірін айту сияқты сөйлеудің түрлерін қолданамын; әрі бұлар менің сөйлеуді үйретудегі бағыттарым болады.

**Оқу.** Мәтін - негізгі қарым-қатынас құралы. Мәтінді оқымас бұрын сұрақтар беріледі. Ол сұрақтар бойынша сол мәтіндегі мәселеге байланысты оқушы не біледі, не білмейді, соны анықтау бір мақсат болса, екінші мақсат - өз білімі деңгейінде ойын айтқызып, мәтіндегі оқиға жайлы білуге ұмтылдыру, ынталандыру. Бұл жұмысты бүкіл топ болып немесе 3-4 оқушы бірігіп және жұптасып талқылауға болады.

Мәтінді оқыған соң оқушы ұғымын тексеруге арналған "True or False" жаттығуын қолдануға болады,



"What is your opinion? " "What do you think about. ..?" сұрақтарын қою арқылы оқушылардың мәтіндегі мәселе бойынша өз ойын ортаға салып, пікірін айтуға, еркін сөйлеуге үйретіледі. Оқушыны еркін сөйлеуге тәсілдіру үшін сөздерді қайталау, оларды еркін де дұрыс қолдана білуге үйрету, грамматикалық материалдарды, сөйлем құрылымын орынды қолдануға үйрету де басты назарда болу керек.

Бұдан басқа да мәтін оқығанға дейінгі, оқығаннан кейінгі әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып балалардың сөйлеу қабілеттерін дамытуға болады.


**Тыңдап - айту.** Сөйлеуге тыңдап түсінушіз үйрену мүмкін емес. Қазір біз тілді меңгертуде шетел мамандарының сөйлеуімен жазылған ұнтаспаларды, видеофильмдерді қолданып, оқушылар үшін ағылшын тілінде жүретін телебағдарламаларды көруді ұсынамыз. Сонымен қатар, тағы да айта кететін жайт – ағылшын тілді мемлекеттерден келетін еріктілермен шет тілінде әңгіме-дүкен құру да оқушылардың тілін дамытуға үлкен әсерін тигізеді.

Диалогты, әңгімелерді, мәтіндерді тыңдап, одан не түсінгенін анықтау үшін де әр түрлі әдіс-тәсілдерді кең қолданған дұрыс деп есептеймін. Тыңдалған әңгіме бойынша төмендегідей жұмыс түрлерін орындатуға болады:

1. сұрақтар бойынша оқушы түсінігін тексеру;
2. кілт сөздерді анықтау, сөз тіркестерін жазу;
3. тыңдалған әңгімеге ат қою;
4. жоспар құру;
5. ауызша, қысқаша мәтіннің мазмұнын беру.
6. әңгіме туралы негізгі ойын, пікірін білу;
7. әңгіме кейіпкеріне немесе жағдаятқа мінездеме беру;
8. әңгімеде естігенді өмірмен байланыстыру.

**Жазу** - сөйлеуге үйренудің басты құралы болып табылады. Жазуды көбінесе грамматикалық жаттығуларды орындағанда, мәтін немесе тақырып туралы не айтқысы келгенін білдіру үшін қолдануға болады.

Шетел тілінің басты мақсаты оқушылардың мәдениетаралық коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру болып табылатыны белгілі. Бүгінгі таңдағы ғалымдар оқыту процесінде дидактикалық мақсатты шешуде оқытудың белсенді формаларын, яғни түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануда. Сол тәсілдердің кең тарағаны – интерактивтік тәсіл. Сонымен интерактивтік әдіс-тәсілдермен сабақ жүргізген кезде оқытушы – ұйымдастырушы ролін атқаруы тиіс, ол дегеніміз оның әрекеті төмендегідей төрт саты бойынша құрастырылуы тиіс.



Егер оқушылар интерактивтік тәсіл бойынша жұмыс істейтін болса, әр оқушы өзі немесе өз тобы үшін тапсырманы мүлтіксіз орындауы керек, себебі:

- топ жұмыс нәтижесінде ортақ баға алады;
- әр оқушының жауапкершілігі артады, ол барынша шығармашылықпен жұмыс істейді;
- тапсырма мақсатына жетудің маңыздылығын түсінеді;
- өз бетімен жұмыс істеуге тырысады;
- өз ой-өрістерін кеңейтеді;
- пікір-талас барысында өз ойларын, көзқарастарын дәлелдеуге үйретеді;
- өз коммуникативтік іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырады.

Сонымен қатар, әр сабақта «Ағылшын тіліне сенің қарым-қатынасын» атты сурет-тест өткізу керек.

Яғни, оқушыларға ауызы салынбаған адамның бет әлпеті карточкалар ретінде беріледі. Оқушылар ауыздың суретін салу арқылы сабаққа деген қарым-қатынасын білдіру керек. Жоғарыда айтылған іс-әрекеттерді жүзеге асырғанда бақылауға 20 оқушы қатысты. Сол оқушылардың осындай әдіс-тәсілдермен өткізген ағылшын тілі сабағына қарым-қатынасы:

Қарым-қатынас		Бақылау жүргізгенге дейін	Бақылау жүргізгеннен кейін
☹	Теріс	4 оқушы – 20%	–
☺	Бейтарап	5 оқушы – 25%	4 оқушы – 20%
☺	Оң	11 оқушы – 55%	16 оқушы – 80%

Мен өз өткен тәжірибемнен және жасаған бақылауымнан айта аламын, интерактивтік тәсілді қолданған кезде, көріп тұрғандарыңыздай, сабақтың нәтижесі өте жақсы көрсеткіштер көрсетеді. Өйткені, ол шетел тілі сабағындағы басты субъект болып табылатын оқушының жеке тұлғасына толық түрде түрткі болып, оның эмоциясын, сезімін, түйсігін шынайы қажеттілігімен сәйкестендіріп, оның тілдік қабілетін оятады.

Ендеше, әлі де болса ойлаған жағдаятты негіздей алатын, міндетке сәйкес жұмысты шешімді тиянақтай алатын, проблеманы анықтап және құрастыра алатын, қойылған мақсаттарға жетуді негіздей алатын, нақты өмірлік жағдаяттарда ағылшын тілінде ауызша және жазбаша түрлі коммуникативтік құралдарды қолдана алатын оқушылар тәрбиелейік!



**ЖУМАГАЛИЕВА ШОЛПАН ИСКАНДЕРОВНА,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
көркем еңбек пәні мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## **КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІ БОЙЫНША ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ**

«Баланы жастан» деп айтқанындай, балаға жас кезінде қандай бағыт берілсе, ол өсе келе сол бағытты өзі-ақ алып кетеді. Демек, адам баласының «Оң саусағынан бал тамғандай» етіп тәрбиелеуде көркем еңбек пәнінің мәні зор. Жас жеткіншектерді еңбекке баулымай оларды тәрбиелеуде жақсы нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес екенін ХІХ ғ. әйгілі педагогтар И. Песталоцци, Р. Оуэн, К. Д. Ушинскийлер дәлелдеген. Заман талабына сай көркем еңбек пәні бойынша инновациялық технологияларды тиімді қолдану

Қазіргі қоғамның жаһандану үдерісінде адамзаттың ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерімен жаңа еңбек салаларының қалыптасып дамуына ықпал етуде. Ол адам еңбегінің икемді, қолайлы және тиімді орындалуына мүмкіндіктер жасап келеді. Соның бірі, өндіріс пен қызмет көрсету салаларында замануи материалдардың пайда болуы, инновациялық технологиялардың, аппараттық-коммуникациялық технологиялардың үдемелі даму болып табылады.

Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын бағалау оның аса қажет құрамдас бір бөлігі болып есептеледі. Сондықтан білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің сапалы құрылуы білім беру сапасын арттыруда қосатын үлесі зор.

Осы замануи инновациялық технологиялар барлық қоғамның инфрақұрылымдарына үйлесімді енгізілуі негізінде тұрпайы еңбек түрлері еңбек нарығында жойылып, жаңа еңбек түрлерінің қалыптасуына ықпал етіп келеді. Соның салдарынан қазіргі еңбек нарығында жаңа мамандықтар пайда болып, олардың еңбек мазмұны да жиі өзгерістерге ұшырып келеді. Осыған куә болатын үлгілерге өндірістердегі автоматтандырылған қондырғылармен өнімді жасау,

сол сияқты қызмет көрсету салаларында кішігірім құралдар мен аппараттардың кеңінен қолданылып, маманның еңбек операцияларын жеңілдетуге үлкен көмегі тиіп келеді. Бұл үлгідегі құрал-жабдықтар қазіргі өндірісте, қызмет көрсету саласында және тұрмыста да кең орын алып келе жатқаны белгілі.

Оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуальдық, кәсіби, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

«Көркем еңбек» пәнін оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялықбілімінің негізін қалыптастыру. Оқу бағдарламасының мазмұны көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрін қарастырады. Сабақта іске асырылатын көркемдік іс-әрекеттің түрлерін «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі анықтайды. Сонымен бірге міндетті түрде көркемдік іс-әрекеттің үш түрі жүзеге асырылады: конструктивті, бейнелеу, сәндік.

Осылармен бірге саралап, жеке дара, жеделдетіп оқыту, оза оқыту, деңгейлеп оқыту, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау т. б. технологиялар көп қолданыс табады. Бұл технологиялардың бәріне ортақ, негізгі мақсаты – жеке тұлғаны дамыту, оқуға

шығармашылық ендіру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, өзара әрекеттестік сипатындағы жаңа әлеуметтік қатынастың пайда болуы, т. б. Оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуальдық, кәсіби, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытуда оқушының еңбек біліктері мен шығармашылық қабілетін дамыту

үшін жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға да мүмкіндіктер көбеюде. Еңбек ету үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау, білім беруде жеке оқытуды дамыту көзделуі қажет.

Оқытуда оқушының еңбек біліктері мен шығармашылық қабілетін дамыту үшін жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға да мүмкіндіктер көбеюде. Еңбек ету үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау, білім беруде жеке оқытуды дамыту көзделуі қажет.



**ОМАПАТШАЕВА АЙГҮЛ ЖАҢАБЕРГЕНҚЫЗЫ,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Бастауыш сынып мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## ДҮНИЕТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ БЕЛСЕНДІ ӘДІС - ТӘСІЛДЕР

*«Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен, оның мұғалімділігі жойылады»*

*К. Д. Ушинский*

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау.

XXI ғасыр — білімділер ғасыры. Қазіргі таңда біздің еліміздің алдына қойған мақсаты- бәсекеге қабілетті дамыған елдер қатарына қосылу. «Ал осы елдер қатарына қосылу үшін не істеуіміз керек?»-деген сұрақ туындайды. Әринебілім сапасын арттырып, ұстаздардың білім беру саласындағы жаңа технология элементтерін жылдам игеруін қамтамасыз ету. Оқушыға тиянақты білім беру де жаңа технология элементтерін қолдану шәкірттердің қызығушылықтарын оятып, ойлау қабілетін дамытуға зор әсерін тигізеді.

-оқытудың микромақсаттарының, мақсаттарының айқын, нақтылы анықталуы;  
-нәтижелердің жетістігіне бағытталуы;  
тәрбиелеу мен оқыту субъектілерінің іс-әрекеттерінің әрбір кезеңдері бойынша қадамдық құрылымының анықталуы;  
-мониторинг, аралық және соңғы нәтижелерді бағалау;

-тәжірибенің қайталануы мен алмасуы. Жалпы оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, сабақтың тиімділігін арттыру. Сонымен қатар оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. Оқып үйренушінің жеке тұлғасын дамыту ақпараттық қоғам жағдайында жабдықталған өмірге өзіндік дайындықтар жүргізу, әртүрлі ойлау қабілетінің түрлерін байланыс жолдары қабілеттілігін дамыту, күрделі жағдайлардағы шешім нұсқаларын ұсыну немесе тиімді шешімдерін қабылдау біліктілігін қалыптастыру, компьютерлік графика мен мультимедия технологияларын пайдалану арқылы эстетикалық тәрбиелеу, ақпаратты өндеуді жүзеге асыра білу, ақпараттық мәдениетті қалыптастырып, мәселені модельдей білуді дамыту және ең бастысы тәжірибелік-зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыра білуді қамтамасыз ету. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі -баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше

шешім қабылдауға дағдыландыру. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет. Осы технологияларды тиімді пайдалану арқылы күзиретті мұғалім өз жұмысын жетілдіре түспек. Жаңашыл бағытта жұмыс жүргізу-барша ұстаз алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Мемлекеттік білім стандарты деңгейіне оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу. Сабақ барысын жаңаша ұйымдастыру қажет. Оқушының пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру керек деп есептеймін. Әр сабаққа дайындық – мұғалімнің ізденісінің нәтижесі, сабақты ыңғайына қарай түрлендіре түссе, әр сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді қолданса, сабақтың мазмұны ашылады. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді деп есептеймін.

Дүниетану пәнін оқытудағы басты мақсаттар – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, олардың диалектикалық – материалистік көзқарастарын қалыптастыру мен білімін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыру, оқушылардың табиғатқа және техникалық әлемге қызығушылығын арттыру болып табылады.

Оқушыларының ой толғанысы мен ойлау қабілетінің бүкіл оқу жылының, оқу аптасының немесе күнінің барысында, тіпті сабақ үстінде де сан құбылып отыратынын әр ұстаздың білуі қажет. Оқушының зейіні, ойлау қабілеті өз деңгейінде болу үшін оқытудың әңгімелік, көрнекілік және практикалық әдістерін үнемі өзгертіп отыру керек. Өткізген сабақтарымда инновациялық әдіс — тәсілдерді қамтып, оқушылардың сабаққа, деген қызығушылығын арттыру мақсатында дүниетану пәні бойынша «Өсімдіктер» тарауына сабақ жоспарын жасадым.

Оқыту әдісі дегеніміз-мұғалімнің оқушыларға білім мен тәрбие беру тәсілдері және оқушылардың білімді қабылдау барысындағы іс-әрекеттері – деп айтуға болады. Екі жақты бір-біріне тығыз байланысты және бір мақсатқа жету үшін жасалатын әрекеттер жиынтығы. Оқыту, білім беру көзі мен оқулықтың мазмұны міндетті түрде оқу бағдарламасында көрсетілген тақырыптар бойынша анықталады. “Дүниетануды” пән ретінде оқыту барысында алуан түрлі әдістер мен тәсілдердің қалыптасқандығы белгілі, және олардың кейбір ерекшеліктеріне байланысты төмендегідей топтастыруға болады. Оқушылардың білім қалыптастыру кезіндегі іс-әрекеттің сипаты.

1. Мұғалімнің білім берудегі іс-әрекетінің сипаты.

2. Білім алу көзі.

Әдістерді жүйелеуде осы үш ерекшелік негізгі болып табылады. Дәстүрлі сабақ беру ежелден келе жатқан білім беру жүйесі. Осы орайда білім берудің негізгі классикалық әдістері үшеу екендігі белгілі, олар сөздік әдіс, көрнекілік және практикалық әдістер. Қазіргі заманның талабына сай білім берудің жаңа әдістерді де

оқу-тәрбие жұмыстарында кеңінен қолданылуда. Оқыту әдістері ғылыми- таным әдістеріне байланысты, өйткені оқытуда ең басты оқушылардың танымдық іс-әрекеті. Ғылыми танымға қатысты бірсыпыра ережелер оқушылардың танымдық іс-әрекетінде қолданылатын оқыту әдістерінің ерекшелігін анықтайды. Бұл ережелер: оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді; оқыту әдістері практикамен теорияны жақындастырады; оқыту әдістері шындықты тануға әрекет жасайды; идея нақты өмір мәліметтерінен қорытылады. Осы ережелердің бәрі оқушылар көзқарасының қалыптасуының, таным қабілеттерінің дамуының негізі болады. “Әдіс” пен “тәсілдің” шекарасы өте жылжымалы, құбылмалы, сондықтан оның шекарасын анықтау өте қиын. Өйткені, әдіс кейде тәсілге, ал әдістемелік тәсіл оқыту әдісіне айналады. Мысалы: 1. Егер мұғалім баяндау процесінде суреттерді демонстрациялап көрсетсе, онда демонстрация әдістемелік тәсілге жатады.

2. Оқушылар зерттеу негізінде суреттермен танысып, тақырып бойынша нақты білім алса, онда суреттерді демонстрациялау әдіске, ал баяндау тәсілге жатады.

3. Лабораториялық сабақтың мәнін және мағынасын анықтайтын әңгіме әдістерінде қолданылады.

4. Егер оқушылар лабораториялық тапсырманы өз бетінше орындауға кіріссе, ал мұғалім сол дербес жұмыс процесінде тек әңгіме элементтерін қолданса, әңгіме тәсіл ретінде пайдаланылады. Біріншіден тақырып мазмұнына байланысты алынды. Осы жағдайда тақырып мазмұнының ұқсастығы олардың білімдеріне де, дамуына да зиянын тигізбейді деп есептелді.

Екіншіден, мұғалімнің сабақ барысындағы уақытын тиімді бөлуге бір пәнділік оқу кестесінің тиімді болатыны байқалады. Оның нәтижесінде оқушыларды дифференциялап оқытуға үлкен мүмкіндік туды. Әр сыныптағы оқушылардың оқу деңгейлеріне қарай шағын топтар құрылып, олардың білім дәрежесімен дағдыларына орай өздігінен орындайтын тапсырмалар берілді. Мұндай жағдайда жақсы оқитын оқушылар мұғалімнің алғашқы берген нұсқауынан кейін жұмысты өздігінен орындайды да, орташа, нашар оқитын оқушыларға мұғалім молырақ басшылық етеді. Кейде ұқсас тақырыптар оқытылғанда, мұғалім үшінші мен екінші сынып оқушыларына тапсырманы байланыстырып беріп, олардың бір біріне көмектесуіне жағдай туғызуына да болады. Өте жақсы оқитын оқушылармен орташа оқитын оқушыларда шағын топ жасап, оларға бірдей мазмұндағы тапсырма беріп байқағанда, оқушылардың бір біріне көмектесуі күшейіп, ұғымды өздігінен меңгерудің тиімділігі артты. Сабақ барысында құралатын мұндай уақытша топтар құрамы өзгеріп отырады. Сабақ ұйымдастырудың осындай түрлерін қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық әрекет негізінде бір-бірімен қатынасы, бірігіп жұмыс істеуі, жолдастық, өзара көмек сезімдері дамидыны байқалады. Сонымен қатар мұғалімнің уақыты тиімді бөлініп, оқушыларға ең керекті жағдайға ғана көмекке келетін болады. Ұйымдастырылатын жұмыс мазмұнына қарай мұғалімнің әр топқа жасайтын басшылығы да әр түрлі болады. Берілген тапсырмаларды бөлшектеп,

оқушылардың білім деңгейіне лайықтап беру мұғалімнің үлкен дайындығын талап етті. Сабаққа дайындық кезінде құрылатын топтардың құрамы, берілген тапсырма мазмұны оны күнделікті бақылаулармен байланыстыру әдісі, түсіндіру кезіндегі басшылық түрі әбден ойластырылады. Сонымен қатар оқушылардың тапсырмаларды орындау уақыты мен мұғалімнің көмекке келу уақытының шамасы да белгіленеді.

Сабақты талдау (жаңа тақырып бойынша түрлі тапсырмалар беріліп, білімдерін тексеру арқылы пәнге деген көзқарасын, түсінігін байқап, түсінбеген сұрақтарына қайта түсіндіру жұмыстары жүргізілді) Мектепте сапалы оқу бағытын айқындайтын жолдардың бірі – дүниетану пәнін модульдік технология арқылы оқыту екендігі теориялық және тәжірибиелік жағынан дәлелденуде. Модульдік технологиялардың ерекшелігі: тек білімді меңгерту емес, оқушының танымдық қабілетін

және танымдық процестерді жадының алуан түрлерін есту, көру, қимыл ойлауды, ынтаны қабылдау қабілетін дамытып, оны бекітіп, шығармашылық деңгейін арттыру. Сабақтың қызықты, сапалы өтуі тікелей мұғалімнің шеберлігіне байланысты болады. Осы орайда белгілі ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу» — айтылған сөздері ойға оралады.

Бір сабақтың әр кезеңдерін, түрлі әдістерін орнымен пайдалану арқылы көп нәтижеге жетуге болады. Оқушы санасына білімді жүйелі түрде меңгеруіне және қабілет деңгейлерін дамытуға ықпал етеді.

Қорыта айтсақ сонымен дүниетану пәнін оқыту барысында инновациялық әдіс – тәсілдермен

алмастыру кезінде нәтижелі жақсы көрсеткіштер көбейетініне көз жетеді: білім сапасы жақсарады;

1 оқушы өзін психологиялық жағынан еркін ұстайды;

2 оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс жүзеге асады; 3 оқушы білімі күнделікті бағаланады;

4 оқушылардың тіл коммуникативтігі артады; 5 оқушының логикалық ойлау қабілеті артады; 6 пәнге қызығушылығы артады;

7 ұжымшылдық қасиеті артады; 8 оқушылар бірін-бірі бағалайды;

Оқу-тәрбие үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оқушыларымның ынтасын, іс-әрекеттерінің белсенді болып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақтарымда жеті модульді ықпалдастыра отырып өткізе бермекпін.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. Егемен Қазақстан, 2011 ж.

2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 жыл.

3. Аймағамбетова Қ. А. , Жүнісова К. Ж. “Дүниетану” оқулығына әдістемелік нұсқау. Алматы, 1998. 4 Аймағамбетова Қ. А. Олейник З. Дүниетану оқулығының хрестоматиясы Алматы, 1998.

6 Аймағамбетова Қ. А. , Олейник З. “Дүниетану оқулығына үлестірмелі дидактикалық материал, Алматы, 1998.



**ОСПАНОВА АЛМАГУЛЬ СЕРИКОВНА,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Бастауыш сынып мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## БАСТАУЫШ СЫНЫБЫНДАҒЫ ЖАҢА ТАЛАПТАР

Қазіргі ғалымдардың кіші мектеп жасы 6-7 ден 9-10 жасқа дейін анықталады. Бұл жаста баланың физикалық дамуы, әлем туралы идеялардың белгілі бір жиынтығы, сөйлеу мен ойлаудың даму деңгейі, әлемді әлеуметтік қабылдау жүйелі оқыту процесін бастауға итермелейді. Бұл жаста мектепке дейінгі жасқа карағанда өмір салты мен стилі өзгереді: жаңа талаптар, оқушының жаңа әлеуметтік рөлі, іс – әрекетінің түбегейлі жаңа түрі – оқ әрекеті. Мектепте ол жаңа білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен бірге белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болады. Қарым – қатынас жүйесіндегі орнының қабылдауы өзгереді. [3] Баланың мүдделері, құндылықтары, бүкіл өмір салты мейлінше өзгеріс табады. Физиологиялық тұрғыдан алғанда, бұл өте қиын кезең – қарқынды физикалық өсу бар, соның арқасында физикалық дамуда дисгармония бар (6-да – 7 жасында үлкен бұлшықеттердің жетілуі кішкентайлардың дамуынан озып кетеді, сондықтан балаларға үлкен дәлдікті қажет ететіндерге карағанда салыстырмалы түрде күшті, сыпырылған қозғалыстарды орындау оңайырақ, сондықтан балалар кішкентай қимылдарды (жазуды) орындау кезінде тез шаршайды, бұл баланың жүйке-психикалық дамуынан озып кетеді, бұл жүйке жүйесінің уақытша әлсіреуіне алып келеді (қажу процестері тежеу процестерінен әлі де басым, бұл жас мектеп оқушыларының өзіне тән ерекшеліктерін анықтайды, бұл, қозғалыстарға қажеттіліктің жоғарылауы) .

Мектеп психологтарының тәжірибесінде 6-8 жастағы балалардың психикалық және интеллектуалдық дамуының келесі проблемалары жиі кездеседі: [2]

1. Сөйлеудің жеткіліксіз дамуы, оның ішінде сөйлеу жады;
2. Толық емес визуальді және кеңістіктік көріністер;
3. Қолдың ұсақ моторикасының дамуын кешіктіру;
4. Жеткіліксіз дамыған назар;
5. Озбырлық;

6. Оқу мотивациясын қалыптастырудың бұзылуы;
7. Эмоционалды және жеке даму мәселелері; (қорқыныш, агрессия) .
8. Мінез – құлық проблемалары (гиперактивті, демонстрациялық) ;
9. Шаршау;

Физикалық дамуы. Ең алдымен, ми мен жүйке жүйесінің қызметі жақсарады. Физиологтардың айтуынша, 7 жасқа қарай ми қыртысы едәуір жетілгендей. Дегенмен, осы жастағы балаларда психикалық белсенділіктің күрделі формаларын бағдарламалауға, реттеуге және бақылауға жауап беретін мидың ең маңызды бөлімдері әлі қалыптаспаған (мидың фронтальды бөлімдерінің дамуы тек 12 жасқа дейін) . Бұл жаста сүт тістерінің белсенді өзгеруі байқалады, жиырмаға жуық сүт тістері құлап кетеді. Аяқ-қолдарының, омыртқаның және жамбас сүйектерінің дамуы мен оссификациясы жоғары қарқындылық сатысында. Қолайсыз жағдайларда бұл процестер үлкен ауытқулармен жүруі мүмкін. Нейропсихикалық белсенділіктің қарқынды дамуы, кіші мектеп оқушыларының жоғары қозғыштығы, олардың қозғалғыштығы және сыртқы әсерлерге өткір реакциясы тез шаршаумен бірге жүреді, бұл олардың психикасына мұқият қарауды, бір қызмет түрінен екіншісіне шебер ауысуды қажет етеді. [1]

Зиянды әсерлер, атап айтқанда, физикалық жүктемелерге әсер етуі мүмкін (мысалы, ұзақ жазу, шаршататын физикалық жұмыс) . Сабақ кезінде үстелге дұрыс отырмау омыртқаның қисаюына, кеуде қуысының пайда болуына және т. б. кіші мектеп жасында әртүрлі балалардағы психофизиологиялық дамудың біркелкі еместігі байқалады. Ұлдар мен қыздардың даму қарқынындағы айырмашылықтар да сақталады: қыздар әлі де ұлдардан озып келеді. Осыған назар аудара отырып, кейбір ғалымдар іс жүзінде төменгі сыныптарда "әр түрлі жастағы балалар бірдей партада отырады: орташа алғанда, бір жарым жастағы



қыздарға карағанда жас ұлдар, бірақ бұл айырмашылық күнтізбелік жаста емес" деген қорытындыға келеді.

Танымдық дамуы. Жүйелі оқытуға көшу балалардың ақыл-ой қабілеттеріне жоғары талаптар қояды, олар жас мектеп оқушыларында әлі де тұрақсыз, шаршауға қарсы тұру төмен. Жас кезінде бұл параметрлер жоғарылағанмен, жалпы алғанда, бастауыш сынып оқушыларының өнімділігі мен жұмыс сапасы жоғары сынып оқушыларының тиісті көрсеткіштерінен шамамен жартысына төмен.

Бастауыш мектеп жасындағы жетекші оқу іс-әрекеті болып табылады. Ол осы жас кезеңіндегі балалар психикасының дамуындағы маңызды өзгерістерді анықтайды. Оқу іс-әрекеті аясында жас оқушылардың дамуындағы ең маңызды жетістіктерді сипаттайтын және келесі жас кезеңінде дамуды қамтамасыз ететін негіз болып табылатын психологиялық ісіктер пайда болады.

Кіші мектеп жасы-танымдық процестердің қарқынды дамуы мен сапалы өзгеру кезеңі: олар жанама сипатқа ие бола бастайды және саналы және ерікті болады. Бала біртіндеп өзінің психикалық процестерін игереді, қабылдауды, зейінді, есте сақтауды басқаруды үйренеді. Ол мектепке дейінгі жасқа тән ойлау ерекшеліктерін сақтайды.

Бастауыш мектеп жасындағы басым функция ойлау болып табылады. Ойлау процестері қарқынды дамып, қайта құрылады. Ақыл-ойдың дамуы басқа психикалық функциялардың дамуына байланысты. Көрнекі бейнеден ауызша-логикалық ойлауға көшу аяқталады. Балада логикалық тұрғыдан дұрыс ойлау бар. Мектепте оқыту ауызша-логикалық ойлау басым дамуға ие болатындай етіп құрылады. Егер оқудың алғашқы екі жылында балалар көрнекі үлгілермен көп жұмыс жасаса, онда келесі сыныптарда мұндай сабақтың көлемі азаяды. Кейбір жас ерекшеліктері бастауыш сынып оқушыларының назарына тән. Ең бастысы-еріктілік назардың әлсіздігі. Бастауыш мектеп жасындағы басында зейінді ерікті реттеу, басқару мүмкіндіктері шектеулі. Барлық жаңа, күтпеген, жарқын, қызықты нәрсе оқушылардың ешқандай күш-жігерінсіз назарын өзіне аударады. [1] Эмоционалды дамуы.

Баланың эмоционалды жағдайына байланысты мінез-құлықтың тұрақсыздығы мұғаліммен қарым-қатынасты да, сабақтағы балалардың ұжымдық жұмысын да қиындатады. Осы жастағы балалардың эмоционалды өмірінде, ең алдымен, тәжірибенің маңызды жағы өзгереді. Егер мектеп жасына дейінгі бала ойнағанына, ойыншықтарымен бөліскеніне және т. б. бақытты болса, онда кіші оқушы негізінен оқытуға, мектепке, мұғалімге байланысты нәрсеге қызығушылық танытады. Ол мұғалімдер мен ата-аналардың оқудағы жетістіктері үшін мақтағанына

қуанышты; егер мұғалім оқушының оқу жұмысынан мүмкіндігінше жиі ләззат алуына назар аударса, онда бұл оқушының оқуға деген оң көзқарасын нығайтады. Қуаныш сезімінен басқа, қорқыныш сезімі кіші оқушының жеке басының дамуында үлкен маңызға ие. Көбінесе балалар жазадан қорқады, өтірік айтады. Бұл қайталанған кезде қорқақтық пен алдау пайда болады. Жалпы, тәжірибесінен кейде өте күшті көрінеді. Бастауыш мектеп жасында моральдық мінез-құлықтың негізі қаланады, моральдық нормалар мен мінез-құлық ережелері игеріледі, адамның әлеуметтік бағыты қалыптаса бастайды. Табиғаты кейбір ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Біріншіден, олар импульсивті – олар дереу импульстардың, импульстардың әсерінен, ойланбастан және кездейсоқ себептермен барлық жағдайларды өлшемей бірден әрекет етеді. Мұның себебі-мінез-құлықты ерікті реттеудің жастық әлсіздігімен белсенді сыртқы разрядтың қажеттілігі.

Қарым – қатынас жасап дамуы. Әдетте, бастауыш сынып балаларының, әсіресе балабақшада тәрбиеленбегендердің қажеттіліктері бастапқыда жеке назарда болады. Мысалы, бірінші сынып оқушысы көршілеріне жиі шағымданады, олар оны тындауға немесе жазуға кедергі келтіреді, бұл оның оқытудағы жеке жетістіктері туралы алаңдаушылығын білдіреді. Бірінші сыныпта мұғалімдер арқылы сыныптастармен қарым-қатынас жасау (Мен және менің мұғалімім) . 3-4 сынып-балалар ұжымының қалыптасуы (біз және біздің мұғалім) .

Симпатия мен антипатия бар. Жеке қасиеттерге қойылатын талаптар бар. Балалар ұжымы пайда болады. Сынып неғұрлым анықтамалық болса, соғұрлым бала құрдастарының оны қалай бағалайтынына байланысты болады. Үшінші немесе төртінші сыныпта ересек адамның мүдделерінен құрдастарының мүдделеріне сәйкес (құпиялар, қызметкерлер, шифрлар және т. б. ) күрт өзгеріс болады.

Бастауыш сынып оқушыларының өмірінде өте маңызды сәт болады - орта мектепке көшу. Бұл ауысу ең маңызды назар аударуға лайық. Бұл оның оқыту шарттарын түбегейлі өзгертуіне байланысты. Жаңа жағдайлар балалардың ойлау, қабылдау, есте сақтау және зейінін дамытуға, олардың жеке дамуына, сондай-ақ оқушылардың білім алу деңгейіне, оқу іс-әрекеттеріне, озбырлықтың даму деңгейіне жоғары талаптар қояды.


Алайда, оқушылардың едәуір санының даму деңгейі қажетті шегіне эрең жетеді, ал мектеп оқушыларының едәуір үлкен тобында даму деңгейі орташа деңгейге өту үшін жеткіліксіз.

Бастауыш сынып мұғалімі мен ата-ананың міндеті - әр түрлі ойындар, тапсырмалар, жаттығуларды қолдана отырып, балалармен түзету жұмыстарының кешенін жүргізу арқылы бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін білу және ескеру. [4]

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Батуев, А. С. жоғары жүйке қызметі / А. С. Батуев – М. : Жоғары мектеп, 1991. - Б. 18.
2. Давыдов, В. В. бастауыш мектеп жасындағы психикалық даму. // Возрастная и

- педагогическая психология / Под ред. а. в. Петровского. – М. , 1979. - Б.28.
3. Т. Сабыров. Балаларға ақыл-ой тәрбиесін берудің кейбір мәселелері. — Алматы, 1977.
4. Ө. А. Уманов, В. А. Парфенов. Бала бақыты. — Алматы, 1979.



**ШАМУРАТОВА БИБИГУЛ ИВАНОВНА,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Бастауыш сынып мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ- БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА**

Еліміздегі әлеуметтік жағдайдың дамуына бірден-бір септігін тигізетін сала осы - білім саласы. Биылғы жыл білім- ғылым саласына жаңашылдық дәуірін әкелді. «Жаңа ғасыр-жаңа білім»- деген секілді ұғым қалыптастырғандай. Енгізілген жаңартылған білім беру жүйесінде көптеген өзгеріс болды. Жұрт айтатын жаһандану осы болды ғой депте ойлаймын. Иә, расында еліміз дамушы елдің қатарында тұрғанда осы бір білім саласына көңіл бөлінгені өте қуантатын жағдай. Себебі, биікке көтерілу үшін бай болып, жар әлемге жар салар ең үздік оратор болып та керегі жоқ. Тек көзі ашық, көкірегі ояу білімді азамат болса жеткілікті. Міне сонда ғана еліміз өркендеп өзге елдермен иық теңестіретін еді. Осы мақсатта болар жаңаруды алдымен білімнен бастадық. Ал осы жаңартылған білім беру жүйесін алдымен өзіміз, біз ұстаздар қауымы жақсы түсініп алуымыз керек. Оқушыға болсын, ата-анаға болсын ұғындыру үшін өзіміз жетік біліп, толық меңгергеруіміз қажет. Сонымен жаңа білім беру жүйесіне сүйене отырып ұстаз, педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға болуы тиіс. Ұстаздардың білім беру сапасының жоғары болуы, бәсекеге қабілеттілігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі, кәсіби шеберлігі маңызды. Осы көрестілгендерді қорытындылай келе, ұстаз — рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-

адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға болу керек деп тұжырымдауға болады. Осы мақсатта ұстаздардың біліктілігін арттыру – жүйемізде басты мақсат болып табылады.

Жаңартылған білім беру жүйесі-жаңа технология. Біз түсінген дүние осы ма? ! Технологияның дәуірі екені белгілі жайт. Алайда, бұл жүйе физикалық істі емес, рухани түйсікті жаңғыртуды көздейді. Заман ағымына сай жаңалықтың болуы шарт. Ал оның қалай кіріктірілетіні көп ойланып, маңызды шешімге итермелейтін үлкен іс. Бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан байқаған проблемаларды анықтап оны зерттей білуді талап етеді. Жаңартылған білім беру жүйесінің маңыздылығы-оқушы тұлғасының үйлесімді, зерттеу жұмыстарын жүргізу, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау тәжірибе жасау. Әдістер мен жаңаша тәсілдерді қалыптастырған бұл жүйені бүгінде тек біздің ел емес дамушы елдердің барлығы да қолданады. Әр саланың өзіндік ерекшелігі болады. Менің салама да солай. Бастауыш сыныптар да бұл жаңашылдықтан алыс емес. Жаңа жүйеден бастауышта құр алақан емес. Сабағымызда бізде де қолданатын тәсілдер жеткілікті. Жаңа оқыту жүйесі өзінің критериялды бағалау жүйесімен ерекшеленеді. Ең алдымен сыни тұрғыдан ойлау әдісіне тоқталсам, ол балалардың ой-өрісінің дамуына, өтіп жатқан тақырыпты тереңінен ұғынуға ықпал етеді. Бұл жан-жақтылықты талап ететін әдіс. Бұрынырақта біздің зиялы қауым өкілдеріміз жан-жақты әмбебап болған. Олар әдебиет маманы болса, онымен қоса географ, философ, тарихшы, тіпті керек

болса әдебиеттен мүлде алшақ математиканыда меңгере білген. Енді біз жаңа жүйеде оларға осындай әмбебап бол демейміз, тек бір дүниені бірнеше қырынан қарай білуге дағдылаймыз. Не нәрсеге болсада өз көзқарасын еркін, әрі ашық жеткізуге, тек бір жақты дұрыс деп санамай басқа қырынан да сыни пікірін білдіріп өзіндік сана қалыптастыруды көздейді. Тағы бір айта кететін тәсіл ол- дәлелдеу. Жалпы оқушы ойын ортаға салып, мұғаліммен ақылдаса отырып, оқушылармен пікірталасқа араласып өз бастапқы ойын дәлелдеуге тырысады. Сонымен қатар бірлесіп, топтасып жұмыс істеуге дағдыланады. Егер қателессе өзінікін дұрыстап, қайта дәлелдеуге мүмкіндік алады. Еркін ойлау дағдыларын дамытуда мұғалімнің алар орны ерекше. Әр оқушыға мұғалім тарапынан қолдау көрсетілуі тиіс. Жанындағы сыныптастарынан қолдау болса, оқушы үшін жақсы әсері болады. Оқушыда сабақ барысында уәж болады. Ол оқушының өзінің іштен шыққан уәжі. Оны мұғалім

тындап түсіндіруге тырысуы қажет. Сабақта барлығын жақсы қабылдап, еркін меңгеруі үшін оқушының уәжін толық тындап түсінбеген сұрағын нақтылап жауап беру керек. Осы тұста оқушының білім деңгейінің жоғарылауы үшін олармен кері байланыс орнатып отыру керек. Ол үшін алдымен мұғалім өз тарапынан оқушының қажеттіліктері мен мықты тұсын, сабақ барысында кездестіретін қиындықтарын жақсы анықтап алғаны жөн. Бұл нәрсе оқушыға көмек беруге көп септігін тигізеді. Алдағы уақытта тапсырма берерде, жаттығуды орындатарда мұғалім әр оқушының жайынан хабардар болып отырады және соған сай тапсырма береді. Енді бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру жайында айтсақ. Бәсекеге қабілеттілік- ол, жеке индивид тұлғаны қалыптастыру негізі. Одан бөлек диалогті оқыту тәсілі де, топтық жұмыс әдісі де кең қолданыста. Осының барлығы оқушының рухани жақтан дамып жетілуіне зор ықпалын тигізеді.



**ЖАЙМАНОВА ГҮЛМИРА ТӨЛЕПБЕРГЕНҚЫЗЫ,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Бастауыш сынып мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## МЕН – БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІМІН

Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға, - деп Абай ағамыз айтқандай, ұстаз – ұлы тұлға, ұлы есім дегім келеді.

Ұстаз болу – жай ғана мамандық емес. Ол – адам бағдарын жасаушы. Ол – адам бағдарын жасаушы. Ұстаз болу - бұл сөз мен үшін қадірлі, мен үшін құдыретті сөз. Өйткені, мен - бастауыш сынып мұғалімімін. Күнде ертеңгісін жұмысқа келгенде, балалармен бірге болған әрбір уақытым мені жаңа әлемге жетелегендей болады. Алдымда отырған жас бүлдіршіндерімнің сүйкімді де, әдемі, байсалды да, ақылды жүздерін көрсем, әрбір үйдің ерке баласының жүздерінен не нәрсені де білуге құштар шабыттты, сұраулы жанарларын байқаймын. «Сонда мен осы шәкірттерімнің маған деген риясыз сенімдерін қаншалықты ақтап жүрмін?» - деген сұрақ мені жиі мазалайды. Кейде осы сұрағыма өзім былай деп жауап беремін. Оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуы қарқынды жүретін маңызды буын - бастауыш саты.

Кейбірі дайындық сатысынан, ал кейбірі әже мен атаның құшағынан, кейбірі ата - анасының жалғыз еркесі болып мектептің бастауыш сатысының алғашқы баспалдағы бірінші сыныпқа келеді. Алғашқы рет қолына әліппе кітабын ұстап, қызығу мен таңдану аралас әәби саусақтарымен парақтап ашады, қолына қаламын алып ақ қағаздың бетіне әріп жазады. Менің ойымша, әр шәкірттің сабақты жан-жақты меңгеріп, өз ойын жеткізе білуі ұстазға байланысты. Оқушыларымызға қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ұлттық және рухани байлығымыз салт-дәстүрімізде, көзқарасымызда жататындығын айтып отырамын. Сыныпта 25 оқушы болса, осылардың ішінен біреуі тез қабылдайды, біреуі өте жай қабылдайды, біреулерінің отбасында ата – аналары баласының біліміне қарауға шамасы жоқтары да кездесті. Сол баланың ата - анасымен жиі қарым - қатынас жасау, бағыт - бағдар берумен оқушыны дұрыс білім алуға бағыттайсың. Балалардың дарындылығын, неге икемділігін немесе не нәрсеге

қабілетті екендігін анықтауда зор белсенділік танытуың керек. Егер мұғалім осынау қызығынан қиындығы асып түсетін жұмысын шын жүректен атқара алмаса жанар шоқты жанбай жатып сөндіріп алуы, өсетін жұлдызды өшіруі әбден мүмкін ғой. Бүлдіршіндердің сабаққа деген қызығушылығын, танымдық белсенділігін, тіл үйренуге деген ынтасын арттыру үшін жаңа технологияларды қолдана отырып, инновациялық әдістермен жұмыс жүргізгенді жақсы көремін. Қазір жаңа технологиялардың түрі көп. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларын қызықтыра оқыту көп нәрсені талап етеді. Әрбір бала-бір-бір әлем. Сондықтан, сабақ үрдісінде түрлі әдіс – тәсілдерді және сонымен қатар түрлі формаларды қолдануға тырысамын. Әсіресе ойын технологиясын көп қолданамын, бұл технологияны қолданғанда

бүлдіршіндердің көздері жанып тапсырманы орындауға асығып отырады. Осы технологияларды сабақтарымда үнемі қолданып отырамын соның арқасында көздеген нәтижеме қол жеткізіп отырмын. Мұғалім мамандығындағы менің парызым - алдыма білім алуға келген әр баланың қолынан жетектеп өмір жолының дұрыс бағытына салу, елімізді әлемге танытатын, ата дәстүрді құрметтеген, ең бастысы Отанын сүйетін, Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет» деген сөздеріне орай бәсекеге қабілетті, функционалдық сауаттылығы дамыған азаматты тәрбиелеу, осы жолда еңбектену, іздену, мақсатқа жету. .. Ал, көздеген мақсатқа жету менің қолымнан келеріне сенемін.



**ИСМАГУЛОВА АЙНУР БАКИТЖАНОВНА,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Бастауыш сынып мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МАТЕМАТИКА ПӘНІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА АКТ-НЫ ПАЙДАЛАНУ**

**Аңдатпа.** Мақалада бастауыш сынып оқушыларына қашықтықтан оқыту барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану жайлы қарастырылған.

**Анотация.** В статье рассматривается использование информационно-коммуникационных технологий в дистанционном обучении учащихся младших классов.

**Кілттік сөздер:** қашықтықтан оқыту, бастауыш сынып, онлайн, интернет, математика

**Ключевые слова:** дистанционное обучение, начальная школа, онлайн, интернет, математика

Бүкіл әлемді шарпыған індет құрсауына іліккен еліміздің білім беру жүйесі тұңғыш рет қашықтықтан оқыту жүйесіне 2020 жылдың сәуір айынан бастап көшті. Көз алдымызда білім саласындағы және бүкіл елімізді дүр сілкіндірген тарихи өзгеріс орын алып жатыр. Осы жағдайға байланысты сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда ұстаздардың атқарар рөлі орасан. Жалпы қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагогтың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және

телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асыратын оқыту түріне жатады. Мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және офлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Мектебімізде оқушылар толықтай онлайн режимде білім алуда.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы. Оқу процесінде жаңа ақпараттық технологияларды енгізу ісі де математикамен тығыз байланысты өткізіледі. Сондықтан математика пәні мұғалімдері компьютерлік техниканы меңгеріп қана қоймай, оны өз пәндерінде кеңінен қолдануда.

Математикадан сабақ беру әдістемесі педагогикалық ғылымдар жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Сабақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолдану арқылы өту үшін не істеу керек? Алдымен құрал-сайман, яғни кем дегенде бір компьютер, планшет немесе смартфон болу деген сөз. Біз үйден интернет-платформалары арқылы оқушыларға тапсырмалар беріп, оның орындалуын бақылауды автоматтандыра аламыз. Біз қашықтықтан оқыту дегенді сырттай оқытумен шатастырмауымыз керек, және бұл үй жұмысы секілді күнделікті және үздіксіз процеске айнала алады. Оқушыларға онлайн тапсырма беріп, одан кері байланыс алу үшін осы құралдардың болғаны жақсы.

Бастауыш сынып математикасында ақпараттық-коммуникациялық технология:

– бастауыш мектепте математика пәнінде ақпараттық технологияларды пайдаланудағы қазіргі заман талаптары;

– бастауыш мектепте математика пәнінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып оқыту;

– бастауыш мектепте математика пәнінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, сабақ үлгілерін құрастыру.

Оқу процесінде жаңа ақпараттық технологияларды енгізу ісі де математикамен тығыз байланысты өткізіледі. Сондықтан математика пәні мұғалімдері

компьютерлік техниканы меңгеріп қана қоймай, оны өз пәндерінде кеңінен қолдануда. Математикадан сабақ беру әдістемесі педагогикалық ғылымдар жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Онлайн тапсырма беруді біздер интернет-платформаларды пайдалану арқылы жүзеге асырамыз. Оқушылар BilimLand.kz платформасына логин, пароль беру арқылы кіріп, өтілген тақырып бойынша қысқаша мәлімет алып, сол тақырып бойынша берілген тапсырмаларды орындайды. Орындап болған соң неше балл алғаны көрініп тұрады, егерде сабақ түсініксіз болса WhatsApp желісі арқылы мұғаліммен байланыс орнатып сұрауына болады.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, білімге деген қызығушылығын дамыту, үнемі ізденіске, сабақ барысында бір ғана кітаппен шектелмеуге шақырамыз. Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сағымбекова П. С., Тлеубаева Э. Ы., Тортаева А. С «БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДЫҢ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНА ДАЙЫНДАЛУ МЕН ОНЫ ЖОСПАРЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ» 2013
2. Білім беру жүйесін 2003-2005 жылға дейін ақпараттандырудың
3. Мемлекеттік бағдарламасы.
4. 15. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2010 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.
5. 16. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы
6. <https://infourok.ru/>
7. <https://nismath.org/>
8. <http://orleu-uko.kz/>



**ЖАНИСОВ АРМАН БИСЕНБИЕВИЧ,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
дене шынықтыру пәні мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ**

Дене шынықтыру сабағындағы мұғалімнің ең басты қаруы қарапайымдылық. Оқушының бойындағы жауапкершілікті арттыра түсу үшін ұстаз оған сенім артыуы тиіс. Оқушының өз бетінше шешім қабылдауына жағдай туғызған жөн. Бірақ мұғалім әрбір оқушыны бақылап жүріп, оларға дер кезінде қажетті тәрбие беріп отыруы керек. Тәрбиенің дұрыс берілуі көбінесе мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, оның моральдық және мәдінеттілігіне, коллективте психологиялық дұрыс жағдай туғыза білетін шеберлігіне, біліктілігіне байланысты.

Оқушылардың еңбек тәрбиесіне көңіл бөле отырып, олардың қозғалыстық қасиетін дамыту, мұғалім тарапынан дұрыс жолға қойылса онда оқушының сабақтан тыс уақыттарда үй шаруашылығындағы дене қозғалысына аса пайдалы еңбекке деген жұмыс істеу қабілетінің артатыны да қазіргі таңда өз тәжірибемізден байқалып отыр.

«Дене тәрбиесі» деген сөз дене мәдінеті деген ұғымды білдіреді. Демек, біздің міндетіміз мәдінетті, еңбекқор адамды тәрбиелеу. Мәдінетті адам еңбектің қадірін жақсы біледі және өзінің де еңбегі жемісті болады. Дене шынықтыру сабағы оқушыларға эстетикалық тәрбие беруге септігін тигізеді.

Біріншіден тазалыққа үйретеді—спорт залдың безендірілуі мен жабдықталуы жатады.

Екіншіден, спорт киімдерінің тазалығы.

Эстетикалық тәрбие сабақ кезінде музыканы пайдаланумен байланыстырады. Дұрыс қозғалыс пен жүріс-тұрыс, әдемі дене бітімі де эстетикалық тәрбие берудің әсерінен болады. Оқушыларға епті, күшті, сымбатты болу әркімнің қолынан келетіндігін түсіндіру қажет. Ол үшін үнемі дене жаттығуларын жасауды, күн тәртібін сақтауды, спорттық секциялаға қатысуды. Таза ауада жүріп дене бітімін шынықтыруды талап етуіміз керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 2050 бағдарламасында «Қазақстан азаматтарының денсаулығы білімі мен әл-ауқаты

барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, білім мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту» – деп атап көрсетті. Сондай-ақ дене тәрбиесі мен спорттың маңызын арттыруда елімізде сауықтыру жұмыстарының түрлері мен әдістерін жетілдіру ұсынылған. Қазақтың ұлттық қимылды ойындарын пайдалану арқылы баланың дене қимыл сапасын және қабілетін жан –жақты дамыту көзделген. Бұл мақсаттарға жетуде дене шынықтыру сабақтары мен денені сауықтыру жұмыстары, ертеңгілік гимнастика, сергіту сәттері, үзілісте жүгізеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің әлументтік маңызы барған сайын арта түсуде. Өйткені соңғы жылдардағы зерттеу жұмыстарының нәтижелері, әсіресе мектепке дейінгі кезеңде мақсатты түрде жүргізілетін педагогикалық шаралар нәтижесінде балалардың, шыдамдылық төзімділік, жұмыс істеу қабілеті және басқа жеке тұлғаның жан –жақты және гармониялық дамуына қажетті сапалары қалыптасатындығын айқындайды.

Еліміздің болашағы бүгінгі мектеп қабырғасындағы ұрпақ екені даусыз. Ертең ел тізгініне ие болар жеткіншектеріміздің ғаламдық өркениеттен қалып қоймай, білімді, тәрбиелі, жан-жақты болып қалыптасуының қамтамасыз етілуі-мемлекеттік маңызы бар іс. Бүгінгі таңда білім саласында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Осы өзгерістерді жүзеге асыру, әресе, ұстаздарымыздың біліміне, кәсіби шеберлігіне көп байланысты. Парасаттылықты, адалдықты шәкіртерінің бойларына жас кезінен ұялтаын ұстаздар десек, қателеспес едік. Сондықтан да ұстаздар десек, қателеспес едік. Сондықтан да ұстаз еңбегіне еш баға жетпес емес.

«Ұстаз дегенің өзі- биік атауға тең. Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз!» –деп ұлы данышпан Абай айтып кеткендей, және де ұстаздың өзі адам құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы, қазір жаңалықтар легімен енген соңғы технологиялық дәуір, осыған орай қазіргі кезеңнің



талабына сай өскелең ұрпақты білімді, мәдинетті, ұшқыр ойлы, халқының салт дәстүрін дәстүрлей білетін, туғанОтанын, жан-тәнімен сүйетін азамат дәрежесінде тәрбиелеу және осыған жетелеудің өзі педогогикалық шеберлік демекпін.


Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, зертеушілік қызметі мұғалімдік жұмысқа дайындық барысында, іс – тәжірибиеде және қайта даярлау кезінде қалыптасып тәрбиеленеді.

Ұстаздар үздіксіз ізденіп, өз білімін үнемі жетілдіріп отырады педагогикалық әдіс тәсілдерді қолданып отырса ғана өзінің кәсіби шеберлігін арттырады.

Бүгінгі талапқа сай мектепте білім берудің жаңа саласына жету-мұғалімнің мейрімділігімен, білімімен, шеберлігімен тыңыз байланысты. Өз мамандығына

жан-жүрегімен берілген ұстаз ғана ұстаздық этиканы да ұстаздық техниканы да, шеберлікті жақсы менгереді.

Біздің ойымызша, педогогикалық шеберлік-бұл мұғалімнің кіріктірілген қасиеті, өйткені ол өзінің құрамына өзара тәуелді, тыңыз байланысты бірліктерді, яғни білім, іскерлік шеберлік, қабілет пен қасиеттерді қамтиды. Әрине педогогикалық шеберлік күрделі құрылым болғандықтан, оның мәнін ашуды, оны түсінуге деген әр түрлі көзқарас тұғырлары қалыптасқан. Қазіргі заман талабына орай, біз педогогикалық шеберліктің негізгі инновациялық іс-әрекет деп тұжырымдаймыз. Тек жағашылдыққа деген талпыныс, үздіксіз ізденіс мұғалімді өз ісінің мұғалімді өз ісінің биік шыңына жетелейді.



**МҰХАМЕДИ ҚҰНДЫЗАЙ АМАНЖОЛҚЫЗЫ,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
бастауыш сынып мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Мақсаты: Сабақты оқытуда АКТ- ны тиімді қолдана білу. Оқушылардың таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету, білім сапасын көтеру. Оқушының пәнге деген қызығушылығын тудыру.

Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web –сайттар ашу;
- Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;
- Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау.
- Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудағы басты мақсат оқушының өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқытудағы тақырып шеңберіндегі немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Білімге бір – бірінен үлкен ара қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады.

3. Оқытудың жүйесінің көп деңгейлі жетілдіруі олардың таралымдалуы мен оқу сапасын арттырады.

4. Оқушы өз бетінше немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

5. Оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады.

Ақпараттық-білім берудегі басты мақсат оқушының өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады. Білім берудің кез-келген саласында «Электрондық оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай логикалық ойлау жүйесін қалыптасуға, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі - пәндік білім, екіншісі - компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдеуіне, бұрынғы алған білімдерін кеңейтуіне мүмкіндік береді. Әрбір оқушы қалаған тақырыптары бойынша тапсырмалар орындап, тестке жауап беріп, қосымша тапсырмаларды орындауға дағдыланады. Электронды оқулық арқылы түрлі суреттер, сызбалар көрсетуге, дыбыс және музыка тыңдауға болады. Бұл әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда әсерлі, әрі тиімді. Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электрондық құралдардың атқаратын рөлі зор. Сабақта электрондық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артқандығы байқалады. Электрондық оқулық оқушыға оқу материалын меңгеруге, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік береді. Бастауыш сынып пәндеріне арналған электрондық оқулықтың тест бөлімі арқылы оқушы әр тақырып арқылы толық ақпарат алады және білімін тексереді. Әрбір ұстаздың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады. Мысалы кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы немесе тақырыпты қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда, АКТ құралдарын пайдалана отырып, презентация құралдары арқылы сипаттап берудің тиімділігі бар. Видео - сабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады. Презентациялар бір жағынан оқушыларға жаңа материалды (фотосуреттер, сызбалар, тарихи мағлұматтар, дидактикалық материалдар т. с. с. ) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін жеңілдетеді. Видео - сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Оқушылардың ақпаратты теледидар, компьютер және т. б. техникалық құралдардың

көмегімен жақсы қабылдайтынын жақсы білеміз. Кез-келген жұмыс нәтижемен өлшенеді десек, презентация жасау және оны сабақ процесінде қолдану да әр мұғалімнің жұмысының нәтижесі деп білеміз.

Сондықтан әр бір мұғалім күнделікті сабағына өмір талабына сай дайындалып ақпараттық – коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануы тиіс. Ол заман талабы. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты – міндеті ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу делінген.

Бүгінгі таңда білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибесіне сынап қараудың маңызы зор.

Инновациялық білім беру құралдарына:

\* аудио-видео құралдар

\* компьютер

\* интерактивті тақта

\* интернет

\* компьютер – мультимедиялық құрал

электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Мұны бір сөзбен айтқанда оқу үрдісінде немесе сабақтарда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану деп атауға болады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Сондықтан оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиясы-білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау, білімді қабылдау, білім сапасын бағалауы, оқу тәрбиесі үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін бойында ақпараттық мәдениетті, сауатты адам-ақпараттың қажет кезін сезіну, оны табу, бағалау және тиімді қолдану қабілетін арттыру керек. Осыған орай ақпараттық заманда өмір сүретін адам өзін-өзі шектей білетін негізгі нормалар мен ережелерді игеруі тиіс.

Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Мультимедиялық оқулықтар біріншіден оқушылардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушының білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттердің біріне айналды. Ақпараттық технологияларды пайдаланудың педагогикалық әдістемелік негіздері қалыптасу үстінде. Оқу процесінде оқытудың ақпараттық-

коммуникациялық технологияларын тиімді пайдалану және қолдану айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр.

АКТ-ны оқу-тәрбие үрдісінде қолдану оқушының қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырады. Өз сабақтарымда АКТ пайдалану арқылы оқушылардың жаңа ойларын, әсерлі идеяларын тартымды етіп көрсететіндігін аңғардым. Жаңа материалдарды бірігіп талдауда да маңызы зор болды. Бұл оқушы және оқытушы жаңа ақпараттарды жеңіл түрлендіреді, жаңа нысандарды жасауға және жылжыту тиімділігіне жетеді. Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

Ақпараттық технологияларды педогогикалық тұрғыдан дұрыс пайдалана білу оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, сабаққа деген ынтасы оянады, өз бетімен жұмыс істеуге, дебат ұйымдатыруға, проблемалық сұрақтарға жауап беруге, өмірмен байланыстыруға еркін де кең мүмкіндік береді.

Ал, оқытушы үшін де маңызы өте зор, ол мына жетістіктермен ерекшеленді: мұғалім үздіксіз ізденіс үстінде жүреді, жеке тұлғаны қалыптастырудағы жауапкершілігі артады, инновациялық технологияларды қолдану іскерлігі, әдіс- тәсілі артады, жас мамандардың қызығушылығын туындатады, интернетке кіру жүйесі арқылы әлемдік деңгейде іс - тәжірибе алмасуды қалыптастырады және оқытудың түрлі әдіс тәсілдерін игеруге қолы жетеді, оқытушының сабақты қызықты, жүйелі түрлендіріп өткізуге машықтанады.

Бастауыш сыныптарда ақпаратты коммуникативті технологияны пайдаланбас бұрын оқушыларға компьютердің құрамдас бөліктерінің дұрыс атауларын жатқа білу және оларды қалай қолдану керек екендігін үйрету керек. Компьютердің алдымен бес құрамдас бөліктерімен таныстыру. Монитор, пернетақта, тышқан манипуляторы, жүйелік блок, басылымға беру құрылысы т. б. бөліктері туралы ақпарат беру. Осы аталған бес бөліктің қандай қызмет атқаратыны туралы оқушыларға түсінік беру. Бастауыш сыныпта ақпаратты

коммуникативті технологиясын пайдаланудың тиімділігі әсіресе бейнелеу өнері пәні, еңбекке баулу пәні сабақтарында оқушылардың жұмыс жасауына өте тиімді әртүрлі бейнедегі суреттерді, графиктік сызбаларды бояй отырып та басып бере алады және уақытты үнемдеуге мүмкіншілік береді. Ана тілі, қазақ тілі, дүниетану пәндері үшін тест жұмыстарын орындау барысында оқушылар уақытын үнемдеуге өте тиімді. Атап айтсам, өзім сабақты түсіндіру кезінде осы ақпараттық технологияның көмегіне жүгінемін. Жаңа сабақты меңгерту кезінде ноутбук және телефон пайдаланамын. «Ай мектеп» сайтына кіріп, әр сабаққа қажетті ойындарды ойнатамын. Тесттерді пайдаланамын. Дұрыс, бұрысын табуға тапсырмаларды анықтаймыз. Ұялы телефон арқылы оқушылар да қажетті ақпаратты тез тауып, қажеттеріне пайдаланады. Олар қосымша сабақтарда автор туралы мәліметтерді, дүниетану пәнінен келген сұрақтарға жауаптарды тауып отырды. Жақында математикадан калькулятордың көмегімен есептеуді үйренгенде де оқушылар телефонмен жұмыс жүргізуді үйренді.

АКТ бастауыш сыныптарда қайталау сабағында, өзін-өзі тексеру барысында, тест жұмыстарын жүргізуде үйден оқулықта берілген тапсырмаларды өздері жазып-сызып дайындап ақ қағаз бетіне шығарып келеді де, тек жауаптарына ойлануына мүмкіндік туғызады. Мысалы сурет, еңбек сабағында геометриялық фигуралардан үй, құстың ұясы т. б. тапсырмаларды орындау керек болса, бала оны сызып жатпай дайын түрде фигураларды ақ қағаз бетіне түсіріп алуына мүмкіндік туғызады. Компьютер арқылы ақ қағазға дайындап шығарып келеді де, бояу, қию жұмыстарын аяқтап тиісті бағасын алады. АКТ бастауыш сыныптарда үнемі пайдалана бермейді бала үшін зиянды жақтарында мұғалімнің ескергені жөн. Яғни, шектеулі уақыт қана көрсету қажет. Заман талабына сай ашық сабақтар беру барысында көрнекіліктерді интерактивті тақтамен көрсетуге тиімді. Ол бәрімізге мәлім жағдай. Өз тәжірибемде бірнеше рет интерактивті тақтаны пайдалана отырып, ашық сабақтар өткізгенмін. АКТ-ны пайдалану мұғаліммен оқушының арасындағы жұмысын жеңілдетіп, баланың ойлануына, көзбен көріп, қолмен ұстап нәтижеге жетуіне ықпал етеді.

**Жаңа ақпараттық - коммуникациялық технологияларды сабақта пайдаланудың тиімділігі:**

- \* Оқушының еркін ойлауына мүмкіндік береді;
- \* Ақыл - ойын дамытады;
- \* Шығармашылық белсендігін арттырады;
- \* Ұжымдық іс - әрекетке тәрбиелейді;
- \* Тіл байлығын жетілдіреді;
- \* Жан - жақты ізденушілігін арттырады.



**ҚОҚЫМБАЕВА САЛТАНАТ ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Мектепалды даярлық топ тәрбиешісі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## **МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚТЫҢ БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУДА МАҢЫЗЫ ЗОР**

Тәрбие мен білімнің алғашқы сатысы мектепке дейінгі орталығында басталатыны бәріне мәлім. Ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына, отаншылдық сезімдерін арттыруға, туған ел, салт дәстүр, моральдық-этикалық нормаларын қалыптастыруда мектепке дейінгі даярлықта жалғасады. Мектеп алды даярлық бұл баланың мектепке келген алғаш қадамы. Балабақшадан келген алаңсыз ойын баласы, жауапкершілікті қалыптастыра бастайды. Даярлық сыныбында оқу-тәрбие ісінің маңызы балалардың өмірін қорғау және денсаулығына қамқорлық жасау болып есептеледі. Мектеп алды даярлық сыныбының жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттің жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартына белгіленген санитарлық гигиеналық нормалармен ережелерге сәйкес келеді. Мектеп алды даярлық оқу жүктемесінде бес білім саласы мазмұны кіреді: «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта»

Даярлық сыныбының тәрбиешісінің міндеті баланы жан-жақты дамыту болса, мен өз жұмысымды мектепке дейінгі баланы дамытуда жаңа стандартын басшылыққа аламын. Баланың қимыл қозғалысы ширақ болғанда ғана денесі қалыпты дамиды. Сыныпта өткізілетін сергіту сәттері, ертеңгілік шаралар осы талаптарды көздейді. Ойын әрекеті арқылы ой өрісін қалыптастырып, сан қырлы жағынан дамып, жан-жақты дамуына жол ашады. Балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылық сезімдері қалыптасады. Өз

ойларын еркін, ашық жеткізуге үйренеді. Тәрбиеші балаларды отан сүйеге, жерін елін қорғауға тәрбиелейді. Сауат ашу, сөйлеуді дамыту сабақтарында баланың дұрыс сөйлеуін, ана тіліндегі қарым-қатынас мәдениетін ана тілінің дыбыстарын дұрыс танытып, дұрыс айтуға үйрету менің басты мақсатым. Адамгершілік құндылық мінез құлық дұрыс қалыптасуын, халқымыздың салт дәстүрімен таныстыру қазіргі заман талабы. Баланың жеке тұлға болып қалыптасуы мінезін тәрбиелеу басты міндет. Жан жақты болып өсуін қадағалау. Мектепке дейінгі даярлықтың міндеті баланы мектепке дайындау. Мектепке баланы бейімдеу кез-келген мектепке дейінгі жастағы бала үшін өзекті мәселе болып табылады. Ал даярлық сынып тәрбиеленушілері үшін ерекше маңызды. Бала мектепке келгеннен кейін оқу оның негізгі іс-әрекетіне айналады. Даярлық сыныпта бала ең алдымен айналасындағы басқа балалармен қарым қатынас жасауды, әдептіліктің алғашқы ережелерін үйренеді. Өз-өзіне қызмет жасауды, адамгершілік құндылықтарды түсіне бастайды. Партада отыру, берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындау, өз іс-әрекетіне мұқият болу дағдылары дамиды. Әріптерді танып, буындап оқуға сандарды танып, қарапайым есеп амалдарын шығарып үйренеді. Балалардың бірінші сыныпта жақсы оқып кетуі үшін, мектеп алды даярлықтың орны ерекше. Сондықтан мектеп алды даярлық сыныбының жұмысы бала өміріне маңызы зор деп білемін.



**ТҰЯҚОВА ӘЛИЯ ШЫНТАСҚЫЗЫ,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Физика пәні мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## **БІЛІМ БЕРУДЕГІ РОБОТОТЕХНИКА**

Соңғы жылдары роботқа және роботты техникаға деген қызығушылық артып барады. Бүгінде роботты техника – өнеркәсіп саласындағы ең бір қарқынды даму үстіндегі сала. Ол азық-түлікті өндеуде, киімдер тігуде, автомобильдер құрастыруда т. б. көптеген орындарда көптеп қолданылуда. Ал енді білім саласындағы білім роботтарының ішіндегі ең мәндісі Lego-құрастырушы. Баланы кішкентай кезінен өзіне сәйкес «дос» құрастырып алуға мүмкіндік беретін, қызығушылығын оятатын әртүрлі «тірі» ойыншықтар қызықтырады. Ата-аналар да балаларын қолдап, оларды сәйкес үйірмелерге беруге тырысады. Роботты техникамен айналысқан баланың міндетті түрде есте сақтау қабілеті, зейіні, ұсақ моторикалық дағдысы, шығармашылық бастамасы, өз бетімен жұмыс жасау және логикалық ойлауы дамитыны белгілі. Сонымен қатар физиканың, математиканың, алгоритмизацияның, жобалау және механизмдерді құру принциптерін меңгереді.

Робототехника негіздерін оқып-үйренуде бірқатар жалпы білім беретін пәндерден білімдерін пайдалану қажет болады. Робототехника оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға және практикалық тапсырмаларды шеше білуге ықпал етеді, сонымен қатар бұл жастарды ғылым, технология, математика арқылы жаңашылдыққа шабыттандыратын, бүгінгі күннің мәселерін шешу үшін өз дағдыларын қолдануға, жағдайды талдауға шығарма-шылықпен ойлауға мүмкіндік беретін өте тартымды білім ортасы десек болады.

Білім берудегі роботты техникасы баланың жас кезінен техникалық қабілеттерін анықтауға және сол бағытта дамытуға мүмкіндік береді. Роботты техниканы бастауыш, негізгі жалпы және орта жалпы білім беруде, бастауыш кәсіптік білім беруде, сонымен қатар арнайы білім беруде де қолдануға болады. Қазіргі таңда роботты техника – білім берудегі әмбебап құрал. Ол қосымша білім беруде де, сабақтан тыс қызметте де, мектеп бағдарла-масының пәндерінде де кездеседі. Роботты техниканы пайдалана отырып, білім беру – бұл ойын үдерісі мен техникалық шығармашылықта

қатар білім беру. Сонымен қатар, роботты техниканы сабақта инновациялық әдіс ретінде қолдану барлық балаларға қазіргі заманғы білім беру технологиясын қолжетімді етеді. Оның ең маңызды ерекшеліктерінің бірі – үздіксіз жүйенің болуы, яғни роботты техника баланың техникалық шығармашылығын дамытуға, балабақшадан бастап мамандық алғанша, тіпті өндіріске шыққанға дейін болашақ инженерді тәрбиелеуге жұмыс жасайды.

Мектепке дейінгі білім беру орындарында балалардың қолынан берілген амалдарды орындауға қабілетті ең алғашқы құралы шығады. Олар өздерінің алғашқы модельдерін жасай отырып, құрылымдаудың және бағдарламалаудың негізгі принциптерін игереді.

Ал енді бастауыш сыныпта «Қоршаған орта» сабағында қоршаған ортамен оқушылар теориялық қана емес, практикалық тұрғыдан да танысуы үшін роботты техниканы пайдаланған өте тиімді. Өйткені ол оқушының сөйлеу қабілеті мен танымдық үдерісіне (сенсорлық даму, ойлауы, зейін, есте сақтауы, елестету) , сонымен қатар эмоционалды және шығармашылық қабілеттеріне жақсы әсер етеді.

Негізгі сыныптарда оқушылар сабақта роботты техниканы теориялық білімін тәжірибе жүзінде бекіту үшін белгілі бір интерактивті элемент ретінде қолданады. Теориялық білімдер нақты ғылымдардан және жаратылыстану пәндерінен болуы мүмкін: математикадан, физикадан, химиядан, астрономиядан, биологиядан, экологиядан.

Физика сабақтарында роботты техниканы лабораториялық, тәжірибелік жұмыстарда және кейбір бөлімдерді игеруде (Механикалық құбылыстар, Жылу құбылыстары, Электрлік және магниттік құбылыстар, Электромагниттік тербелістер және толқындар) ізденіс жобалық жұмыстарда қолдануға болады.

Білім роботтары информатика сабағының «Басқару үдерістерінің ақпараттық негіздері», «Модельдеудің негізгі этаптары», «Алгоритм», «Бағдарламалау ортасы», «ДК архитектурасы» т. б. бөлімдерін меңгеруде оқушыларға негізгі білімдерін жылдам қалып-тастыруға мүмкіндік береді.

Математика пәнінен білімді бекіту үшін ең бір қарапайым да жеңіл мысал ретінде роботтың траектория бойынша жүруін алуға болады. Білім деңгейіне қарай мұнда бағдарламаны құрып көріп, қателесіп қана қоймай, ғылыми тұрғыдан да қарауға болады: мұнда пропорцияның қасиеттері, шеңбердің ұзындығы, тіпті тригонометрия да қолданылуы мүмкін. Кәсіп таңдауға келгенде роботты техниканың арқасында оқушы өзінің кәсіби таңдауын да жасайды. Роботты техниканың кәсіптік білім беру үдерісіне енгізілуі жасөспірімге өзінің техникалық икемділігін дамытып қана қоймай, сонымен қатар таңдаған кәсібінің мәнін түсінуіне де көмек береді.

Роботты техника кәсіби білімді модельдеу, құрылымдау және бағдарламалау арқылы көрсетуге мүмкіндік береді. Кәсіптік білімге роботты техниканы ендірудегі негізгі мақсат – білім, ғылым және өндірістің арасындағы байланысты қамтамасыз ету.

Роботты техниканың инженерлік-техникалық бағыттылығы балаға өз білімін осы салада қарапайым және күрделі инженерлік механизмдерді және техникалық шешімдерді шешу арқылы көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда білім беру саласында әртүрлі роботты техникалық кешендер қолданылуда, мысалы, LEGO Education, FischerTechnik, Mechatronics Control Kit, Festo Didactic және т. б.

**Lego Mindstorms** – бұл кез келген оқушыға кәдуілгі роботты құрастыруға мүмкіндік беретін электронды құрастырушылар ортасындағы ең танымал және өңделген бағдарламаланған құрастырушы. Құрастыруды жеңілдететіндей барлық электроника Lego бөлшектеріне «кіріктірілген. Осы Lego Mindstorms-пен неше түрлі роботтар «тіріледі». Құрастырушының шексіз мүмкіндіктері және бағдарламалық қамсыздандырылуының жеңілдігі кіші тұрмақ үлкендерді де қызықтырады.

Lego Mindstorms Education EV3 базалық жасақтамасы EV3 оқыту роботты техникалық платформасының негізгі компоненті болып табылады. Бағдарламалық қамсыздандырылуымен бірге бұл жасақтама негізгі мектеп үшін өте керемет және әмбебап интерактивті білім шешімдерінің бірі болып табылады. Бұл білімдік шешім оқушыларға екіөлшемді сызбаларды үшөлшемді модельдерді құруда, тестілеуде және математикалық және ғылыми концепцияларды, нақты өмірдің мәселелерін шешуде қолдана алады.

Мектеп және қосымша білім беру аясында Lego роботтың техникалық кешендері мынадай бағыттарда қолданылуы мүмкін:

- демонстрация;
- фронтальды зертханалық жұмыстар және тәжірибелер;

зерттеушілік-жобалық қызмет. Роботты техниканың негіздерін меңгерудің сапалылығы мынадай әдістерді пайдалана отырып ұйымдастырылған сабақтарға да байланысты:

- түсіндірлемелі-иллюстративті – ақпаратты әртүрлі тәсілдермен ұсыну (түсіндіру, айтып беру, әңгімелесу, нұсқаулық (инструктаж), демонстрация, технологиялық карталармен жұмыс, т. б.);

- эвристикалық-шығармашылық қызмет әдісі (шығармашылық модельдер құрас- тыру, т. б.);

- проблемалық – проблеманы қою және оны шешу жолын оқушылар өз бетінше іздеп табу;

- бағдарламаланған – тәжірибелік жұмыс кезінде орындау керек бірнеше

операциялар жиыны; (түрі: компьютерлік практикум, жобалық қызмет);

- репродуктивті – білім мен қызмет түрлерінің өсімін молайту (түрі: үлгі бойынша модельдер мен құрандыларды жинау, әңгімелесу, ұқсас жаттығулар);

- ішінара ізденушілік – педагогтің көмегімен проблемалық мәселелерді шешу;

- ізденушілік – проблемаларды өз бетінше шешу;

проблемалы түсіндіру – проблеманы мұғалім қойып, оны өзі шешеді, шешу барысына оқушылар қатысады.

Роботты техниканы меңгерудегі негізгі әдіс – жобалар әдісі. Жобалар әдісі деп оқушылар өз мәселелерін қойып, өздері шешетін білімдік жағдаяттарды ұйымдастыру технологиясын және оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауын қолдайтын технологияны түсінуге болады.

**Лего-жобаны өңдеудің негізгі кезеңдері:**

1. Жобаның тақырыбын белгілеу.

2. Ұсынылып отырған жобаның мақсаты мен міндеттері. Гипотеза.

3. Құрастырушы Lego-модельдердің негізінде механизмдерді өңдеу.

4. Lego Mindstorms ортасында механизмдер жұмысы үшін бағдарлама құру.

Модельдерді тестілеу, дефектілерді және ақауларды жою. Жобаларды өңдеу кезінде оқушылар бір-бірімен тәжірибе алмасады, ал бұл олардың танымдық, шығармашылық, сонымен қатар өз бетімен жұмыс жасауына тиімді түрде әсер етеді. Сондықтан Lego информатиканы оқытуда қосымша құрал болумен қатар оқушыларға өз бетінше шешім қабылдай білуге, сонымен қатар өзінің іс-әрекеттерін айналадағылармен, яғни командамен ақылдаса отырып орындауына әсер ететініне көз жеткізуге болады. Роботты техниканы меңгерудегі қосымша артықшылығы – мұнда команда құра отырып, қалалық, аймақтық, облыстық, республикалық, халықаралық роботты техника олимпиадаларына қатысуға ықпал жасай отырып, оқушылардың тереңірек білім алуына уәжін туғызады.

Роботты техниканы қолданудағы негізгі мақсат – оқу мақсатын өз бетінше қоя алатын, оған жетудің жолдарын жобалайтын, өзінің жетістіктерін бақылай және бағалай алатын, ақпараттың әр түрлерімен жұмыс істей алатын, оны бағалай алатын және сол негізде өзінің пікірін, ойын, бағалауын білдіріп, дәлелдей алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Яғни, оқушының жетекші құзырлылықтарын қалыптастыру.

Роботты техниканы мектеп пәндеріне ендіру оқушылардың қызығушылығын арттырып қана



коймай, оқу әрекетін түрлендіреді, топтық белсенді әдістерді қолдануға және әртүрлі бағыттағы тәжірибелік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Ел ертеңі – білімді ұрпақ екені бәрімізге аян. Баланы білімді етіп, заман талабына сай тәрбие беру ісінде әрбір ұстаз шығармашылықпен тынбай жұмыс істеуі қажет.

Отанымыздың ертеңгі күнгі тірегі болар халық ойшылдары мен қайратты азаматтарын тәрбиелеуде шығармашылықпен еңбек ету, жаңа ақпараттың технологияларын сабақта тиімді пайдалану үлкен табыстарға қол жеткізері сөзсіз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://ustaz-martebes.kz>.
2. <https://kk.wikipedia.org>.
3. Zunt, Dominik Who did actually invent the word «robot» and what does it mean?. The Karel Čapek website. Тексерілді, 11 қыркүйек 2007.
4. Robotics: About the Exhibition. The Tech Museum of Innovation. Тексерілді, 15 қыркүйек 2008.
5. [https://ust.kz/word/robototehnika\\_jane\\_ony\\_mektep\\_jagdaiynda\\_uiles\\_tiry\\_joldary-8787.html](https://ust.kz/word/robototehnika_jane_ony_mektep_jagdaiynda_uiles_tiry_joldary-8787.html).



**АБУБАКИРОВА УЗИЛДИК ЖОЛАНОВНА,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
музыка пән мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## МУЗЫКА САБАҒЫНДА СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУДЫ ДАМУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беріп, олардың бойына туған жеріне, халқына деген адамдық сүйіспеншілік сезімдерді сіңіруде музыкалық тәрбиенің орны ерекше. Өйткені музыка өнері жасөспірімнің рухани, эстетикалық, дүниетанымдық көзқарасын жарасымды қалыптастырып, көркемдік сезімталдығын арттырып, талғам өрісінің біртұтас дамуына ықпал етеді.

Оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін, оларға көне дәуірден келе жатқан музыкалық, аспаптық шығармаларды, ән, терме, күй, айтыс, жыр, өлеңдерді үйретіп, халықтың рухымен суару қажет.

Оқушылар өнердің бабалар салған мектебінен өткен халықтық өнерді қазіргі заманның ең озық музык үлгісімен сабақтастырады. Қорқыт, Әл-Фараби, Баласағұни, Қашқари, ибн Сина, Бұқар жфрау, Махамбет, Құрманғазы, Тәттімбет, Абай, Шәкәрім, Ақан, Біржан, Мұқит, Ахмет т. б бастау алған ұлттық музыка өнерінің қазіргі ұрпақтың озық өнерімен жалғасып жатқанын аңғаратын болады.

Басқа халықтардың ұлттық шығармаларымен қатар, еуропалық аспаптар, вокал, хор, ансамбль, оркестр және симфония, опера, поэма, кантата, балет сияқты жанр үлгілерімен де таныса алдық.

Музыка арқылы жас ұрпаққа тәрбие беруде мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады:

- адамның жан дүниесін түсінуге;
- жақсы мен жаманды айыруға;
- оқиғаның алдын түсініп білуге;
- жамандықтан жиренуге;
- нәзік үндерді қабылдап, бойына сіңіруге икемдеп, адами қасиетті жоғары ұстауға жетелейді.

Музыка пәнінің мәнін терең түсіну үшін, ең алдымен бағдарламаның мазмұнын және оның негізгі педагогикалық үш міндетін іске асыратын музыкалық-педагогикалық концепцияны жан-жақты талдай білу қажет. Ол үшін міндет мыналар:

- Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру.
- Балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру.
- Балалардың шығарманы мәнерлеп орындау дағдысы бекіту.

Қандай сабақ болсын, ол- мұғалім мен оқушы арасындағы жұмыстың маңызды түрі болып саналады. Сол сабақта мұғалімнің теориялық білімі мен біліктілігінің, ізденісі мен әдістемесінің қандай деңгейде екені байқалады. Музыка пәнінің өзіндік атқаратын мақсаттары мен міндеттері бар. Мысалы: 5

сынып оқушыларына арналған музыка пәнінің негізгі мақсаттары- оқушыларды әлемдік музыкалық мәдениеттің озық үлгілерімен тансытыру, жеке тұлғаның рухани мәнін ашу, ұлттық шығармашылық өнер негізінде шығармашылық ойлауды дамыту. Осы жоғарыда аталған міндеттер мен мақсаттар жүзеге асыру үшін қолданатын сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдістерінің тиімділігі мынада: Мысалы: Қорқыт және Әл-Фараби тақырыбы. Осы екі ұлы ғұламалар туралы оқушыларға қандай түсінік қалыптастыру керек? Осы тақырыпты меңгерту үшін оқушылар орындайтын тапсырма беруге болады. Алдымен оқушылар мәтінді оқып шығып, мынадай үлгіде берілген кестелерді толтырып, талдайды.

1-тапсырма

Қорқыттың музыка саласындағы еңбегі Неліктен солай есептейсің?

Қобызды ойлап табуы Бұрын болмаған аспап ойлап табуы;

Жаңалық ашуы.

Шебер күйші болуы Әр түрлі аспапта ойнай алуы;

Күйлердің бізге дейін жетуіне көмектесуі

Қобызды ойнап, оны тануы Қобызда ойнамаса оның не екенін білмес едік

Күйлер шығаруы Күй шығару арқылы музыканы толықтырды

2-тапсырма

Әл-Фараби кім? Оған осы атақтар не үшін берілді?

Философ Ертедегі аңыз әңгімелерді жинаған, жазған

Энциклопедист Әр түрлі мәліметтер жинаған

Музыка зерттеуші Музыка туралы ой айтты;

Тон, интервал, ырғақ, өлшем сияқты музыкалық теорияларды математикалық жолмен өрнектеді.

Ғұлама ғалым Барлық ғылым саласында да еңбек етті.

Мұндай үлгідегі жұмыстар оқушыларды мәтінмен жұмыс жасауға үйретеді, оқып қана қоймай өз ойын талдайды, талдай отырып басқалармен ой бөліседі, оқушының еңбегін жеңілдетеді және ең бастысы оқушы мәтінді басынан аяғына дейін мазмұндап, жаттанды айтып шықпай өз көзқарасымен талдауға дағдылана түседі. Сабақ соңында оқушылардың деңгейіне қарай күй тыңдатып, оқушылардың тыңдау барысында алған әсерін қағазға жазып келуге тапсырма беруге болады.

Сыни тұрғыдан ойлау әдістері оқушыларды өз бетінше әрекет етуге үйретуге бағыттайды. Ал өз бетінше әрекет етуге үйренген оқушының өмірдегі өз орнын аласпай табуға, қоғамдағы бәсекелестікке қабілетті болуына жетелемек.



### КАДИРОВА ТАРБИЯ НАЗАРГАЛИЕВНА,

«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің

Мектепалды даярлық топ тәрбиешісі

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## БАБАЛАРДАН ҚАЛҒАН САРА ЖОЛ.

### Қазақ этнопедагогикасының өткені мен бүгіні.

XXI ғасырда білім мен ғылым саласында болып жатқан өзгерістер болашақ мамандар даярлауда жоғары мектептің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Жаңа қоғамға сапалы, білімді де, білікті мамандар, жаңа Қазақстан қоғамының құрлысшылары қажет. Мұндай талапқа сай, жан-жақты тәлім – тәрбие алған, отансүйгіш адам тұлғасын қалыптастыру – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет болып табылады. Жаңа ақпаратты қоғамның өркеніетті, прогресшіл бағытына сай, терең білімді, өзгерісті жағдайға тез бейімделгіш, өзге елдердегі замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын

өресі биік ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі қоғам талабына сай, еліміздің білім беру жүйесін баса дамытуға, оны дүниежүзілік деңгейге көтеруге мемлекетіміз ерекше мән бере бастады. Себебі жаһандану процесінің ел экономикасына тигізер оң әсерімен бірге, ұлттық сана – сезімге де тигізер зияны да жоқ еместігіне барлық жұртшылықтың көзі жеткендей. Дүниежүзілік деңгейге көтерілудің, өзге елдермен иық теңестірудің басты белгілері, мысалға: бүкіл әлем жұртшылығы танып, мойындап отырған Жапон елінің азаматтары сияқты, отанын жанындай сүйетін, ата-бабаларының діні мен мәдениетінің, салт-дәстүрлерінің озық үрдістерінен тәлім алған, яғни «елінің өткенінен

хабардар, болашаққа нық кадам баса алатын» АЗАМАТТАР дайындау болып табылады. Ал ұстаз қызметінің негізгі мәні – оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту ғана емес, сол үдерістерді басқаруды шығармашылықпен ұйымдастыра білу. Әрбір жеке тұлғаның, бүкіл халықтың, бүкіл қоғамның тағдыры ұстаз еңбегінің нәтижесіне тікелей байланысты. Осыған орай, бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие және білім беруді арттырудың басым бағыттарын айқындау педагогика ғылымының үлкен бір саласы – этнопедагогиканың еншісінде деп білемін. Соның ішінде, халқымыздың төл мәдениеті мен танымдарынан бастау алатын **ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ** қашанда орны бөлек. Біз қарастырып отырған ұлттық тәлім-тәрбие берудің бүгінгі күнгі қажеттілігінің басты әлеуметтік алғышарттарын: қазіргі қазақ қоғамындағы қайғылы қасіреттер: тастанды жетім балалар, отбасын құрмағандар және ажырасқан жастар, қарттар үйлеріндегі көздерінен қанды жас ағып отырған әжелер мен аталар, ішкілік пен нашақорлыққа салынған жастар, қаулаған қылмыс, сыбайлас жемқорлық, мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының нашарлауы, көрегенсіз қыздар мен ұлдар, ата-ананы құрметтемеуі, ата-ананың бала тәрбиесімен айналаспауы, өз тілін, тарихын, әдебиетін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін білмейтін жастар, тұрмыс-тіршіліктің нашарлауы, экономиканың құлдырауы, жұмыссыздық, табиғат жағдайларының нашарлауы т. б. ұлттық тәлім-тәрбиенің болмауынан пайда болған құбылыстар деп санаймыз. Егер қазақ халқы отбасында және мектепте ұлттық тәлім-тәрбие алған болса, бұл қайғылы қасіреттер болмас еді. Ендігі мақсат еліміздегі тәрбиенің негізі – ұлттық тәлім-тәрбие болуы тиіс. Сонда ғана жоғарыда аталған құбылыстарды болдырмауға және одан құтылуға болады. Осы зерттеліп отырған мәселенің теориялық, әдіснамалық және ұстанымдық негізін жасауға белгілі ағартушы-педагогтар Ф. А. Дистервег, Я. А. Коменский, И. Г. Песталоцци, және т. б. болса, ал шығыс педагогикасының тарихында ұлттық мектеп, ұлттық тәлім-тәрбие және оған болашақ ұстаздарды дайындау туралы алғаш пікір айтқандар ғұлама ойшылдар Әбу Насыр әл-Фараби, Ж. Баласағұни, Қожа Ахмет Яссауи және қазақ халқының біртуар данышпандары А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов; ұлттық дәстүрлерді дәріптеуді қазақ халқының ағартушы-ғалымдары мен қоғам қайраткерлері Ж. Аймауытов, Ы. Алтынсарин, М. Әуезов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаев және т. б. болған. Сонымен қатар Қ. Бөлеев, Н. В. Кузьмина, А. А. Калюжный, К. М. Кертаева, Ж. Наурызбай, А. И. Пискунов, В. А. Сластенин еңбектері де зерттеу жұмысының теориялық негізін құрады. **"Этнос" (ру, тайпа, ұлт) және "педагогика" (оқыту, тәрбиелеу туралы ғылым) сияқты екі сөзден құралып, этнопедагогика деген бұл ғылым жалпы педагогика ғылымдарының бір саласы.**

**Қазақ этнопедагогикасының ғылыми-теориялық алғышарттары:**

1. **Этнопедагогика** - белгілі бір халықтың, ұлттық ерекшеліктерін айқындап, оның өмір тәжірибесі арқылы тәлім-тәрбиелік, дүниетанымдық құралы ретінде қалыптасқан ғылым. **Яғни әрбір халықтың, немесе ұлттың өз ерекшеліктеріне сәйкес тәлім-тәрбие жүйесі қалыптасқан. Ол "қалыпты" ешбір "ғаламдастыру" бұза алмайды.**

2. **Этнопедагогика** жалпы ұқсастығымен дүние жүзіндегі барлық халықтар мен ұлттарға тән ғылымның атауы болғанмен, ол жеке бір халықтың, не ұлттың, өзіне тән тәлім-тәрбиелік (педагогикалық) ерекшеліктерді айқындап көрсетеді. Ол ерекшеліктер әрбір халықтың ауыз әдебиетінен, салт-дәстүрінен, тұрмыс-тіршілігінен айқын көрінеді. Сондықтан этнопедагогика туралы **"жалпылық"** түсініктер мен тұжырымдар бұл ғылымның этникалық мәні туралы жалпылау ұғымды ғана білдіреді.

3. **Жеке халықтың немесе ұлттың (этностың) этнопедагогикасын (яғни ұлттық педагогикасын) ғылым ретінде дәлелдеу үшін, біз ең әуелі сол халықтың, не ұлттың этностық болмысын, тілін тәлім-тәрбиелік құралдарын жан-жақты зерттеп, құрылымын айқындап, содан кейін бұл этнопедагогика сол ұлттың өзіне тән ғылым екендігін дәлелдеп, өз атымен атаймыз. (Мысалы, "Қазақ этнопедагогикасы")**

4. **Ғаламдағы бес мыңнан аса ұлыстар мен ұлттардың әрбірінің өзінің ұлттық (этностық) ерекшеліктері бар. Олар ғылыми жағынан зерттеліп, айқындалмаған, сондықтан олардың бәріне ғылыми жеке-жеке анықтама беру мүмкін емес. Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеліп, ғылыми жағынан дәлелденген қазақ этнопедагогикасы ғылым ретінде қалыптасты да, пән ретінде оқу-тәрбие ісінде қолданылмалы құндылыққа айналды.**

5. **Қазақ этнопедагогикасы - ғаламдағы барлық өркениетті елдердің этнопедагогикалық құндылықтарын бойына сіңіріп, этникалық ерекшеліктерімен айқындалып, дами беретін тәлім-тәрбие туралы ғылым.**

**Осындай ғылыми-теориялық алғышарттары толымды айқындалған этнопедагогика ғана сол ұлттың (этностың) халықтық педагогикасы (этнопедагогикасы) мәнінде ғылымдық атауға ие бола алады. Қазақ этнопедагогикасы – ғылыми ұлттық мәні дәлелденген, педагогикалық мазмұны айқындалған ғылым.**

**Қазақ этнопедагогикасының түп негізі - ұлттық тарихи тәжірибелер.**

"Баланы тәрбиелеуде біз халық тәрбиесіне сүйенеміз" дейді ертедегі грек философы Аристотель. Ал халықтың тәжірибелері оның арғы тегіне, халық болып қалыптасуына, тұрмыс-тіршілігінен бастау алады. Профессор С. Қалиев қазақтардың шығу тегіне байланысты тарихшы ғалым Л. Гумилевтің: "Қазақтар - түрік, монғол, үнді-иран тектес, Қазақстан территориясында тіршілік еткен Еуразия далаларының көшпелі үштігінен тараған сақ, ғұн, үйсін тайпаларының қосындысынан құралған ежелгі халық" деген тұжырымын мысалға келтіріп, "Қазақ халқы негізінен, республиканың қазіргі жерін мекендеген автохтонды (байырғы) тайпалардан қалыптасты және олардың этногенетикалық құбылыстарының түп тамырлары сонау қола дәуірінде, андронов мәдениеті деп аталатын көне кезеңге (б. з. б. XVIII-VIII ғ. ғ.) саяды" -дейді. (С. Қалиев. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы 16-бет. 1998ж. Алматы.)

Міне, осындай тарихи түп негіздері анықталған қазақ халқының этнопедагогикалық негізі - ұлттық тәжірибелер екендігін немен дәлелдеуге болады? Білге хан мен Күлтегінге арналған ескерткіштен (тас жазуынан) басталатын қазақтың тарихи тегін зерттеу ғылыми тұжырымдары түрік тектес қазақ халқының тарихи, этнографиялық, этностық, тұрмыс-салттық белгілерін айқындап берді.

Қазақ халқының тарихи болмысы **мал өсірумен, егіншілікпен, қолөнерімен, аң аулаумен, ел қорғаумен** байланысты. Өмірдегі осы болмыстарына сәйкес халық тәлім-тәрбиелік тәжірибе жинады, ұлттық болмысы мен дәстүрін, салт-санасын қалыптастырды. Халық ұрпағын өз тәжірибелеріне сәйкес мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын, қолөнерін, аң аулауды, ел қорғау үшін ерлік жасауға тәрбиеледі.

Қазақ халқы төрт түлік малды "киесі" бар, "иесі бар" қасиетті жануарлар деп, "ойсыл қара" тұқымы - түйені, "Қамбар ата" тұқымы - жылқыны, "Зеңгібаба" тұқымы - сиырды, "Қошқар ата" тұқымы - қойды, "Шекшек ата" тұқымы - ешкіні бағып - қағуда, олардың өнімдерін пайдалануда есепсіз тәжірибелер жинап, ол тәжірибелерді ұрпақ тәрбиесіне жан - жақты пайдаланған, пайдаланып келеді.

**Еңбек тәрбиесінде** қазақ халқы мал төлдету, мал бағу, мал семірту, мал суару, мал сою (соғым), қой қыркым, жылқы күзеу, т. б. және мал өнімдерін ет сүрлеу, қазы қайыру, айран, қымыз, шұбат ашыту, құрт жасау, май айыру, сыбаға сақтау т. б. іс-әрекеттер мен рәміздерді ұрпаққа үйретіп, тәрбие ісіне пайдаланып келеді. Халық мал өсіруде ұлттық тәжірибелерін түйіндеп, "Мал өсірсен, қой өсір, өнімі оның көл көсір", "Сойсаң саны - қалақтай, саусаң, сүті - бұлақтай, ешкі деген жануар", "сиырдың сүті - тілінде", "жақсы ат - қанатың", "нар жолында жүк қалмас" деп ұрпағын малды сүйе білуге тәрбиелейді.

Қазақ халқының өмірлік, тұрмыстық тәжірибелері егін шаруашылығымен де байланысты соңғы заманда егін шаруашылығының күт мекені болып, тың игерушілердің іс-тәжірибелерімен "миллиард пұт" астық жинаған шаруалардың мақтанышы болған қазақ жерінде егіншілік пен бақша өсіру ертеден бастау алады. Егін егу, егінді баптау, егін жинау, тұқымды асылдандыру ісінде өз тәжірибелерін жинақтаған

халық шаруашылықтану іс тәжірибелерін ұрпақ тәрбиесіне жан-жақты пайдаланып, "еккен адам бидайды, елге ырыс сыйлайды", "өсіре білсең күршісті елің болар ырысты", "арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен", "ексең егін, нан жейсің тегін", "нан болмай, ән болмайды", "жері байдың - елі бай" деген сияқты мақал-мәтелдер арқылы ұрпағын еңбекке тәрбиеледі. "Қараңдаршы бидайды, қауызына симады: диқан оны өсірген, дән қалдырмай жинайды", деген сияқты жыр айтып, "Тербеледі тың дала" сияқты ән шығарып, жас ұрпақтың жер анаға деген сүйіспеншілігін арттырды. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінде **қолөнері** ерекше орын алады. Профессор С. Қалиев: "Есік қаласынан табылған "хайуанаттық нақышта" шекілген алтын әшекейлері бар жауынгердің киімі ежелгі сақ шеберлерінің ғаламат өнерін көз алдымызға әкеледі. Тап осындай ою-өрнек белгілері қазақтардың қазіргі қол өнерінде де кеңінен қолданылады" деп, қазақ халқының қол өнерінің тарихи болмысын айқындап баяндайды. (б. с.17-бет)

Қазақ халқының қол өнері: зергерлік өнер, кілем тоқу, киіз басу, алаша тоқу, түс киіз басу, текемет басу, сырмақ жасау, қару-жарақ жасау, қыш құю өнері бәрі де ертеден бастау алған ұлттық кәсіп болып табылады. Өсіресе, зерлік өнер-өнеркәсіптік мәні бар, әулеттік кәсіптік арқауы бар өнер. Бұл отырықшылықпен де байланысты. Қазақ жерінде ондаған, шығыстық сәнмен салынған қалалар болған. Тараз қаласының 2000 жылдығын, Түркістан қаласының 1500 жылдығын атап өту кезінде бұл шындыққа халықтың көзі жетті.

Қол өнері мен сәулет өнері арқылы халық ұлттық тәжірибелерін ұрпақ тәрбиесіне жан-жақты қолданып, "Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ", "Шебер ісін сүйеді, тастан түйін түйеді", "Зергердің қолы - алтын қол" деп түйіндейді. Әлемшарға белгілі қазақ ою-өрнектері, "Бекет ата", "Айша бибі", "Қарахан" "Ахмет Яссауи" сияқты атақты ғимараттардан көрінген сәулет өнері халықтарына ортақ мәдениет пен тарихтың көне бастауы болғанын бүгінгі ұрпақ өмір тәжірибелерінен көріп отыр", - деп, қазақ этнопедагогикасының методологиялық негізін дәлелді тұжырымдады (б. с. 26-бет).

Қол өнерін еркін меңгерген халық (зергерлік, кесте тігу, ою-өрнектер салу, кілем тоқу, алаша тоқу, ағаш өрнектеу, құмыра құю т. б.) сырлы табиғаттың әдемі әуездерін құлағына сіңіріп әнші, күйші болды, өнер мен еңбекте, тұрмыстық қарым-қатынаста имандылық пен инабаттылықты қалыптастырып, тілін дамытты, дала дарытқан әсемдік пен әуезділікті бойына сіңіріп ақын болды.

Өрісті өмір мен бейнетті өмірден тәжірибе түйе білген дарынды халық ұрпақтарын тәрбиелеудің құдіретті құралдарын жасады. Ол әмбебап әсерімен жеке тұлғаның жүрегін билеп, өзінің адамдығын қалыптастыратын әдебиет (ұлттық әдебиет) және салт-дәстүрлер.

2. Ұлттық тәрбиенің басты құралы ауыз әдебиеті және дала даналарының тәлімдік өнегелері қазақ этнопедагогикасы методологиясының (әдіснамасының) тірек-негізі болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық әдебиеті (жырлар, ертегілер, шешендік сөздер т. б.) әлемдегі ең бай әдебиет. Ол жастарды ерлікке, бірлікке, еңбекке, адалдыққа, адамгершілікке, көркемдікке тәрбиелейді.

Қазақ халқының ұлттық болмысы ерекшеленіп, тәлім-тәрбиелік негіздері қалыптасқандығын айқындайтын оның ауыз әдебиеті, жазу мәдениеті ғылыми-теориялық тұжырымдар жасауға негіз бола алады.

Бала тәрбиесін заттың атын атап, сан үйретуден бастаған қазақтың ұлттық тәліміндегі ерекшеліктер, сол ұлттың тұрмыс-тіршілігіне, тарихи және табиғи жағдайларына байланысты.

Ауыз әдебиетін салт-дәстүрлермен арқауластырып, халық ана тілін ұлттық ойдың көрінісі ретінде айқындап көрсете білді. Балаға сан үйрету үшін ең әуелі заттың не екенін, қандай екенін ұғындырады да, халық соның санын үйретеді ("Бір дегенім - білеу, екі дегенім - егеу, үш дегенім - үстік" т. б.). Сан үйретуді, тіл ширатуды, мақал-мәтел үйретуді, тақпақ жаттауды игі әдетке, одан әдепке, әдептен дәстүрге айналдырып, қазақ халқы "тілашар" дәстүрін қалыптастырды. Қалыптасқан тілашар дәстүрі бойынша халық баланың 5 жасқа дейінгі тәлім-тәрбиесін осы тілашар дәстүрімен байланыстырады.

Тілашар дәстүрі баланың шілдехана тойы, бесікке салу, тұсау кесер рәсімдерінен басталып, бөбектің тілі шыға бастағанда оған сан үйрету, жаңылтпаштар айтқызу, үш жастан бастап тақпақ айтқызу, ән үйрету, дарынын дамыту рәсімдері орындалады.

Табиғатынан өнерпаз, шешен, меймандос мейірілі халық тәрбие мен дүниетаным үшін санамақтарды, жаңылтпаштарды, жұмбақтарды, мазақтамааларды, мақал-мәтелдерді, жырларды, термелерді, шешендік сөздерді, ертегілерді, аңыз әңгімелерді шығарып, оны тәрбиеге салт-дәстүрлермен байланыстырып пайдаланды.

Батырлық жырлар ерлікке, отансүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелесе, **ғашықтық жырлар** мөлдір махаббаттың беріктігіне, әділдікке, ерлікке баулыды, тұрмыс-салт жырлары ұрпақтың дүниетанымын арттырды, еңбекке, адамгершілікке тәрбиелеп, кәсіпке баулыды; терме жырлар кісілікке, бірлікке, достыққа тәрбиеледі, айтыс өлеңдер ұрпақтың өнерпаздығын дамытты, ойын өлеңдер дене тәрбиесін берумен қатар, ұрпақты әсемдікке баулыды, олардың қиялын дамытты; терме жырлар адамгершілікке, бірлікке, адалдыққа тәрбиеледі, шешендік сөздер жеке тұлғалардың ойын, тілін дамытып, тапқырлыққа, әділеттілікке тәрбиеледі, өнегелі сөздер мен тақпақтар жеке тұлғалардың кісілігін қалыптастырды. Қазақ этнопедагогикасының методологиялық тірегі ұлттық әдебиет және тәлімдік өнегелер.

Ауыз әдебиеті - тәрбие құралы. Әуелі жеке дарындардың дуалы ауыздарынан шығып, кейін оны халық қалап, қастерлеп, жаттап, жадында қалдырып, ғасырлар бойы өңдеп, өркендетіп, қадірлеп қалыптастырып, асылым деп ақыл-санасына сіңірген ауыз әдебиетінің үкілі үлгілері - мәдени мұрамыздың ең құнды қазынасы. Ол - ұрпақ тәрбиесінің күн сәулесіндей әсерлі нұрымен от алатын ой тамызығы болып, жанды жалындататын, қиялды қияндататын, ақыл-сананың айшықты көріністерін бейнелейтін қасиетті, киелі мұра.

**Бесік жыры, тұсау кесу жыры, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама, тақпақ, жырлар мен ертегілер, аңыз әңгімелер бәрі де тілді, ойды**

дамытып, тәлім-тәрбие беріп, дүние танытатын этнопедагогикалық ғаламат туындылар. Бұл - халық педагогикасының үлкен бір саласы. Жалпы педагогика ғылымының негізі халық педагогикасында жатыр. Халық педагогикасының бұл саласын этнопедагогиканың және жалпы педагогиканың барлық салаларында ғылыми, іс-әрекеттік негізде пайдалануға болады. Ал, халықтың мақал-мәтелдері педагогикамен қатар, философиялық дәрістердің де түсініктемелеріне арқау бола алады.

Қазақ халқының тілі, ділі, болмысы оның этнопедагогикалық негіздері болып табылады. Қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан басқа тілдерден енген "кірме сөздер" (мысалы: волость-болыс, самовар-самауырын) және тілдер тоғысуы арқылы байып, қалыптасқан бай тіл және байып, дами беретін қасиетті тіл. М. Жұмабаевтің сөзімен айтсақ, "Қазақ тілінде қазақтың сары даласы, біресе желсіз түндей ашық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі - бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай. Осы күні түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ" (М. Жұмабаев. Педагогика. А., 1992).

Көне түрік жазба ескерткіштері, кейінірек нұсқа болып, бізге жеткен қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер ("Кодекс Куманикус"), одан кейінгі қазақ тілінің түрік тілдерінен даралана (өз ерекшеліктерімен өзгеше дамуы байқалған) бастауы кезіндегі пайда болып, этнопедагогика тарихында алтын арқау болып қалған. "Қорқыт ата кітабы", Әл Фарабидің 200 кітаптық еңбектері, Қожа Ахмет Яссауидің "Диуани хикмат" ("Даналық кітабы"), Махмұд Қашқаридың "Диуани лұғат ат-түрік" ("Түрік тілінің сөздік кітабы") одан кейінгі ұлы тәлімгер Мұхамед Хайдар Дулатидың "Тарих-и Рашиди", "Жаһаннама" кітаптары - қазақ тілінің және этнопедагогикалық ойдың дамуын көрсететін тарихи құндылық болып табылады.

Қазақ этнопедагогикасының методологиялық тірегі - ұлттық әдебиет десек, сол ұлттың әдебиетінің ауыз әдебиетінің жалғасын жазу әдебиетімен жалғастырып, жазу әдебиетінің негізін қалаған Абай, Ыбырай шығармалары қазақ халқының ұлттық әдебиетінің өркендеуінің бағдаршамы болды да, қазақ әдеби тілін қалыптастырды.

Қазақ этнопедагогикасының тарихи негіздерін зерттеу методологиясында (әдіснамасында) біз қазақ тілінің лексикалық, фонетикалық, синтаксистік, графикалық ерекшеліктерін ескеріп, оны зерттеу тәсілдерінде, іс-әрекетте қолданамыз. Мысалы: Көне түрік тілінде сөз басында қолданылатын "й" дыбысы, кейін қазақтың дамыған тілінде "ж" дыбысы болып, (йоқ-жоқ) "ч" дыбысы, "ш" дыбысы болып (челек-шелек, қачан-қашан), л, д, т дыбыстары ассимиляцияланып (дослар-достар), жеке сөздер не жуан, не жіңішке дыбыстардың үндесуімен сингармонизациялық үндестік тауып, кейде "й" дыбысының дифтонгтік әсермен түсіп қалуы (ауызша: келейатып-жазбаша: кележатып) т. б.

Қазақ тілінің жазу мәдениетінде руна жазуы, араб жазуы, латын жазуы, кириллица жазуы тарихи кезеңдерге байланысты өз кезінде пайдаланылды, соңғы жазу - кириллицаны (1940 жылдан бері қазақ тілі

жазу мәдениетінде) ұлт оны өзінің ана тіліне лайықтап, қазақ тілі емлесі ретінде пайдаланып келеді. Қазақ этнопедагогикасының тарихын этнографиямен, жазу мәдениетімен байланыстыра зерттегенде біз осы жазу қолданыстарын жан-жақты зерттеп, жазу мәдениетінің белгісі ретінде қарастырамыз.

Қазақ тілі - қазақ ұлтының ұлттық тілі, Қазақ Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Қазақ тілі республикалық барлық мектептерде, жоғары оқу орындарында міндетті оқу пәні ретінде оқытылады, сондықтан қазақ этнопедагогикасының тәрбиелік мәнін пайдалануда біз қазақ тілін жан-жақты пайдаланамыз.

Қазақ тілі Москва Мемлекеттік Университетінде Петербург мемлекеттік университетінде т. б. жоғары оқу орындарында Өзбек, Қырғыз, Түрікпен мектептерінде, Түркия, Польша, Швеция, Германия, Болгария, Венгрия т. б. мемлекеттерде, әсіресе түркі тілдес мемлекеттерде оқытылады, бұл жағдайда этнопедагогикалық шығармалар осы аты аталған жоғары оқу орындарымен қатар ірі-ірі мемлекеттерде де қазақ тілінде тәрбиелік іс-әрекетте қолданылып, этнопедагогикалық мәнін арттырып келеді.

Қазақ тілінің тәрбиелік (этнопедагогикалық) мәні оның әуезділігі мен үйлесімділігіне де байланысты. Дүниежүзіндегі тілдердің ішінде қазақ тілі ең әуезді, әсерлі, үйлесімді тіл болып табылады. Қазақ халқы шешен халық. Әрбір шешендік сөз тыңдаушыны тәрбиелейді, оған ана тілінің ақиқаттарын, асылдандыра үйретеді. Ал ақындық (көбінесе жатқа айтушылық) өнері тәрбиеленушінің ойын, тілін дамытумен бірге, оның қазақи қасиеттерін қалыптастырады. Соның бәрі ана тілінің (яғни қазақ тілінің) қарымдастығына байланысты. Тіл ұрпаққа шешендікті де, тіл өнерінің барлық жанрларын үйретеді.

Қазақ этнопедагогикасының (ұлттық тәрбиенің) негіздерін біз ұлттық ділмен (болмыспен) рухани негіздерімен, ұлттық ерекшеліктерімен (менталитет) байланыстырамыз.

Қазақ халқының ұлттық болмысы оның иманды, қонақжай, ержүрек, өнерпаз, шешен, намысты халық екенін көрсетеді.

Қазақ халқының имандылығын оның әдеби мен қайырымдылық дәстүрлерінен, кісілік бейнесінен көреміз. Иmandылық дінмен де байланысты. Мұсылман дінін өз діліне сіңіре қалыптастырған халық имандылық рәсімдерін толық орындау әрбір перзенттің парызы деп есептейді.

Кең даланы мольнан иемденген халықтың қонақжайлығы ұлттық тұрмысқа (көшпелі, жер шалғайлы, мал шаруашылықты тіршілік т. б. ) байланысты. "Құдайы қонақпыз" деп, келген адам ұлтына, жынысына, тегіне, жасына, нәсіліне қарамай, ауылдағы кез келген үйге қонақ болған. Қонақ күту, қонақты шығарып салу рәсімдері (мал сою, сыбаға беру, ат мінгізіп, шапан жабу) әрбір отбасының жағдайына қарай, мүмкіндігінше толық орындалатын болған.

**Қазақ халқы ержүрек, батыр халық** оған көптеген батырлық жырлар және батырлық жәдігерлер дәлел бола алады. Батырлар елі осынша кең далаға ерлігінің арқасында еге болғандығы қазақ этнопедагогикасында тәрбие құралы ретінде пайдаланылады.

**Қазақ халқы өнерпаз, әнші, ақын халық.** Қол өнерінен бастап, барлық өнерді жастарынан үйренуді талап ете білген халық **"ер жігітке жетпіс өнер де аз", жігіт "сегіз қырлы, бір сырлы" болу керек** деп түйеді.

**Қазақ ұлтының әрбір өкілінің ақындық бейімділігі бар.** Ол өз ойынан өлең шығармаса да, қазақтың қара өлеңдерін жатқа біледі. Мысалы: қазақ халқының осы бейімділігі "қонақ кәде" рәсімінде пайдаланылады.

Қазақ халқының "дала мәдениеті" оның саналуан өнерпаздық, әдептік ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл үрдіс қазақ этнопедагогикасының (ұлттық тәлім-тәрбиесінің) тәрбиелік құралы болып табылады.

Қайырымдылық, мейірімділік қасиеті бар халық (қазақ ұлты) басқа халықтармен (ұлттармен) ақжарқын достасып, бірлікті, достықты, ынтымақты, тыныштықты сақтай білуді өзінің адами парызы деп есептейді. Қазақ Республикасында тұратын жүзден аса ұлттардың достығы мен бірлігі, ынтымағы осы тұжырымның айқын дәлелі болады.

Қазақ халқы (ұлты) басқа ұлттардың бәрін де бауырына тартып, оларға қамқорлық жасап келеді. Мысалы, ХХ ғасырда қазақ даласына жер аударылып келген кәріс, неміс, шешен т. б. ұлт өкілдері қазақ халқының қамқорлығына ие болып, елмен сіңісіп, бауырласып, жаны жақындасып, қаны араласып кетті.

Қазақ этнопедагогикасының методологиясында (әдіснамасында) осы үрдістерді ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір өзегі ретінде қарастырамыз. Өйткені әрбір ұлттың (этностың) тәрбиелік (этнопедагогикалық) үрдістеріндегі ерекше әсері тиетін, тәрбиелік қағидаларын айқындайтын құбылыс - сол ұлттың өзіндік (ұлттық) ерекшеліктері болып табылады. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері - біз жоғарыда мысалға келтірген: имандылық, қонақжайлылық, батырлық, ақындық, әдептілік (мәдениеттілік), мейірімділік, өнерпаздық - қазақ этнопедагогикасының алтын өзекті арқауы болып табылады.

Егеменді ел болғалы (1991 жылдан бастап) ұлттық тәрбиеге ерекше мән беріліп, сол ұлттық тәрбие туралы ғылымды жүйелеу міндеттері алға қойылды. Қазақ халқының педагог-ғалымдары әдебиет пен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін зерттеп, халық педагогикасының ғылыми жүйесін жасай бастады. (Мысалы: Елікбаев Н. "Ұлттық психология". 1992; Наурызбаев Ж. "Қазақтың ұлттық тәлім-тәрбие атауларының түсіндірме сөздігі", Жарықбаев Қ., Қалиев С. "Қазақтың халық педагогикасының тарихынан" 1992; Жарықбаев Қ., Табылдиев Ә. "Әдеп және жантану" 1994 т. б.)

### **Қазақ этнопедагогикасының құрылымы туралы ғылыми қағидалар.**

Қазақ этнопедагогикасы біз жоғарыда дәлелдегендей 30 жылдарынан бастап ғылыми бастауларымен көрінеді. Яғни, ұлттық тәрбие туралы Ахмет Байтұрсынұвтың, Сәкен Сейфуллиннің, Мыржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаевтің, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мұхтар Әуезовтың пікірлері жарық көріп, ұлттық әдебиеттің тәрбиелік мәні ашыла бастады.

Халық педагогикасын жан-жақты зерттеген ғалымдар ұлттық тәлім-тәрбие туралы ғылымның жүйесін жасап, ол ғылымның атауын айқындау үшін, орыстың ұлы



педагогі К. Д. Ушинскийдің халық педагогикасы туралы тұжырымдарын, Г. Виноградовтың "Народная педагогика" ("Халық педагогикасы" 1926), Чуваш педагогі Г. Н. Волковтың "Чувашская народная педагогика", "Этнопедагогика" (1974) деген еңбектерін саралап қарап, "Қазақ этнопедагогикасы" ғылымының атауын айқындады да, оның құрылымын дәлелдеп белгіледі.

"Қазақ этнопедагогикасы" - ғасырлар бойы халық қалыптастырып, өмірге қолданып келген ұлттық ғылым. Бұл ғылымды біз жүйелеп, құрылымын айқындадық. Яғни "Қазақ этнопедагогикасы" ғылымының құрылымы: *халық педагогикасы* және *ұлттық педагогикалық ойлар тарихы* сияқты екі бөлімнен тұрады.

Ал, **халық педагогикасы** деген бірінші бөлім екі санаға бөлінеді. Ол: қазақ халқының **ұлттық әдебиеті** (көбінесе ауыз әдебиеті) және ұлттық салт-дәстүрлер. Ауыз әдебиетінің (жалпы ұлттық әдебиеттің) жанрлық түрлері: шілдехана жыры, бесік жыры, тұсау кесер жыры, санамақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мазақтамалар, мақал-мәтелдер, тақпақтар, жырлардың басқа да түрлері (батырлық жырлар, ғашықтық жырлар, тұрмыс-салт жырлары, дастандар т. б.), айтыс өлеңдер, өтірік өлеңдер, ойын өлеңдері, термелер, өнеге сөздер, ертегілер, аңыз әңгімелер, әзіл-оспақтар. Қазақ халқының халық педагогикасының екінші бір, негізгі, саласы халықтық (ұлттық) салт-дәстүрлері болып табылады. Қазақ ұлтының салт-дәстүрлерінің өз ерекшеліктері бар. Ғылыми жүйемен айқындасақ, ұлттық салт-дәстүрлері: **игі әдет, әдет-ғұрып, әдеп** болып қалыптасқан жүйе **ұлттық рухани (мәдени) іргенегізі** болады. Мысалы: **қайырымдылық** сияқты игі әдет әуелі жеке тұлғаның **игі әдеті** болса, ол көпшіліктің қолданысында **әдет-ғұрыпқа**, яғни рулық топтық қолданысқа айналған, ол бүкіл ұлттық қолданыста өз көрінісін тапқанда оны **ұлттық әдеп** дейміз. (Әдеп - мәдениет деген ұғымды білдіреді) ал "әдептілік" - "мәдениеттілік" деген ұғымды білдіреді.

Әдептің бүкіл ұлттық қолданысқа айналуы (мысалы, халықтың қайырымдылығы) дәстүр деп аталады да оның сөзсіз орындалуы **салт** (заң) деп аталады. (Мысалы, **қайырымдылық** қазақ халқының сөзсіз орындайтын заңы) Ал сол заң ұлттық санаға сіңіп, біржола орындалу дәрежесіне жетсе, оны салт-сана (яғни ұлттың санасына сіңген заң) болып қалыптасады. Этнопедагогика ғылымында дәстүр, салт, салт-сана **мәдени рухани сәулет** деп аталады.

Қазақ халқының әдебі, дәстүрі, салты, салт-санасы түрлі рәсімдер мен рәміздер арқылы іске асырылады. Мысалы: үйлену тойын жасау дәстүрінің рәсімдері: құда түсу, ұрын бару; бет ашар, тойбастар өлеңдерін айту т. б. рәсімдер одан басқа сол **рәсімдердің**: ала арқаннан аттамау, отқа май құю, қол ұстатар, шаш сипатар т. б. **кәделері** болады, **сақинаны салу белгісі (рәмізі)** сол кәделердің орындалуына сәйкес қолданылады.

Бұдан басқа да салт-дәстүрлердің жөн-жоралғы, ырым, тыйым рәсімдері (салт-дәстүрді орындау іс-әрекеттері)

дала мәдениетінің заңды құбылыстары болып қалыптасқан. Олардың этнопедагогикалық өз мәндері мен мағыналары бар.

"Қазақ этнопедагогикасы" ғылымының екінші саласы **этнопедагогикалық ойлар тарихы** деп аталынады. Бұл сала бойынша біз ұлттық тәрбиеге әсер етіп, ұлттық мәдениетті дамытудың негізі болған этнопедагогикалық ойларын тасқа қашап жазып, қағаз бетіне түсірген ұлы ғұламалар мен дала даналарының ойларын зерлеп көрсетеміз.

Мысалы: Күлтегін тас жазуы ерлікке, бірлікке тәрбиелейді, Қорқыт ата кітабы елдікке, адамгершілікке тәрбиелейді, Әл Фараби ұлы ұстаз, ғұлама ғалым ретінде ұрпақты ғылым үйренуге, адами ақылдылыққа тәрбиелейді, Жүсіп Баласағұни ұлттық парасатқа жетуді уағыздайды, Махмұд Қашқари ұлттық жетілуді, Мұхаммед Хайдар Дулати ел басқарушының өнегелерін уағыздайды. Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов халық ағарту ісін, ғылым үйренуді жоғары қояды, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мыржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов қазақ халқының ұлттық дәрежесін айқындап, ұлт мәдениетін дамытып, елдің елдігін қалыптастыруды мақсат етіп, этнопедагогикалық еңбектерімен ұлтына қызмет етіп, ұлағатты ұстаздық еңбектерін қалдырды.

Жоғарыда айтып кеткен ұлы ғұламалар мен ағартушы-педагогтар, ақын-жазушылар ұстаздық етуде және тәлім-тәрбиелік еңбектер жазуда өз ұлтының салт-санасын үңіле зерттеп, сан ғасырлық тарихы бар ата-бабаларының халықтық педагогикасы мен психологиясына терең ғылыми талдау жасады. Сөйтіп, олар қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрі мен тәлімдік мұраларын жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие беруде пайдалану жолдарын көрсетті. Сол мақсатта олар қазақ мектептерінің оқушылары мен ұстаздарына және болашақ ұстаздарға арнайы оқулықтар, оқу құралдары мен әдеби шығармаларын жазды.

Ағартушы-педагогтардың оқушыларға ұлттық тәлім-тәрбие беруге және оған ұстаздарды даярлау мәселесіне арнап жазған еңбектеріне талдау жасай отырып, мынадай қорытындыға келеміз, қазақтың ағартушы-педагогтарының еңбектерінің ұлттық сана-сезімді, ұлттық намысты, тарихи сананы қалыптастыруда алатын орны мен маңызы ерекше. Сондықтан сол қазақ тәлімгерлерінің ой-пікірлерін егемен еліміздің бүкіл халқын, әсіресе жас ұрпағымызды қазақ халқының ұлттық рухында тәрбиелеу негізіне алынуы, ол үшін олардың сол ұлттық тәлім-тәрбие беру туралы көзқарастары жан-жақты зерттеліп, оқу-тәрбие жұмысында кең қолданыс табуы тиіс. Сонда ғана ұлттық тәлім-тәрбие – ұлт болашағының негізі бола алады. Осыдан ұлттық тәлім-тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, адамгершілік, иманжүзді, сұлу да сымбатты, халқын, елін, туған жерін, оның табиғатын сүйетін ұлтжанды, ата-бабамыз армандаған «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат болып өседі деп айта аламыз.



**КЕМАЛОВА ОРНАЙ ТЛЕУҚЫЗЫ,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Бастауыш сынып мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ БІРЛІГІ**

Қазіргі мектепте оқу және тәрбие үдерісінің құрылымы мен мазмұнының жаңаруы, жаңартылған білім мазмұнына негізделуі, мұғалімдер мен оқушылардың көзқарасының, олардың өзара қарым-қатынасының, сабақты ұйымдастыру формалары мен өткізу технологиясының, көптеген оқу пәндерін оқытудағы көзқарастың өзгеруіне байланысты отбасының да баланың сабағына жәрдемдесу мүмкіндігі жаңа сипатқа ие болды. Сондықтан да қазіргі заманның ағымына байланысты балаға ықпал етудің жаңа тәсілдерін ойластыру мен жүзеге асыруда мектепке ата-ананың көмегі өте қажет.

Ғылым мен техниканың прогресстік даму кезеңінде өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы жағдайында өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктігі мен білімділігін арттыру қажеттігі туындап отыр. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңында: «әрбір бала отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқылы, олардың қамқорлығы мен тәрбиесін алуға құқығы бар. Сондай-ақ бала дене, ақыл-ой жағынан толық жетілмегендіктен, олар туылғанға дейін де, туылғаннан кейін де ерекше мейірімділікке, қамқорлыққа, әсіресе, құқықтық қамқорлыққа мұқтаж»-деп көрсетілген, [1, 10]. Яғни онда әрбір ата-ана баласына қазіргі заман талабына сай білім алуын қамтамасыз етуіне, баланың жеке басын, талантын, дене және ақыл-ой қабілетін дамытып, адам құқығын құрметтеуге, баланы өз ата-анасын сыйлауға, оның мәдени тұрмыс-салтын, тілі мен құндылықтарын, еліміздің ұлттық байлықтарын бағалауға тәрбиелеуі міндетті деп аса зор мән берген. Баланың бойына қажетті құндылықтарды отбасы мен мектептің бірлігінде ғана сіңіре аламыз. Сондықтан мектептегі білім беруді басқарудың ұсынысы «мұғалім – отбасы – ата-ана» келісімі негізінде жасалды. Отбасы мен мектептің бірлікте басқару функциялары және

қағидаларын орындау әртүрлі әдістерді қолдану жолымен жүзеге асырылады.

Осыдан ғылыми – зерттеу барысында ата-ананың мектептің іс-әрекетіне қатысуы:

– отбасы мен мектептің бірлігі арқылы оқушының білім сапасын арттыру мүмкіндіктерін түсінуіне; алады.

– қалай, қайтып мектеппен бірлесе баласының білім сапасын арттыруды шешетініне;

– отбасы мен мектептің бірлігі арқылы баласының білімін бағалау сапасын қадағалауды, жүзеге асыра

Адамдардың психологиясының әр түрлілігі оқушының әке-шешесімен бірліктегі әрекетінде ұстаздар қауымына пайдасымен қатар өзіндік қиындықтарды да туғызды. Сондықтан ата-аналардан кімді, не үшін, қалай іске араластырамыз деп ойластырылып, педагогикалық ұжыммен келісе отырып, бірлікте атқаратын жұмыстардың барлық мүмкіндігі анықталып, тиімділіктері іріктеп алудың маңызы зор. Ата-аналарды мектептің басқаруына қатыстыруды дұрыс ұйымдастыра алсақ, жалпы мектепке көп өзгеріс, үлкен көмегін әкелетінін анық. Мұнда отбасының оқыту материалының деңгейі туралы түсінігінің болуы, білуі, оқуға деген мотивін дамыту арқылы баланың сабағына көмектесуі, білімнің қажеттілігіне баланың көзін жеткізуі немесе қызықтыра білуі маңызды. Баланың сабағына отбасындағылардың көмегі өте қажет. Ол үшін ата-ана балаға қалай, қайтып көмектесуді білуі керек. Сондықтан отбасының мүмкіндігін анықтап, мұғалім ата-анаға кеңес түрінде үйретіп отыру қажет.

Отбасы мен мектептің біріккен әрекеті кезінде ата-ананың шешімі өте қажет. Мектептің іс-әрекетінің тиімділігі ата-аналар шешіміне тікелей байланысты. Мұнда бастысы -отбасының мектепке сенімі. Мысалы: баланың білім деңгейін анықтағанда, ата-ананың

келісіміне қарай оқушымен жеке жұмыс жасаудың жолдары келісіледі. Сыныптан пәндік жарыстарға, пәндік олимпиадаларға, баланың қатысуы отбасындағылардың баласына қолдау көрсетуі де балалардың қызығушылығымен қатар ынта-ықласын, өзіне деген сенімін оятады.

Баланың мектептегі тәртібіне, мұғалім мен қарым-қатынасына, сөйлеу әдебіне, ортада өзін-өзі ұстау мәдениеті де отбасындағы берілетін тәрбиемен тікелей байланысты. Бұл оқушының сабаққа дұрыс қатысуына, «білімді өзім үшін меңгерем» деп ой түюіне, жақсылыққа ұмтылуына, менмендіктен, озбырлықтан аулақ болуына зор ықпал ете алады.

Мұғалімдердің тарапынан кәсіби маман ретінде ата-аналарға арналған жаңа форматтағы ата-аналар жиналысын өткізу де ата-анаға үлкен көмек ретінде қарастырылады. Тоқсан сайынғы өткізілетін ата-аналар жиналысынды әр оқушының жетістік портфолиясын ата – аналарға таныстырып, балаларының өсу деңгейін көрсетіп отыруы тиіс. Бұл біріншіден мұғалімнің өлшеусіз еңбегі болса, екінші жағынан әр оқушының өсу, даму деңгейінің нәтижесі болмақ. Осыдан барып «мектеп-оқушы-ата-ана арасындағы сенімділік, жанашырлық сияқты ынтымақтастық формалары қалыптасады.

Үлгермейтін немесе тәртібі нашар оқушының үлгерімін немесе тәртібін жөндеудің жолдарын ортақ қарастыра алады.

Сынып жиналыстарының үлгісі. Ата–аналар жиналысы.

Тақырыбы: «Балам қалай бағаланып жүр? »

Мақсаты: Ата –аналар бағалау түрлерімен (формативтік, суммативтік, критериалды) танысады, критериалды бағалауды қолданудың тиімділігін біледі. Күтілетін нәтиже:

Ата – аналар бағалаудың түрлерімен танысады, мұғалімдер пайдаланатын бағалау түрлері туралы біледі. Ата –аналар балаларының жаңаша бағалану түрлерін таниды.

Негізгі ұғым:

– ата-аналарға балаларына ықпал ету арқылы баланың өзіне сенімін нығайту,

– Балаларын бағыттау, бағалаудағы әдістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Ұйымдастыру кезеңі

1. Психологиялық сәт. Жағымды ахуал қалыптастыру.

2. Шаттық шеңбер

«Мектептегі көңіл-күй, достармен! » Шаттық шеңберге тұрады: Тренинг «Алма»

Сіздердің алдарыңызда тұтас үлкен әдемі алма тұр. Біздің арамызда ешқашанда түсінбеушілік болмасын деген тілек айтқым келіп тұр.

Алмадағы сандарды көрсетіп, сұрақ қоямыз. Сіздердің өмірлеріңізде бұл сандар қай жерде кездеседі? Ата-аналар өз бетерімен жиналыстың тақырыбын анықтайды.

Жиналыстың тақырыбы «Бағалау»

3. Миға шабуыл. Миға шабуыл. (2-3 минут)

1. Ойланып сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Бағалау дегеніміз не?
- Бағалау не үшін қажет?
- Ал, білім не үшін керек?

Ал енді келесі сәтте өздеріңіздің балалық шақтарыңызды бір сәт еске алып көріңіздер. Ең алғашқы алған бағаларыңызды еске түсіріп көріңіздерші.

– Сол кезде қандай сезімде болдыңыздар?

– Ойлаңыздаршы, ондай сезім неден туындады.

– Ата- аналарыңыз төмен баға алғанда қалай қабылдады?

– Сіздердің кездеріңізде мұғалімдер қандай сөздер айтып, қалай ынталандыра білді? Осындай сөздерді естігенде

– қалай сезіндіңіздер?

2. Мысалы мынадай мәселеге тоқталайық. Егер анасы баласына: «Сен өте әдемі сурет салдың. » немесе

«сен төсекті дұрыс жинамадың»- дегенде ол баласының әрекетіне не берді деп ойлайсыз? Әрине ол бағалады

4. Топқа бөлу.

2 түсті көмегімен топқа бөлу

Топ ережелерімен таныстыру (слайд)

Жұмысқа кірісер алдында мен сіздерді мынадай ережелер мен таныстырып кетсем:

1. Әр ата- ананың сөйлеуге құқы бар, (3 мин)

2. Барлығымыз ортақ жұмыс істегендіктен, біздерде көрермендер жоқ. (10 мин)

3. Балаларымыз бір сыныпта оқыған соң барлығымыз доспыз, тәрбиелі де мідениетті адамдармыз. Өзіміздің де өзгенің де құпияларын сақтай аламыз. (3 мин)

4. Біз бір-бірімізге сенеміз. (3 мин)

5. Сергіту сәті

Әр топқа тапсырма: Алдарыңызда жатқан ресурстарды пайдаланып үйдің суретін салыңыздар. Өз суреттеріңізді бағалаңыздар.

Ендігі кезеңде суреттеріңізді бір бірлеріңізбен ауысыңыздар.

– Бағалаңыздар.

Топтар қойған бағаларды қорғайды.

– Неге осындай баға қойылды?

– Баға қойғанда неге көңіл бөлінді?

– Келесі сәтте тақтаға назар аударыңыздар.

Критериалдық парақты пайдаланып тағы бір рет баллдарды қоюларыңызды сұраймын. Тақтада слайд Дескриптор арқылы баллдарды бағаға аударыңыздар. Критериалдық парағы бойынша баға қойған оңай ма?

Сіздер суреттеріңізді бағаладыңыздар. Қандай бағалау түрлерін қолдандыңыздар? Бұл бағалаулардың айырмашылығы бар ма?

Қай бағалауды таңдаушесіңіздер?

6. Постер жасау

7. Құрметті ата –аналар, бүгінгі жиналысымыздың тақырыбы бағалау, осы бағалаудың бір неше түрлерімен танысып жатырсыздар. Осы түсінген ойларыңызды жинақтай отырап постер жасауларыңызды сұраймыз.

Әр топ постерларын қорғайды

7. Рефлексия.

Мектеп – кеме, білім –теңіз. Осы білім теңізіндегі кемеде әр қайсылыларыңыздың балаларыңыз бар екен. Әр ата-ана өз баласының біліміне аландаулы. Қай ата –

ана болса да өз баласының болашақта білімді азамат болуын қалайды. Сондықтан, бәріміздің тілегіміз білімді тұлға қалыптастыру. Көптің тілегі - көл демекші, өзіміздің жүрегімізде, көңілімізде жүрген тілектерімізді балаларымызға жолдасақ. Жүрек- ол сезім, алақан – ол жылулық, күн – ол жарық сәуле. Олай болса алдарыңызда жатқан күннің, жүректің, бейнелеріне балаларыңызға тілектеріңізді жазып, білдірулеріңізді сұраймыз, «Күн шуағы» өздерінің тілектерін жазады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы – Алматы: Юрист, 2007. –16б.

2. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қ. Р. Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қараша № 17669.

3. «Білім беруді жаңарту аясында оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау» тақырыбындағы оқыту семинарының материалдары. Астана 27. 01. 2016

4. Бастауыш мектепте оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктері. Иманбекова Б. І, Саметова Ф. Т. , Алматы, 2004ж.



**ТУРУМОВА АЙСАУЛЕ НУРУЛЛАЕВНА,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## ЕЛ МЕН ЕЛДІ ТЕҢЕСТІРЕТІН - БІЛІМ

Елімізде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және т. б. өзгерістер білім беру жүйесіне де әсер етуде. Яғни, білім беру жүйесінің қазіргі жаңа құрылымы мен оқытудың жаңа мазмұны оқытушылардан жаңа іскерлік пен ізденісті талап етеді. Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлға аралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаңалық» ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек. Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер интербелсенді деп аталып жүр.

Демек, интербелсенді оқыту әдістері тұлға аралық қарым-қатынасқа негізделіп отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Бұл әдіс әсіресе, сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бірігіп жұмыс істеуге үйретеді. Олардың ізденуін, шығармашылықпен әрекет етуін қамтамасыз етеді. Интербелсенді әдіспен сабақ өткізу кезінде оқытушы кеңесші, серіктес рөлін атқарады. Ал топ белсенді

түрде әрекет ете отырып, бірін-бірі қолдау, толықтыру арқылы сұхбат құруға үйренеді. Екі оқушының сұхбатына үшіншісі де араласуына болады. Ол қарсы топтың оқушысы болуы да мүмкін.

Ғалым Қ. Қадашева өз еңбегінде интербелсенді әдістерін «жоғары белсенділікті дамыту» дей отырып, оның негізгі ұстанымдарын төмендегідей белгілейді:

- өзінен-өзі пайда болатын ұстаным;
- ішкі сезім уәждемесі;
- стратегиялық қуаттылық;
- тәуекелге бару;
- тіл мен мәдениет арасындағы байланыс;
- аралық тіл;
- коммуникативтік құзырет [1,109].

Оқыту үрдісінде интербелсенді әдістерін қолданудың негізгі көздейтін мақсаты – оқытудың жүйелі түрде сұхбатқа, әңгімелесуге құрылуы, оқушының білімді меңгеруде белсенді түрде жұмыс жасауы, басқалармен пікір таласы, қарым-қатынаста болуы, алға қойған мақсатты жеке оқушы емес, ұжым болып шешуі. Мұндай сабақты ұйымдастыру мұғалім мен оқушыдан үлкен белсенділік пен шығармашылықты, жауапкершілікті қажет етеді.

Р. Құдиярова өз зерттеуінде интербелсенді оқыту әдісінің кез келген пәнде, кез келген деңгейде пайдалануға келетінін нақты мысалдар арқылы тұжырымдайды [2,9].

Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде интербелсенді әдістерді орынды пайдалана білудің маңызы зор екендігі жүргізілген тәжірибелер арқылы нақты дәлелденіп жүр.

Мәселен, қазақ тілі сабағында «Зат есімнің сөйлемдегі қызметі» тақырыбын өту үшін қызығушылықты ояту кезеңінде мұғалім оқушылардан төменгі сыныптарда өткенін еске түсіреді. Сөйлем мүшелері туралы, олардың түрлері туралы шолу жасайды, сөзжұмбақ шешеді немесе топтастыру стратегиясын қолданады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркендіргіш сигналдар жіберу арқылы әсер ету жүзеге асады. Бұл кезеңде қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұптық талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» т. б. деген аттары бар әдістер жинақталған.

Қызығушылығын ояту кезеңінің негізгі мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өзі білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі – мағынаны тану. Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Бұл кезеңде оқушылардың істі ұйымдастыра білу қабілеттері де көрінеді. Оқытушы тек кеңесші, бағыттаушы, серіктес рөлін атқарады. Ал топ белсенді түрде әрекет ете отырып, бірін-бірі қолдау, толықтыру арқылы сұхбат құруға үйренеді. Мәселен, қазақ әдебиеті пәнінен өтілген «Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт» тақырыбындағы сабақтың бұл кезеңінде оқушылар «Білгенім», «Білдім», «Үйренгім келеді» (ББҮ) кестесін толтыру нәтижесінде төрт топқа бөлінеді. Бұлай бөлу көлемді аңыздың соңына тез жетуге, оқығанды есте сақтауға, ойын білдіруге, ұмтылуға, өз ойына басшылық етуге үйретеді. Бірінші топ өзіне берілген үзіндінің мазмұнын айтса, екінші топ оның тәрбиелік маңызын түсіндіреді, яғни, төртке бөлініп, берілген аңыз осылайша төрт топта талқыланады. Интербелсенді оқыту әдісінің де негізгі көздейтін нәтижесі қауымдастық пен бәсекелестік арқылы шығармашылық өнім жинау болып табылады. Оқушының бойына дайын мәлімет емес, өзі ашқан жаңалығы терең сіңіріледі. Демек, интербелсенді оқыту әдісінде оқушыларға ролдік тапсырмалар беру әртүрлі жағдайда әсерді сезінуге жол ашады, әртүрлі білімдерді синтездеу кезінде шығармашылыққа бағытталады, топ мүддесін ойлауға үйренеді.

Тақырып туралы ой-толғаныс - бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сыни көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әртүрлі кестесін біліп

үйренеді. Бұл үйрену сатысы - ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әртүрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Интербелсенді әдіс те индивидтердің, топтың, жұптың өзара біріккен әрекет арқылы белсенді әрекет етуді көздейді. Сайып келгенде тіл дамыту арқылы оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр, жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Мәселен, қазақ тілі сабағында «Жұрнақ пен жалғау» тақырыбының ой толғаныс кезеңінде бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Яғни, айырмашылық сипатқа *Сөз тудырады, сөз бен сөзді байланыстырады* деген ерекшелік жазылса, ортақ ерекшелікке *Екеуі де қосымша* деп жазу арқылы оқушы салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді. Ой-толғаныс кезеңінде «Топтастыру» стратегиясының да маңызы зор. Уақытты үнемді пайдалануға бағытталған бұл стратегияда да оқушы бірлесіп әрекет жасайды. Мысалы, Абай тұлғасын топтастыруда *ақын, сазгер, ойшыл, философ, сөз зергері, қазақтың бас ақыны* деген күн бейнелес ықшам әрі тиімді мәлімет құрастырылады.

Ұжымдық оқыту кезінде көбінесе «Джиксо» әдісін қолдануға болады. Мұның мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. Мәселен, қазақ әдебиеті сабағында «Құлагер» поэмасын 4 логикалық бөлікке бөліп, бөлінген мәтінді 4 топқа беру керек. Ал төрт топ үзінді мазмұнын өз ішінде талқылап, сосын 1,2,3,4-ке санау арқылы басқа жұмыс тобын құрады. Яғни 1 санын айтқанда 1-топ болып, өз ішінде үйреніп келген бөліктердегі үзінді мазмұнын ортаға салып, жаңа топта толықтырады. Осылайша көлемді шығарма мазмұны тез әрі белсенді түрде түсіндіріледі.

Оқушыларды алған білімін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін әдіс – «Еркін жазу» әдісі. Мұғалім сабақ бойына қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керектігін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Бұл сатыда оқушыға қысқаша эссе жазуды тапсыруға болады. Жазуға уақыт беріледі. Уақыт аяқталған кезде оқушылар өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқуға болады.

Сонымен интербелсенді әдісті пайдалану сабақта:

- бір-бірінің пікірін тыңдауға, сыйлауға, құрметпен қарауға, ынтымақты қарым-қатынасқа негіз болады;
- өзін жеке-дара тұлға ретінде тануға жол ашады;
- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға жаттықтырады;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмасады;
- жаңалықты өзі іздеп табады;

- достарының ойын тыңдай отырып, қиындықты шешуге көмектеседі;
- белсенді шығармашылықпен ойлауға негіз қаланады;
- бос отырған оқушы болмайды;
- нақты мақсаттар қоюға жетелейді;
- психологиялық тұрғыдан бірлікке, бірлесіп қиындықты жеңуге жетелейді.

Қорыта айтқанда «Ел мен елді теңестіретін - білім» демекші, жаңашыл оқыту әдістері өзге дамыған мемлекеттердің білім деңгейімен теңесуге бірден-бір жол ашады. Әлемдік деңгейде білім алу оқыту әдістерін жаңалаумен ғана шектелмей, мектептерде жаңа пәндерді кіргізуге де қажеттілік тудырып отыр.

Қазіргі қоғам бізге жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ескі жүйені бұзу үшін оқытуды, жаңаша ұйымдастыруды міндеттейді. Осы орайда қазіргі демократиялық қоғамға белсенді араласу үшін өз пікірін белсенді, әрі еркін білдіру үшін, нақты мақсаттарға жету үшін интербелсенді әдісті өте тиімді әдістер қатарына жатқызар едім.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Дауыс пен көрініс. №1,2,3. – Алматы, 2006 ж.
2. Құдиярова Р. Оқытудың интерактивті әдісін қолдану арқылы сабақты жоспарлау және басқару. //«Мектеп». Шымкент, №4/31/, 2006 ж.



**СУХАНОВА АНАРА ӨТЕТІЛЕУҚЫЗЫ,**  
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің  
География пәні мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

## ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі: спиральді қағидатпен берілуі.

Спиралды құрылым білім мен дағдылардың сыныптан сыныпқа ілгерлемелі дамуын қамтамасыз етеді. Яғни білімнің қарапайым деңгейден күрделі деңгейге көшуі болып табылады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған.

Жаңартылған білім мазмұнында бағалаудың критериалдық жүйесі мұғалімге оқушының білімін, ептілігін және дағдысын анықтап қана қоймай, сонымен қатар оларды оқушының функционалдық сауаттылығымен байланыстырып қарауға мүмкіндік береді. Жаңартылған білім мазмұнындағы критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. География сабағындағы қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет.

Критериалды бағалау бойынша мысалы қалыптастырушы бағалауға тапсырма жасаған кезде оқу мақсаты сабақтың мақсатындағы етістікті Блум таксономиясының қай сатысы екенін анықтап алу қажет. Яғни, ойлау дағдыларының деңгейін сәйкестендіреміз. Оқу мақсаттарын ойлау дағдыларының деңгейімен және бағалау критерийлерімен сәйкестендіру маңызды рөл атқарады. Сабақты құрғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа аламыз.

География сабағында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда тиімді құралымыз Блум таксономиясы. Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдаудан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясының мақсаты-оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру.

География пәні бойынша берілетін тапсырма Блум таксономиясы бойынша сол ойлау деңгейінен асып кетпеуі шарт. Қолдану болса тапсырмада одан жоғарғы талдау, жинақтау, бағалау бойынша тапсырмалар берілмейді. Блум таксономиясы оқыту нәтижелерін



жазу үшін жиі қолданылады, ол дайын құрылыммен және етістіктер тізімімен қамтамасыз етеді. Етістіктерді дұрыс қолдану – оқыту нәтижелерін ойдағыдай жазып шығудың кілті. Бағалау критерийі де оқу мақсатымен тығыз байланысты. Бағалау критерийі дегеніміз — білім алушылардың оқу жетістік деңгейлері өлшенетін белгі, өлшем, негіздеме. Одан кейін тапсырма құрастырамыз. Бағалау критерийінен дескрипторлар беріледі, яғни критерийді кадам бойынша ашамыз. Дескриптор – оқушының жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалайтын тұжырым. Тапсырманы әр оқушы дескрипторларға қарай отырып, өз деңгейінде орындайтын болады. Тапсырманы орындау үшін берілетін уақытты нақты белгілеу. Жұмыстың аяқталу мерзімін тақтаға жазып қойған орынды. Дәл осы уақытта жұмыс тоқтатылып, қажет болса жиналып алынады.

Мұғалім тапсырманы қалай орындау керегін түсіндіреді, немесе тақтаға жазып қояды. Әр топқа немесе әр оқушыға таратып беруге де болады. Тапсырма бойынша не жасау керектігін 1 минут уақыт беріп топ ішінде талқылауға да болады.

Критерийлер мен дескрипторлар әр оқушыға немесе топқа таратылады. Интерактивті тақтаға шығарып қоюға да болады. Тапсырманы дұрыс түсінгендігін анықтау қажет.

Берілген тапсырманы топ немесе жұп құрамында орындау қажет. Оқушылардың бұл жұмысты таңдап алған рөлдер ауқымында жүзеге асырғандығы дұрыс. Мұнда топтағы өзара позитивті тәуелділікті тудыру үшін әр топтың спикерін көрші топтың таңдағаны орынды. Бұл спикерді топтың өзі тағайындаудан әлдеқайда тиімді болады, өйткені топ мүшелері топ намысын бермеу үшін барлық оқушылардың талқылауға белсенді қатысып, спикер болатындай дәрежеге шығуға тырысады.

Оқушылар өз жұмыстарын сыныпқа таныстыру, қорғау үшін қанша уақыт берілгенін айту керек. 1, 2, 3 минут. Жариялау барысындағы ең маңызды сұрақ: «Бір топ қорғағанда қалған оқушылар не істеп отырады?» Қалған оқушылар бекер отырмау үшін олар бір-біріне кері байланыс беруге дайындалып отырады. Ол үшін жариялаумен таныса отырып (тындап, қарап отырып), бір топ (немесе бір оқушы) сұрақтар қоюға дайындалса, екінші топ (немесе оқушы) «жұлдызшалар» беруге (таныстырылымның ұтымды жақтарына тоқталу), ал үшінші топ (немесе оқушы) таныстырылымды қалай жақсартуға болатындығы туралы ұсыныс жасауға дайындалады. Егер төртінші топ болса (немесе төртінші оқушы), онда оларға таныстырылымды қорытындылау тапсырмасы беріледі, яғни оқушылар мұның оларға жасаған әсері, көмегі, маңызы туралы өз ойларымен бөліседі. Осылайша оқушылар тек мұғалімге жауап бермей,

№01 (64) Қаңтар 2023 жыл 4 7 QAZAQ BILIM

өз таныстырылымдарын бүкіл сыныпқа бағыттайды. Қалған оқушылар да өздерінің жұмыстарымен әлек болмай, назарларын жарияланып жатқан жұмысқа (немесе айтылып жатқан жауапқа) аударады.

Жариялау немесе таныстырылым аяқталған соң оқушылар оның сапасы туралы өз ойларын ортаға салып, жағымды жақтарына тоқталады және оны жақсарту туралы ұсыныстар жасайды. Әрине, мұнда

кері байланыстың «сыншыл дос» ұғымы ауқымынан шықпағаны дұрыс. Сонымен бірге кері байланыс жауап берген оқушыларға пайдалы болып, оларды ынталандыруы және қанаттандыруы керек. Мұнда бұл оқушылардан кері байланысты қалай қабылдағандығы туралы сұраған орынды: кері байланысқа қайта кері байланыс жасату.

Мұғалім мен оқушылар арасында тиімді қарым-қатынас, өзара түсінушілік арқылы қалыптастырушы бағалауды сабақта қолданса, табыс критерийлерін оқушылармен бірлесе отырып құрса, оқушының да пәнге деген қызығушылығы артады. Қалыптастырушы бағалау сабақ үдерісінде үздіксіз жүргізіледі, бұл бағалау оқушы қатесін түзетуге мүмкіншілік беріледі. Сабақта мұғалім әрбір тапсырмадан кейін қалыптастырушы бағалауды кіріктіріп отырса, Джон Хэтти зерттеулеріне сәйкес оқушының оқуына әсер етуде жазбашаға қарағанда ауызша кері байланыс неғұрлым тиімдірек екені ескерілсе, оқыту нәтижелі болады. Оқушылар сабақ үдерісінде құрбыларын бағалауда бір-біріне құнды кері байланыс ұсына алады және бір-бірінен үйренеді, бір-бірін қолдайды.

Жаңартылған мазмұндағы білім беруде, оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру- мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. Қытайдың дана ойшылы Конфуций: «Ескіден қол үзіп, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады», - деген, сондықтан, қазіргі заман мұғалімі – рухани жағынан дамыған, педагогикалық әдіс-тәсілдердің барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман болуы керек.

Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін, сонымен қатар, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақты барынша тиімді жоспарлауы қажет.

Сабақта жеке, жұптық, топтық немесе бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді болады.

География пәні көбіне ауызша жауаптары талап ететін болғандықтан жұптық, топтық, жеке жұмыстар арқылы табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын сабақ барысында зерделеуге, зерттеуге жұмысын жүргізуге, болжамдар жасауға, өз пікірін дәлелдеуге, гипотеза ұсынуына, тіпті өзіндік кішігірім жаңалық ашуына мүмкіндіктер береді. География ғылымы-өте қызықты да күрделі ғылым.

Жаңартылған білім мазмұнын география пәнінде жүзеге асыру үшін мұғалімнен үлкен шеберлікті, оған қоса ғылым мен техника жаңалықтарын, яғни жаңа педагогикалық технологияларды әр сабағында тиімді қолдануды талап етеді.

XXI ғасыр- ақпараттық технология ғасыры. Қоғамды ізгілендіру, оның білім мен мәдениет жүйесін дамыту процесінде ақпараттық технологиялар маңызды рөл атқарады. География пәні үшін басқа пәндермен салыстырғанда, картамен жұмысты талап етеді, сондықтан оқушылардың материктер мен дүние бөліктеріндегі және аралдардағы елдер мен халықтар жайында деректерді жинау, оларды сараптау, салыстыру, маңыздылығын бағалау басқа пәндермен байланыстыру оқушы үшін ерекше қызық. Мысалы: материктің қалыптасуын, дамуын және қазіргі табиғат

жағдайындағы ұқсастықтарын, солтүстік және оңтүстік жарты шар материктерін бейне материалдан көрсету оушының білімін кеңейтеді және пән туралы ұғымын қалыптастырады. Оқушылар оқулықпен жұмыс істеу барысында географиялық әдебиеттер мен карталар, сызбалар, суреттер, интернет ақпараттарын пайдалану арқылы бір-бірімен білім алмасып бір-бірінің оқуының ілгерлеуіне ықпал етеді.

Педагог-жазушы Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» дегендей, сабақты өткізуде белсенді оқыту түрлерін қолдану арқылы оқушы уәжін арттыруды; мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланыс орнатуды; оқу жетістігін критериалды жүйе арқылы бағалауды да ескеруі қажет. Нәтижесінде білім алушылар өзара ынтымақтастықта жұппен, топпен жұмыс істеуге; өз ойларын еркін жеткізуге; өзін-өзі және серіктестерін бағалауды жүзеге асыруға; бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, қорғауға; оқытудың белсенді

әдістерінің пән мазмұнына еніп, алынған білімнің негізінде еркін бағдарлай білуге дағдыланады.

Қорыта келе айтарым, жаңартылған мазмұндағы білім беруде, оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру- мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. География сабақтарында оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолданудың оқушы біліктілігін арттыру үшін маңызы зор.

Әйгілі зерттеуші Л. С. Выготский: «Дәстүрлі оқыту – бала дамуына тек қондырғы болып, дамуға стихиялы әсер етсе, яғни «дамудың соңында жүрсе», жаңаша оқыту – «дамытуды өзімен бірге ала жүреді», - деген болатын. Сондықтан тек дәстүрлі оқытумен шектелмей, мұғалім әрқашан ізденісте болып, өзіне және шәкірттеріне тиімді жақтарын қарастырып отыруы тиіс деп ойлаймын.



Журнал редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
«Рухани жаңғыру» баспа орталығында басылды.  
Пішімі 17,5x24,5 көлемі 11баспа табақ. Офсеттік басылым  
Таралымы 1000 дана  
Тапсырыс №435  
Бағасы келісімді.  
Қаріп түрі «Таймс». Қағазы офсеттік